



04

ШУДЫҢ ЖАҢА ТЫНЫСЫ:
ИНВЕСТИЦИЯ, ЭКОНОМИКА
ЖӘНЕ МҮМКІНДІК



07

«ЖАС ШЕКТЕУ ЕМЕС»:
SOILE AI-ДЫ ЖАСАҒАН МЕКТЕП
ОҚУШЫСЫНЫҢ АРМАНЫ



БІР ҒАСЫР ТАРИХЫ БАР ҰЛТ БАСЫЛЫМДАРЫНЫҢ АТАСЫ

www.qazaq1913.com



QAZAQ



7 10497 93368 1

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ / № 28 (1340), 15.07.2026

+7 (701) 505 48 48

+7 (777) 797 77 88

qazaq1913gazeti@gmail.com

qazaq1913_

qazaq gazeti

qazaq1913

1913–1918 жылдары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы ыждағатымен газеттің Орынборда 266 саны шығып, большевизм теперішімен жабылды. 2006 жылы 22 наурызда Қоғабай Сәрсекеев Алматыда 267–ші санынан қайта жаңғыртты

→
05

ТАПТАУРЫН ТҮСІНІКТІ ӨЗГЕРТКЕН ПАРАСПОРТШЫ



ФОТО: ВЛАСТ.KZ

НЕГІЗГІ ЗАҢ: ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚАЛАЙ КҮШЕЙТЕДІ? → 08

ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ БАСТАУЫ — ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

→
03



КОЛЛАЖ: АЙНҰР ҚАЙРАТБЕКҚЫЗЫ

Кез келген өркениетті қоғамның даму деңгейі мен тұрақтылығы тек оның экономикалық қуатымен емес, ең алдымен, азаматтарының заңға деген құрметімен өлшенеді. Бүгінгі цифрлық және құқықтық мемлекет құру кезеңінде әрбір адамның өз құқықтары мен міндеттерін білуі – жай ғана қажеттілік емес, қауіпсіз тұрмыстың басты кепілі. Алайда, заң үстемдік ететін орта қалыптастыру үшін мемлекеттік тетіктер ғана жеткіліксіз. Ол үшін әрбір

азаматтың бойында жоғары құқықтық мәдениет болуы шарт. Ал, кез келген мәдениеттің іргетасы, сөзсіз, қарапайым құқықтық сауаттылықтан бастау алады. Құқықтық сауатсыздық қоғамды қандай тығырыққа тірейді? Әр адам өз құқығын қорғауды қалай үйренуі керек? Бұл мақаламызда осы өзекті сауалдар төңірегінде ой өрбітіп, еліміздегі құқықтық сананың деңгейін талдап көрмекпіз.

ДІН МЕН ТАТУЛЫҚ НЕМЕСЕ ҰЛТАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ МЕН ДІНАРАЛЫҚ СЫЙЛАСТЫҚ → 10

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП:

→
09

ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢА БЕТБҰРЫС

3 аң үстемдігі – әділетті қоғамның берік тұғыры. Азаматтың өмірі мен құқығы қорғалған, қоғамдық тәртіп орныққан мемлекет қана тұрақты дамудың даңғыл жолына түседі. Сондықтан, бүгінгі Қазақстан үшін қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету құқық қорғау органдарының ғана

емес, тұтас мемлекеттік саясаттың стратегиялық басымдығына айналды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынған «Заң мен тәртіп» қағидаты осы бағыттағы жүйелі реформалардың өзегіне айналып, құқық қорғау саласының жұмысын жаңа мазмұнмен толықтырды.

БІР ҒАСЫР ТАРИХЫ БАР ҰЛТ БАСЫЛЫМДАРЫНЫҢ АТАСЫ –

QAZAQ

ГАЗЕТИНЕ ЖАЗЫЛУ ЖЫЛ БОЙЫ ТОҚТАМАЙДЫ

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Енді «Qazaq» газетіне жазылу үшін бұрынғыдай кезектен көз ашпайтын «Қазпошта» бөлімшесіне барып, уақыт жоғалтпайсыз. Сіз ол үшін газеттің Kaspi Gold [4400 4303 8300 8213] картасына қажетті ақшаны [5 айға – 3 370 теңге] аударсаңыз, аударған қаржыны растайтын түбіртек көшірмесін және аты-жөніңізді, ЖСН нөміріңізді, тұрғылықты мекенжайыңызды редакцияның WhatsApp [+7 777 797 77 88] нөміріне жіберсеңіз жеткілікті. Содан кейін редакция қызметкері «Қазпошта» бөлімшесіне барып, аударған ақшаңызға Сізді газетке жаздыртады. Түбіртек жібереді.

ЖАЗЫЛУ
«ҚАЗПОШТА» АҚ-НЫҢ
БАРЛЫҚ
БӨЛІМШЕЛЕРІ
АРҚЫЛЫ ЖҮРГІЗІЛЕДІ

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

жеке жазылушылар үшін

64048

мекемелер мен ұйымдар үшін

14048

ҚАЛАЛЫҚТАРҒА:
жеке жазылушылар үшін \ 64048

5 айға - 3 370 теңге

АУЫЛДЫҚТАРҒА:
мекемелер мен ұйымдар үшін \ 14048

5 айға - 4 440 теңге

ҚАЛАЛЫҚТАРҒА:
мекемелер мен ұйымдар үшін \ 14048

5 айға - 5 500 теңге

ФОТО: МАКСИМ ЗОЛОТУХИН

КОЛЛАЖ: АЙНҰР ҚАЙРАТБЕКҚЫЗЫ

ҚҰРЫЛТАЙ | 23 тамыз

САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНДЕ МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАРҒА ЖАҒДАЙ ЖАСАЛАДЫ

Орталық сайлау комиссиясының отырысында мүгедектігі бар адамдардың сайлау құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері талқыланды. Комиссия мүшесі Ләззат Сүйіндік мүгедектігі бар сайлаушылардың сайлауға қатысуға қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында дауыс беруге арналған үй-жайларды толыққанды жабдықтаудың маңыздылығын атап өтті.

– Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы мүгедектігі бар азаматтардың сайлау құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асырып келеді. 2021 жылдан бастап Орталық сайлау комиссиясы отырыстарының тікелей көрсетілімдері, сондай-ақ барлық ақпараттық бейнематериалдар ымдау тіліне аударумен сүйемелденеді. 2022 жылдан бері дауыс беру бюллетеньдеріне арналған Брайль қарпімен трафареттер дайындалып келеді. Барлық сайлау учаскелері дауыс беру бюллетенін толтыру тәртібі бойынша аудионұсқаулықтармен қамтамасыз етіледі. 2025 жылдан бастап «Шырақ» мүгедек әйелдер ассоциациясы» қоғамдық бірлестігі және Астанадағы ЕҚЫҰ Бағдарламалар офисінің қолдауымен барлық сайлау комиссияларының мүшелеріне арналған мүгедектігі бар адамдардың құқықтары мен қажеттіліктері жөніндегі бейнеоқыту курсы әзірленіп, қолданылып келеді. Жергілікті атқарушы органдар инватакси қызметін көрсетуді қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, жергілікті атқарушы органдарға сайлау инфрақұрылымының қолжетімділігін тексеру жұмыстарына мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық бірлестіктерінің өкілдерін белсенді түрде тартуды ұсынамыз, – деп атап өтті Ләззат Сүйіндік.

АҚТӨБЕДЕ 525 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Сайлау комиссиясының құрамында 3 557 мүше бар. Олар 3 тамыздан бастап жұмысқа кіріседі. Ақтөбе облысында сайлауға дайындық басталды. Өңірде 14 аумақтық және 525 учаскелік сайлау комиссиясы жұмыс істейді.

– Аумақтық сайлау комиссиясында 98, учаскелік сайлау комиссиясында 3 459 адам жұмыс істейді. Сайлау заңнамасына сәйкес аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының орналасқан жері, құрамы, жұмыс кестесі және сайлау учаскелерінің шекаралары туралы ақпарат БАҚ-та жарияланып жатыр. Сайлаушылардың тізімін жергілікті атқарушы орган жасайды. Учаскелік сайлау комиссиялары 3 тамыздан бастап жұмысқа кіріседі, – деп хабарлады Ақтөбе облыстық аумақтық сайлау комиссиясы.

Ал, Қызылорда облысында 9 жаңа учаске ашылады. Мұнда 500 мыңнан астам сайлаушы тіркелген. Батыс Қазақстан облысының аумақтық сайлау комиссиясынан мәлім еткеніндей, құрамында 3 224 комиссия мүшесі бар 14 аумақтық (98 адам) және 488 учаскелік сайлау комиссиясы (3 126 адам) өз қызметін атқарады. Сонымен қатар, сайлаушылар тізіміне 23 тамызға дейін 18 жасқа толатын 1 934 жас сайлаушы қосылады. Бұл жұмыс 30 шілдеге дейін жүргізілетін болады.

ОСК САЙЛАУ АЛДЫНДА САУАЛНАМА ЖҮРГІЗЕТІН 5 ҰЙЫМДЫ АТАДЫ

Орталық сайлау комиссиясына сайлауға байланысты қоғамдық пікірге сауал жүргізу туралы 5 заңды тұлғадан хабарлама келіп түсті.

Олар:

- «Еуразиялық интеграция институты» ЖШС – жаппай сауалнама, фокус-топтық пікірталас, сараптамалық сауалнама, жедел сауалнама және exit poll әдістерін қолданады;
- «DATAMETRICS» ЖШС – face-to-face сұхбат жүргізеді;
- «Қоғамдық саясат институты» жеке меншік мекемесі – бетпөбет сұхбат, телефон арқылы сауалнама, интернет-сауалнама және exit poll әдістерін пайдаланады;
- «Институт комплексных социальных исследований – Астана» жеке қоры – дауыс беру орындарынан тыс сауалнама, үздіксіз ағын әдісімен exit poll, жеке сұхбат және онлайн сауалнама жүргізеді;
- «Қазақстандық қоғамдық даму институты» КЕАҚ – face-to-face сұхбат, телефон арқылы сауалнама және exit poll өткізеді.

Заңға сәйкес, бұқаралық ақпарат құралдары мен онлайн-платформалар сауалнама нәтижелерін жариялаған кезде зерттеу жүргізген ұйымды, тапсырыс берушіні, сауалнама уақытын, ақпарат жинау әдісін, сұрақтың нақты тұжырымын, қатысушылар санын және қателік коэффициентін көрсетуге міндетті.

«ӘДІЛЕТ» ПАРТИЯСЫ ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫНА ҚАТЫСАТЫН 186 КАНДИДАТТЫ БЕКІТТІ

Астанада «Әділет» партиясының кезектен тыс ІІІ съезі өтті. Жиында партияның сайлауалды бағдарламасы қабылданып, Құрылтай депутаттығына ұсынылатын 186 кандидаттың тізімі бекітілді.

– «Әділет» партиясы жаңа Конституциядағы құндылықтар мен ұстанымдарды қоғамдық саясатқа, жасампаз реформаларға және әр азаматқа сезілетін нақты нәтижелерге айналдыруды тарихи миссиясы деп есептейді. «Әділет» партиясы жаңа Конституция құндылықтарын іске асыруда және жаңа конституциялық дәуірде Қазақстанның өркендеп дамуын қамтамасыз етуде көшбасшы саяси күштердің бірі болатынына сенімдіміз, – деді «Әділет» партиясының төрағасы Айбек Дәдебай.

Оның сөзінше, партияның бүгінгі съезді (10 шілдені айтады, – ред.) – осы миссияны іске асырудағы маңызды оқиға.

– Мұндай қабылданған шешімдер бір ғана партияның алдағы бес жылдағы бағытын айқындап қоймайды, олар еліміздің жаңа дәуірдегі саяси бағыт-бағдарын, тұжырымдамалық мақсат-мұратын, мемлекет пен қоғамның үйлесімді даму жолын айқындайтын ортақ ұстанымды білдіреді. Жаңа ғана толықтырылып, жаңғыртылған «Әділет» партиясының жарғысы, қабылданған сайлауалды бағдарламасы, бекітілген партиялық тізім, осында айтылған ой-тұжырымдар мен ұсыныс-тілектер халқымыздың сенімінен шығатын нақты іске айналуы тиіс, – деді 46 жастағы Айбек Арқабайұлы.

ҚҰРЫЛТАЙ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫНА 34,3 МЛРД ТЕҢГЕ БӨЛІНДІ

Бұл туралы Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Михаил Бортник мәлім етті. Оның айтуынша, республикалық бюджет былтыр бекітілген кезде Құрылтай депутаттарының сайлауын өткізу жоспарланбаған. Осыған байланысты қажетті қаржы Үкімет резервінен бөлінген.

– Сайлау бюджеті аумақтық сайлау комиссияларының өтінімдері негізінде және сайлау туралы заңнаманың талаптарына сәйкес қалыптастырылды. Онда сайлау процесін толық ұйымдастыруға қажетті барлық шығыс ескерілген, – деді Михаил Бортник.

ОСК мүшесінің мәліметінше, қаржының ең қомақты бөлігі – 8,5 млрд теңге – ел бойынша жұмыс істейтін 70 мыңнан астам сайлау комиссиясы мүшесінің еңбекақысын төлеуге бағытталады. Быыл ел бойынша 10 674 сайлау учаскесі жұмыс істейді. Бөлінген қаражат есебінен 47 жаңа сайлау учаскесі ашылады. Бұдан бөлек, сайлау бюллетеньдері, плакаттар, ақпараттық стендтер мен әдістемелік материалдар дайындалып, сайлау комиссиялары қажетті материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз етіледі.

Шетелдегі дауыс беруді ұйымдастыруға да жеке қаржы қарастырылған.

– Осы мақсатқа Сыртқы істер министрлігіне 124,5 млн теңге бөлінген. Бұл қаражат Қазақстанның шетелдегі 30 сайлау учаскесінің жұмысын ұйымдастыруға және сайлау бюллетеньдерін жеткізуге жұмсалады, – деді комиссия мүшесі.

Айта кетейік, бұған дейін Құрылтай депутаттарын сайлау науқанында БАҚ пен онлайн-платформаларға қойылатын талаптар жарияланған еді.

АТЫРАУДА ҚҰРЫЛТАЙ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУЫНА ОРАЙ ЕКІ ЖАҢА УЧАСКЕ ҚҰРЫЛДЫ

Атырау облысында 23 тамызға белгіленген Қазақстан Республикасы Құрылтай депутаттарының сайлауына дайындық аясында вахталық әдіспен жұмыс істейтін кәсіпорындарда екі жаңа сайлау учаскесі құрылды.

Қазіргі уақытта дайындық жұмыстары ҚР Орталық сайлау комиссиясы бекіткен күнтізбелік жоспарға сәйкес жүргізіліп жатыр.

Атырау облыстық аумақтық сайлау комиссиясының мәліметінше, сайлауды өңірде құрамында 2 101 адам бар 9 аумақтық және 278 учаскелік сайлау комиссиясы ұйымдастырады. Сайлау туралы Конституциялық заңның «Сайлау учаскелерін құру» туралы 23-бабына енгізілген өзгерістерге сәйкес, енді сайлау учаскелерін үздіксіз жұмыс істейтін және вахталық әдіспен еңбек ететін кәсіпорындарда құруға мүмкіндік берілген.

– Осыған байланысты Атырау қаласында және Жылыой ауданында екі жаңа сайлау учаскесі ашылды. Оның бірі – НСОС компаниясының «Болашақ» мұнай мен газды кешенді дайындау зауытында, екіншісі – Прорва кен орнындағы «Каспий самалы» вахталық қалашығында орналасқан, – деді Атырау облыстық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Әсия Қыстаубаева.

Қазіргі кезде жергілікті атқарушы органдар сайлаушылар тізімін нақтылап жатыр.

БАҚ ПЕН ОНЛАЙН-ПЛАТФОРМАЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР ЖАРИЯЛАНДЫ

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі 2026 жылғы 23 тамызда өтетін Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының сайлауы кезіндегі бұқаралық ақпарат құралдары мен онлайн-платформаларды пайдаланушыларға сақталуға тиіс заң талаптарын еске салды.

Министрліктің мәліметінше, партиялық тізімдерді ұсыну 2026 жылғы 13 шілде сағат 18:00-ге дейін, ал оларды тіркеу 23 шілде сағат 18:00-ге дейін жалғасады. Сайлауалды үгіт-насихат жұмыстары тіркеу кезеңі аяқталғаннан кейін, яғни 23 шілде сағат 18:00-ден соң басталады.

Заң талаптарына сәйкес, барлық бұқаралық ақпарат құралдары саяси партиялардың партиялық тізімдерін ұсынуы мен оларды тіркеу туралы ақпаратты тең көлемде жариялауға міндетті. Бұл талап сақталмаған жағдайда әкімшілік жауапкершілік қарастырылған.

Сондай-ақ, БАҚ пен онлайн-платформалар тіркелген кандидаттар мен партияларға үгіт материалдарын тек шарт негізінде орналастыра алады. Бұл талап саяси партиялар мен кандидаттардың өздерінің ресми интернет-ресурстары мен әлеуметтік желідегі парақшаларына қолданылмайды.

ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫНДА 7 ПАРТИЯДАН 546 КАНДИДАТ БАҚ СЫНАЙДЫ

Құрылтай депутаттығына кандидаттарды ұсыну аяқталды. Орталық сайлау комиссиясына 7 саяси партиядан барлығы 546 кандидаттың құжаттары тапсырылды. Құрылтай депутаттығына кандидаттарды ұсыну 2026 жылғы 13 шілде сағат 18:00-де аяқталды. Бұл туралы Орталық сайлау комиссиясының хатшысы Шавхат Өтемісов мәлімдеді.

ОСК-ға жеті саяси партияның партиялық тізімдері ұсынылған. Атап айтқанда:

- «Ақ жол» демократиялық партиясы – 63 кандидат;
- «Ауыл» партиясы – 69 кандидат;
- «Әділет» саяси партиясы – 186 кандидат;
- «Байтақ» жасылдар партиясы – 47 кандидат;
- Қазақстан халық партиясы – 72 кандидат;
- Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы – 33 кандидат;
- Республика партиясы – 76 кандидат.

– Қазір барлық партия ұсынған құжаттар кандидаттардың Конституция мен «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңда белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру үшін уәкілетті мемлекеттік органдарға жіберілді. Саяси партиялар ұсынған партиялық тізімдерді тіркеу 2026 жылғы 23 шілде сағат 18:00-де аяқталады, – деді Шавхат Әнесұлы.

НҰРЛАН ӘБДІРОВ ВИНСЕНТ ПИКЕТ БАСТАҒАН ДЕЛЕГАЦИЯМЕН КЕЗДЕСТІ

Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров ЕҚЫҰ Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюросы (ДИАҚБ) миссиясының басшысы Винсент Пикет бастаған делегациямен кездесті. Кездесуде Қазақстанда алғаш рет өтетін Құрылтай депутаттарының сайлауына дайындық барысы таныстырылды.

Нұрлан Мәжитұлының айтуынша, миссия мүшелеріне конституциялық реформаның негізгі жаңалықтары, Құрылтайды қалыптастырудың жаңа үлгісі, жаңартылған сайлау заңнамасы және сайлау науқанының қазіргі кезеңі туралы ақпарат берілді.

– 2026 жылғы 15 наурызда өткен республикалық референдумда Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданып, заң шығарушы биліктің жаңа моделі бекітілді. Конституциялық реформаға сәйкес Қазақстан екі палаталы Парламенттен пропорционалды өкілдік жүйесіне негізделген бір палаталы Құрылтайға көшті. Ал, реформаны іске асыруға арналған барлық нормативтік құқықтық актілер биылғы 1 шілдеден бастап күшіне енді, – деді Нұрлан Әбдіров.

Кездесуде сайлауды ұйымдастыру, сайлау комиссияларының жұмысын үйлестіру, олардың мүшелерін даярлау, сайлау процесінің ашықтығын қамтамасыз ету, сайлаушыларды ақпараттандыру, сондай-ақ қоғамдық



және халықаралық байқаушылардың қатысуына қатысты мәселелер талқыланды.

Нұрлан Мәжитұлы Орталық сайлау комиссиясы халықаралық байқаушылардың өз міндетін Қазақстан заңнамасы мен халықаралық міндеттемелерге сәйкес атқаруына барлық қажетті жағдай жасайтынын айтты. Сонымен қатар, ЕҚЫҰ ДИАҚБ ұсынымдары сайлау жүйесін одан әрі жетілдіру барысында ескерілетінін жеткізді.

Өз кезегінде Винсент Пикет Қазақстанның ЕҚЫҰ кеңістігіндегі маңызды әрі беделді серіктестердің бірі екенін атап өтті.

– Қазақстанда алғаш рет өтетін Құрылтай депутаттарының сайлауын байқауға шақырғандарыңыз үшін алғыссымызды білдіреміз. Қазақстан қазір институционалдық және заңнамалық жаңғырудың маңызды кезеңінен өтіп жатыр. Сондықтан, бұл сайлауды бақылау біздің миссия үшін ерекше маңызды. Біз Қазақстанмен қалыптасқан серіктестікті және Орталық сайлау комиссиясымен орныққан ашық әрі сындарлы диалогты жоғары бағалаймыз, – деді Винсент Пикет.

Кездесу қорытындысында Орталық сайлау комиссиясы Құрылтай депутаттарының сайлауы Қазақстан заңнамасына сәйкес өткізілетінін және сайлау процесіне қатысушылардың барлығына тең жағдай жасалатынын мәлімдеді.



Жандар АСАН,
ҚР Президенті жанындағы
Орталық коммуникациялар қызметінің
бас сарапшысы, саяси шолушы

■ ЗАҢ МЕН СОТ АЛДЫНДА БӘРІ ТЕҢ

Жаңа Конституцияда құқықтық мемлекеттің негізгі қағидаттарының бірі – баршаның заң мен сот алдындағы теңдігін және кемсітушілікке тыйым салуды нақты айқындайды. Бұл дегеніміз – әрбір адам тегіне, әлеуметтік жағдайына, жынысына, ұлтына, тіліне, дініне немесе өзге де жағдаяттарға қарамастан тең құқықтарға ие болады. Түсінікті тілмен тәпсірлегенде, әрбір отандасымыз заң алдында тең жауаптылықта болады және мемлекет тарапынан тең қорғалуға құқылы.

Жаңа Ата Заң адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау тетіктерін күшейте отырып, жеке бостандық пен әділ қылмыстық сот ісін жүргізудің негізгі кепілдіктерін конституциялық деңгейде бекітеді.

Адам құқықтары мен бостандықтары – әркімге туылғанынан тиесілі ажырамас әрі иеліктен шығарылмайтын құндылықтар. Бұл құқықтар тұлғаның қадір-қасиеті мен бостандығын қорғауды көздейді және азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарды қамтиды.

Жаңа Конституцияның тағы бір ерекшелігі – әр адамға жеке бас бостандығы мен жеке басына қол сұғылмау құқығына кепілдік беріледі, сот шешімінсіз адамды заңда көзделген мерзімнен артық ұстауға болмайды. Қүзетпен ұстауға сот шешімімен ғана рұқсат етіледі және оған шағым жасау құқығы беріледі. Енгізілген тағы бір жаңашылдықтың бірі – әр адамға ұсталған сәтте бостандығын шектеу негіздері және оның құқықтары түсіндіріледі. Сонымен қатар, ұсталған адамның, күдіктінің, айыпталушының тиісінше ұсталған, күдікті ретінде танылған немесе айып тағылған сәттен бастап адвокат көмегін пайдалануға құқығы бар.

Заң саласының сарапшыларының айтуынша, жеке бас бостандығы мен қолсұғылмаушылық құқығы адамның ажырамас құқықтарының қатарына жатады. Ол адамды негізсіз қамаудан, ұстаудан және оқшауланудың кез келген нысандарынан қорғауды білдіреді. Жеке бас бостандығы, ең алдымен, негізсіз бас бостандығынан айырудан қорғауды көздейді. Бұл құқықты шектеуге тек заңда тікелей көзделген жағдайларда және тәртіппен ғана жол беріледі.

Бұдан былай қамауда ұстауға тек соттың шешімі бойынша және шағымдану құқығын беру арқылы жол берілетін болады. Ешбір орган немесе лауазымды адам қамауға алуды яки қамауда ұстауды өз бетінше санкциялауға құқылы емес.

Ата Заң адам ұсталған сәттен бастап органдардың әрекеттеріне қойылатын талаптарды нақтылау арқылы жеке бас бостандықты қорғауды күшейтеді. Сот бақылауын сақтаумен қатар, бостандықты шектеудің негіздерін және адамның құқықтарын түсіндіру жөніндегі конституциялық міндет енгізіледі. Бұл Конституция деңгейінде Миранда ережесі элементтерін бекітуге және ұсталған сәттен бастап адвокатқа қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Осы орайда Миранда ережесіне тоқталып өтейік. Miranda warning ережесі – бұл құқық қорғау органдарына ұсталған адамға оның құқықтарын міндетті түрде түсіндіру талабы. Нақтырақ айтқанда, үнсіз қалу құқығы, адвокатқа ие болу құқығы және айтылған сөздердің сотта өзіне қарсы пайдаланылуы мүмкін екенін білу құқығы.

Халықаралық тәжірибе мұндай кепілдіктердің қажеттілігін растайды. Мәселен, Түркия Конституциясының «Жеке бас бостандығы және қауіпсіздігі» бөлімінде ұсталған адамды ұстаудың негіздері мен тағылған айыптар туралы дереу хабардар ету міндеті бекітілген. Ал, Испания Конституциясына сәйкес әрбір ұсталған адам өз құқықтары туралы және ұсталу себептері жөнінде дереу әрі түсінікті түрде хабардар етілуге тиіс, айғақ беруге мәжбүрленбеуге құқылы және ұсталған сәттен бастап адвокат көмегіне кепілдік берілген құқыққа ие.

Жаңа Конституция кінәсіздік презумпциясын және «үнсіз қалу құқығын» негізгі конституциялық құқықтар деңгейіне көтереді. Сондай-ақ өзіне және жақын туыстарына қарсы айғақ бермеу құқығы, бір құқық бұзушылық үшін қайтадан жауапкершілікке тартуға тыйым салу бекітілді. Бұл жеке тұлғаны қорғаудың тұтас кепілдіктер жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

■ АЗАМАТТАРДЫҢ ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРІ
КОНСТИТУЦИЯ ДЕҢГЕЙИНДЕ ҚОРҒАЛАДЫ

Технологиялардың қарыштап дамуы өмірімізді жеңілдеткенімен, ақпараттық қауіпсіздікке төнетін қатерлерді де еселеп арттырды. Соңғы уақытта Қазақстан азаматтарының жеке мәліметтері, телефон нөмірлері мен банктік деректерінің жаппай желіге тарап кету оқиғалары жиілеп кеткені жасырын емес. Ірі компаниялар мен мемлекеттік базалардың кибершабуылға ұшырауы тек виртуалды әлемнің мәселесі емес, еліміздің әрбір тұрғынының қаржылық қауіпсіздігі мен жеке өміріне тікелей нұқсан келтіретін нақты қауіпке айналды. Қоғамды цифрландыру жағдайында дербес деректерді қорғау қажеттілігі алғаш рет конституциялық деңгейде бекітілді.


Қазіргі күнде азаматтардың дербес деректері, атап айтқанда есімдері, мекенжайлары, медициналық ақпарат, биометриялық деректері цифрлық технологиялардың көмегімен үлкен көлемде өңделеді, сақталады және беріледі. Бұл ақпараттың таралуы, заңсыз жинау және пайдалану, сондай-ақ алаяқтық тәуекелдерін тудырады.

Елімізде дербес деректерді қорғайтын және оларды заңсыз тарақаны үшін жауапкершілік белгілейтін заңдар бар. Мәселен, «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы заңының 11-бабы меншік иелеріне, операторларға және үшінші тұлғаларға шектеулі қолжетімді дербес деректердің құпиялылығын қамтамасыз ету және оларды дерек субъектісінің



ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ БАСТАУЫ — ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

← 01-беттен



келісімсіз не заңды негіздерсіз таратпау міндетін жүктейді. Биометриялық деректердің құпиялылығы да жеке түрде бекітілген. Сонымен қатар, Қылмыстық кодекстің 148-бабының 1-бөліміне сәйкес, жеке өмірдің құпиялылығын заңсыз бұзу екі жылға дейінгі бас бостандығынан айыруға дейінгі қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Осы ретте айта кету керек, елімізде Цифрлық кодекстің қабылдануымен дербес деректерді қорғау күшейтілді және алғаш рет цифрлық ортада азаматтардың құқықтары көшенді түрде бекітілді. Оның ішінде деректерді жою, анонимдеу және өңдеуді шектеу құқығы қамтылған. Бұдан бөлек, кодексте биометрияны пайдалану мәселелері қарастырылған. Мысалы, 48-бапқа сәйкес цифрлық аутентификация үшін қолданылатын биометриялық деректер дербес деректер болып саналып, «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес қорғалуға жатады. Мамандардың пайымдауынша, осы нормаларды Конституция деңгейінде бекіту азаматтарды қорғауды күшейтеді және цифрландыру жағдайында оны тұрақты етеді. Адам өзінің жеке ақпаратын келісімсіз және бақылаусыз еркін пайдалана алмайтынына сенімді болады. Мұндай жаңашылдық азаматтардың цифрлық мемлекеттік қызметтерге және жаңа технологияларға деген сенімін арттыруға септеседі.

Жаңа ережеге сәйкес, адамның есепшоттары, салымдары, операциялары туралы ақпарат құпия болып саналады және оны заңда қатаң белгіленген жағдайларда ғана жариялауға болады. Бұл қағида хат-хабар, телефон әңгімелері мен электрондық хабарламаларға да қатысты. Ешкім заңды негізсіз адамның коммуникациясына араласа алмайды. Заңсыз тыңдау, хабарламаларды ұстап алу немесе банктік құпияны жариялау жауапкершілікке әкеп соғады.

Әлемнің бірқатар елінде дербес деректерді қорғау Конституция деңгейінде бекітілген. Атап айтқанда, Испания Конституциясында ақпараттық технологияларды қолдануды ар-намыс пен жеке және отбасылық өмірдің қолсұғылмаушылығын қорғау мақсатында шектейтінін қарастырады. Өзбекстан Конституциясында «әркім өзінің дербес деректерін қорғауға және дұрыс емес деректерді түзетуге, заңсыз жиналған немесе құқықтық негізі қалмаған деректерді жоюға құқылы».

Аргентина, Колумбия, Бразилия, Венесуэла сынды Латын Америкасы елдерінде дербес деректерді қорғау habeas data принципі арқылы Конституцияларында бекітілген, яғни азаматтар өз деректеріне қол жеткізу, түзету және жою құқығына ие.

Жеке деректерді қорғау – бұл адамның іргелі әрі негізгі құқығы. Конституцияда бекітілген осы негізді іске асыру мақсатында елімізде «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» арнайы Заң қабылданып, жұмыс істеп тұр. Осы құжатқа сәйкес, азаматтың жеке деректері немесе қаржылық ақпараты оның жеке меншігі ретінде бекітіледі. Оны заңсыз жинау, өңдеу немесе үшінші тұлғаларға беру – тікелей Ата Заңды бұзумен тең.

Жеке деректердің қорғалуы тек мемлекет пен цифрлық платформалардың ғана міндеті емес.

Бұл – әрбір азаматтың құқықтық сауаттылығына тікелей байланысты мәселе.

Ата Заң бізге құқық бергенімен, оны күнделікті өмірде қолдана білу – өз қолымызда. Түрлі күмәнді ұтыстарға қатысу үшін жеке куәліктегі сәйкестендіру нөмірін жазу, телефон нөмірі мен туған күнді оңды-солды қалдыру, фишингтік сілтемелерге өту – конституциялық құқығымызды өз қолымызбен шектеумен тең. Қорытындылай келе, дербес деректерді қорғау мәселесінде еліміздің құқықтық базасы жеткілікті деңгейде қалыптасқан.

Басты мақсат – Конституция кепілдік берген осы құқықтың іс жүзінде мінсіз орындалуын қамтамасыз ету, цифрлық гигиена мәдениетін қалыптастыру және заң бұзушылардың жазасыз қалмауын қадағалау. Жеке деректер – бұл жай ғана ақпарат емес, түсіне білгенге, бұл – адамның цифрлық әлемдегі бостандығы мен қауіпсіздігі.

■ БҰЛЫҢҒЫР ЗАМАНДА ЗАҢ МЕН
ТӘРТІП ҮСТЕМДІК ҚҰРУЫ ТИІС

Соңғы жылдары Қазақстанның құқықтық бейнесі түбегейлі өзгеріс үстінде. Бүгіндері заң үстемдігі мен әділеттілік қағидаты мемлекеттік саясаттың негізгі өзегіне айналды. Алайда, кез келген демократиялық қоғамның тұрақтылығы тек мінсіз жазылған заңдарға емес, әрбір азаматтың құқық пен жауапкершілікті қатар сезінуіне тікелей байланысты. «Адам және заң» ұғымы – бұл мемлекет пен жеке тұлға арасындағы өзара құрмет пен міндеттемелердің алтын көпірі, негізгі өзегі.

Бұдан бөлек, отандастарымыздың құқықтық сауаттылығы мен белсенділігі айтарлықтай артты. Ел тұрғындары өз құқықтарын қорғауды, сот жүйесіне жүгінуді және заңсыздықтарға қарсы үн қатуды үйренді. Конституциялық Соттың қайта құрылуы және оған әрбір қазақстандықтың тікелей шағымдану мүмкіндігін алуы – ел тарихындағы үлкен бетбұрыс деп қарастыруға болады. Жүргізіліп жатқан реформалар азаматтардың мемлекеттік институттарға деген сенімін арттырып, құқық қорғау тетіктерін қолжетімді ете түсті. Алайда, құқықты білу – мәселенің тек бір жағы ғана. Екінші мәселе – жауапкершілік. Құқық пен жауапкершілік – егіз ұғым. Біз өз құқығымызды талап еткен жерде, өзгелердің де құқығын құрметтеу жауапкершілігі туындайды. Қазіргі қоғамда «Заң және тәртіп» қағидатын орнықтыру бағытында елеулі жұмыстар атқарылады. Әсіресе, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы заңнаманың қатандатылуы және вандализм, қоғамдық орындардағы бұзақылық үшін жауапкершіліктің артуы қоғамда үлкен қолдауға ие болды.

Әлеуметтік желілердің дамуы да жауапкершілік мәселесін жаңа деңгейге шығарды. Кибербуллинг, жалған ақпарат тарату және өзгенің ар-намысына тию секілді құқық бұзушылықтар заң аясында қатаң реттеле бастады. Бұл сөз бостандығын шектеу емес, керісінше, цифрлық кеңістіктегі мәдениет пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, өзгеге құрметпен қарау.

Қазақстанның дамыған мемлекеттер қатарына қосылуының басты кепілі – саналы азаматтық қоғам. Заң барлығына ортақ және бірдей орындалғанда ғана әділеттілік орнайды. Әрбір қазақстандық өз құқығын қорғай отырып, қоғам алдындағы міндетін толық түсінгенде, біз құқықтық мемлекеттің шынайы үлгісін қалыптастыра аламыз. Іргесі берік, заңы үстем ел болу – әрқайсымыздың күнделікті таңдауымыз бен жауапкершілігіміз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамдағы тәртіп пен мәдениет мәселесіне тоқталып, «Заң және тәртіп» қағидатын берік орнықтырудың маңызын атап өтті.

«Қоғамда осы қағиданы түбегейлі орнықтыру үшін барлық құзырлы органдар арасында ортақ көзқарас пен ортақ ұстаным болуға тиіс. Бұл – ең алдымен, ешқандай құқық бұзушылыққа жол бермеу қағидасы, яғни кез келген заңсыздыққа қарсы тұру деген ұстаным. Сондықтан мемлекеттік органдардың осы бағыттағы жұмысын барынша қолдау қажет. Сонда ғана елімізде құқық бұзушылыққа, озбырлық пен зорлық-зомбылыққа қарсы сана-сезім қалыптасады, қоғамға жат кез келген әрекетке төзбеушілік пайда болады», – деген болатын ел Президенті.

Расында да, бүгінгідей бұлыңғыр заманда ең басты міндет һәм мақсат – еліміздің егемендігін, жеріміздің тұтастығын нығайту. Ол үшін бірлігіміз бекем болуы керек. Ол үшін қоғамда заң мен тәртіп үстемдік құруы тиіс.

ЕРЛАН ҚАРИН ТАРИХШЫЛАР АТЫНАН МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНА АЛҒЫС АЙТТЫ




Бүгін, 15 шілдеде Президент Әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары Ерлан Қарин Қазақстан тарихының көптомдық академиялық басылымын әзірлеу жөніндегі Редакциялық алқаның қорытынды отырысында тарихшылар атынан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты.

– Қасым-Жомарт Кемелұлы отандық тарих мәселелеріне ерекше көңіл бөліп келеді. Президенттің жаңа бастамалары мен идеялары отандық тарих ғылымына түбегейлі бетбұрыс әкелді. 4-5 жыл ішінде кем дегенде он жыл бойы атқарылатын жұмыстар бірден қолға алынып, жүзеге асырыла бастады. Осы жылдар аралығында төл тарихымызды жаңғыртуда үлкен бетбұрыс жасалды. Соның бірі – Қазақстан тарихының академиялық көптомдығы. Сондықтан, осындай іргелі істерге бастамашы болып, оған бәріміздің қатысуымызға мүмкіндік бергені үшін тарихшылар қауымдастығы атынан және редакциялық алқа мүшелері атынан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлына алғыс білдіруге рұқсат етіңіздер, – деді Ерлан Қарин Редакциялық алқаның қорытынды 14-ші отырысында.

Еске сала кетейік, бұған дейін Мемлекет басшысының бастамасымен Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылып, 2,5 миллионнан астам архивтік материалдан құпиялылық грифі алынып тасталды.

Сондай-ақ, Президент шет мемлекеттердің архивтері мен кітапханаларында сақталған Қазақстан тарихына қатысты құжаттарды елге әкелуге бастамашылық етті. Бұл іс «Архив-2025» жобасы аясында жүзеге асырылды.

18 ШІЛДЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕҢГЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНЕДІ



18 шілде цифрлық теңге қолданысқа енгізіледі. Ол «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу мен дамыту, байланыс және банкроттық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңына сай жүзеге асады.

Заңға сәйкес, цифрлық теңгемен алыс-беріс ҚР Ұлттық банкінің цифрлық платформасында жүргізіледі.

Алдымен азаматтар ҚР Ұлттық банкі және цифрлық теңге платформасының өзге де қатысушыларымен цифрлық шот шартын жасасуы тиіс. Содан кейін клиенттің өтінімі негізінде цифрлық шоты ашылады.

– Цифрлық теңге платформасының операторымен жасалған шарттың негізінде банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, орталық депозитарий, ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі айқындаған көрсетілетін төлем қызметтерін берушілер мен заңды тұлғалар цифрлық теңге платформасына қатысушылар бола алады, – делінген заңда.

Айта кетейік, ҚР Ұлттық банкі «ҚазАқпараттың» сауалына жолдаған жауабында 18 шілдеде қолданысқа енетін цифрлық теңгенің не екенін және азаматтарға қандай тиімділігі бар екенін кеңірек түсіндірді.

Банктің мәліметінше, ол ақшаның үшінші түрі іспетті.

– Цифрлық теңге – қолма-қол ақшамен де, қолма-қол ақшасыз да қолданыста қатар жүретін ақшаның үшінші, цифрлық формасы. Ол қолма-қол ақшаның да, қолма-қолсыз ақшаның да қасиетіне ие және барлық пайдаланушылар үшін түбегейлі жаңа мүмкіндіктер ашады. Реттеу тұрғысынан цифрлық теңге мемлекеттік эмитент шығаратын және осы эмитенттің бірінші кезекте төлем құралы ретінде пайдалану міндеттемесіне келетін қолма-қолсыз ақшаның жаңа формасы ретінде ОБЦВ (орталық банктің цифрлық валютасы) анықтамасына сәйкес келеді, – делінген Ұлттық банктің ресми сауалымызға жолдаған жауабында.

Сонымен қатар, цифрлық теңге қолма-қол және қолма-қолсыз ақшаны алмастыру мақсатында емес, оларға қосымша ақша түрі ретінде пайдаланылмақ.

– Цифрлық теңгенің негізгі артықшылықтарының бірі – бағдарламалану мүмкіндігі. Бұл ақшаны «баптауға», яғни бағдарламалауға болатындығын білдіреді. Мысалы, оны қашан және не үшін жұмсайтыныңызды белгілей аласыз. Осының арқасында есептеу жылдам, ыңғайлы және ашық болады. Цифрлық теңге енгізілгеннен кейін Қазақстандағы қолма-қол және қолма-қолсыз ақша онымен тең пайдаланылатын болады, – делінген Ұлттық банк жауабында.



АШЫҚ ӘНГІМЕ



Байжан ЕМБЕРДІ | Ұсыныс-пікірлеріңіз болса, хабарласыңыздар: + 7 701 505 48 48 (редакция), +7 701 963 27 75 (тілші)

■ ИНВЕСТИЦИЯ – ӨНІР ДАМУЫНЫҢ БАСТЫ ТЕТІГІ

– Бақытжан Оразалыұлы, әңгімемізді өзіңіз өскен ортадан бастасақ. Тұлғаның қалыптасуына туған жердің, отбасы тәрбиесінің ықпалы ерекше екені белгілі. Балалық шағыңыз, алған тәліміңіз, мемлекеттік қызметке келу жолыңыз туралы оқырманға кеңірек айтып берсеңіз.

– Менің туған өлкем – Тараз қаласының іргесіндегі Жамбыл ауданы. Әкем 1985 жылдары Тараз қаласына қоныс аударып, зауытқа жұмысқа орналасты. Ол кісі отбасының жағдайын жақсарту үшін екі жерде қатар еңбек етті. Анам ұзақ жылдар мейірбике болып қызмет атқарды. Біз екі ағайынды болып өстік. Балалық шағым, мектептегі қызықты кезеңдерім, жастық дәуренім қазіргі Тараз қаласындағы Аса шағын ауданында өтті.

Ата-анамыз бізді адал еңбекке, қарапайым болуға, елдің қамын ойлауға тәрбиеледі. Бүгінгі қызмет жолым-

ұшын де тарихи маңызы бар жоба. Зауыттың бастапқы кезеңдегі инвестициялық құны 407,6 млрд теңгені құрайды. Жоба толық іске қосылғанда 1700 жаңа жұмыс орны ашылады деп жоспарланып отыр.

Орталық Азиядағы ең ірі жүгері өңдеу кәсіпорындарының бірі болатын бұл зауыт жылына 3 млн тонна өнім өңдеуге қауқарлы. Қытайлық компания алғашқы кезеңде 1 млн тонна, ал алдағы уақытта 5 млн тоннаға дейін жүгері сатып алуды жоспарлап отыр. Бұл – ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізудің жаңа нарығын қалыптастырып, диқандарға да үлкен мүмкіндік береді. Қазірдің өзінде кәсіпорында жергілікті тұрғындар тұрақты әрі жоғары жалақы төленетін жұмыс орындарында еңбек етіп жатыр.

Ірі жобалардың бірі – «Kazakhstan Hydrogen Peroxide» компаниясының сутегі асқын тотығын өндіретін зауыты. Қазақстандағы алғашқы осындай өндірістің құны 32,0 млрд теңгені құрайды. Кәсіпорында 120



Елдің экономикалық дамуы ең алдымен өңірлердің өркендеуімен өлшенеді. Ал, өңірдің өркендеуі инвестиция тарту, жаңа өндіріс орындарын ашу және халықты тұрақты жұмыспен қамту сияқты нақты істерден көрінеді. Бұл жөнінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Әрбір өңір инвестиция тарту бағытында белсенді жұмыс істеуі тиіс. Әкімдердің қызметі, ең алдымен, тартылған инвестиция көлемі, ашылған жаңа өндірістер мен тұрақты жұмыс орындары арқылы бағалануы керек. Инвесторларға қолайлы жағдай жасап, әкімшілік кедергілерді азайту – барлық деңгейдегі мемлекеттік органдардың басты міндеті», – деп нақты міндет жүктеген болатын.

Бүгінде осы бағыттағы жұмыстар Жамбыл облысында жүйелі жүргізіліп келеді. Әсіресе, «Jibek Joly» арнайы экономикалық аймағы орналасқан Шу өңірінде инвестиция тарту, өндірісті дамыту және жаңа жобаларды жүзеге асыру ісі қарқын алған. Осыған орай әлеуеті зор Шу ауданының бүгінгі тыныс-тіршілігі, атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы жоспарлар туралы аудан әкімі Бақытжан Жәнібековпен әңгімелескен едік. Назарларыңызға сол сұхбатты ұсынамыз.

мет көрсету сапасын көтеру – күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі.

Бұл бағытта облыс басшылығы тарапынан нақты міндеттер қойылып, жүйелі жұмыстар атқарылуда. Шу ауданының географиялық орналасуының өзі бізге үлкен мүмкіндік береді. Республикалық маңызы бар автожолдардың бойында орналасқандықтан, транзиттік бағыттағы қызмет көрсету саласын дамытуға әлеуетіміз жоғары.

Осы мақсатта 2026 жылы Шу ауданына қарасты Алға ауылдық округінің аумағында, Шу-Меркі-Бұрылбайтал автожолы бойында транзиттік автокөліктер мен жолаушыларға арналған жол бойындағы сервистік қызметті дамыту және жаңа инвестициялық жобаларды тарту бағытында үш жол қызметі жобасын жүзеге асыру жұмыстары жүргізілуде.

Соның бірі – «Андасбай» жол сервис кешені. Қазіргі таңда кешеннің құрылысы басталды. Оның құрамында жанармай құю станциясы, қонақ үй, асхана және автотұрақ қарастырылған. Жобаның жалпы құны 350,0 млн теңгені құрайды. Нысан іске қосылғаннан кейін 15 жаңа жұмыс орны ашылады деп жоспарлануда. Кешен бір мезгілде 70 адамға дейін қызмет көрсету мүмкіндігіне ие болады.

Сонымен қатар, «Алға» мотелінің құрылысы жүргізілуде. Бұл нысан жол бойындағы қонақ үй қызметін көрсетіп, алыс жолға шыққан жүргізушілер мен жолаушыларға қолайлы жағдай жасайды. Жобаның жалпы құны 150,0 млн теңгені құрайды. Оның аясында 10 жаңа жұмыс орны ашылады деп күтілуде.

Бұдан бөлек, Бірлік ауылдық округі аумағында, Шу-Меркі-Бұрылбайтал автожолы бойында «Нұрлы жер» жол бойы сервис кешені пайдалануға берілді. Бұл кешенде қонақ үй, асхана, техникалық қызмет көрсету орны және 100 жүк көлігіне арналған автотұрақ бар. Жобаның жалпы құны 300,0 млн теңгені құрап, нәтижесінде 25 жаңа жұмыс орны ашылды.

Жалпы, жол бойындағы сервисті дамыту – тек туристерге жағдай жасау емес, сонымен қатар жергілікті кәсіпкерлерге жаңа мүмкіндік беру, халықты жұмыспен қамту және аудан экономикасына қосымша серпін беру деген сөз.

– Мемлекет басшысы шағын және орта бизнесті дамытуға ерекше мән беріп келеді. Шу ауданында кәсіпкерлікті қолдау, тұрғындардың өз ісін бастауына мүмкіндік жасау бағытында қандай жұмыстар атқарылуда? Нақты көрсеткіштерге тоқталып өтсеңіз.

– Өздеріңіз білетіндей, Мемлекет басшысы шағын және орта бизнесті қолдауды елдің экономикалық дамуының негізгі бағыттарының бірі ретінде белгілеп отыр. Себебі, кәсіпкерлік – жаңа жұмыс орындарын ашатын, халықтың табысын арттыратын, өңір экономикасының тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды сала. Сондықтан, біздің басты міндетіміз – кәсіпкерлерге қолайлы жағдай қалыптастыру, мемлекеттік бағдарламалардың мүмкіндігін тиімді пайдалануына жол ашу және олардың бастамаларына жан-жақты қолдау көрсету.

Экономикалық көрсеткіштерге тоқталсақ, жыл басынан бері сауда айналымы 8,9 млрд теңгеге жетіп,



да инвестиция тарту мәселесіне үнемі ерекше назар аударып келеді. Мемлекет басшысы жергілікті атқарушы органдарға шетелдік және отандық инвесторларды жан-жақты қолдау, қажетті инфрақұрылымды қамтамасыз ету, жаңа өндіріс орындарын ашу арқылы өңдеу өнеркәсібін дамыту және тұрақты жұмыс орындарын құру жөнінде нақты тапсырмалар беріп отыр.

Біз де осы міндеттерді басшылыққа алып жұмыс жүргіздеміз. Бүгінде тоғыз жолдың торабында орналасқан Шу ауданындағы «Jibek Joly» арнайы экономикалық аймағы инвесторларға белсенді қызмет көрсетіп келеді. Соның нәтижесінде ауданымыз индустрия мен инвестицияның жаңа орталықтарының біріне айналып келеді.

Ресми мәліметтерге сүйенсек, ауданымызда негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі биылғы 5 айдың қорытындысы бойынша 115,5 млрд теңгені құрады. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 85,2 млрд теңгеге артық. Нақты көлем индексі 365,0 пайызға жетіп отыр.

2026 жылы жалпы құны 443,7 млрд теңгені құрайтын 5 ірі өндіріс жобасын іске қосу жоспарланған. Соның нәтижесінде 2000 жаңа жұмыс орны ашылады деп күтілуде. Сонымен қатар, ауданның өнеркәсіпте өндірілген өнім көлемін 130,0 млрд теңгеге дейін жеткізу көзделіп отыр.

Инвестиция тарту бағытындағы жұмыстар да тұрақты жалғасуда. Өткен жылы әлеуетті инвесторлармен 30 кездесу өткізілсе, биылғы 5 айдың өзінде 17 кездесу ұйымдастырылды. Қазіргі таңда жалпы құны 1,13 трлн теңгені құрайтын 33 инвестициялық жоба бойынша нақты жұмыстар жүргізіліп жатыр. Бұл жобалардың барлығы аудан экономикасының дамуына серпін беріп қана қоймай, халықтың әл-ауқатын арттыруға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және өңірдің өндірістік әлеуетін күшейтуге мүмкіндік береді.

■ ШУДАҒЫ СЕРПІНДІ ЖОБАЛАР

– Ауданда бүгінде жүзеге асырылып жатқан инвестициялық жобалардың ауқымы кеңейіп келеді. Бұл жобалардың әрқайсысы аудан экономикасына, халықтың жұмыспен қамтылуына және өңірдің өндірістік әлеуетіне қандай нақты серпін береді? Ең маңызды жобаларға кеңірек тоқталып өтсеңіз.

– Әрине, кез келген инвестициялық жобаның ең басты нәтижесі – жаңа жұмыс орындарының ашылуы, өндірістің дамуы, экспорт көлемінің артуы және өңір экономикасының нығаюы. Сондықтан, әрбір жобаны біз тек өндіріс орны ретінде ғана емес, ауданның болашағына салынған инвестиция деп бағалаймыз.

Бүгінде жүзеге асырылып жатқан жобалардың ішінде ең ірісі – жүгеріні терең өңдейтін «SHENGTAI BIOTECН CO. LTD» кәсіпорны. Бұл – еліміз үшін де, ауданымыз

бөлінген. Жобаның құны 45,0 млрд теңгені құрайды. Кәсіпорын іске қосылғанда 55 жаңа жұмыс орны ашылады. Мұндай жобалар ауданымыздың баламалы энергетика саласындағы мүмкіндігін арттыра түседі.

Өңірдегі өміршең жобалардың бірі – «ARRIVO INDUSTRY» ЖШС. Компания құрылысқа қажетті сэндвич-панельдер, металл конструкциялары және көпір құрылысына арналған болат материалдарын шығарады. Жобаның құны 300 млн теңгені құрайды және 30 жұмыс орнын ашады. Қазіргі уақытта кәсіпорын қажетті шикізатты Қытайдан жеткізуде. Айта кетерлігі, жоғарыда сөз болған жүгері өңдеу зауытының сыртқы қабырғалары дәл осы кәсіпорын өндірген панельдерден

шығындарды азайтып, ауыр жүк көліктерінің қозғалысын едәуір қысқартты. Жобаның жалпы құны 55,7 млрд теңгені құрайды. Фабрикада еңбек ететін 769 жұмысшының 119-ы – Шу ауданының тұрғындары.

Жалпы алғанда, инвестиция тарту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасып келеді. Биыл бізге жеке инвестиция көлемін 108,1 млрд теңгеге жеткізу міндеті қойылған болатын. Қазіргі таңда бұл көрсеткіш 108,1 млрд теңгеге жетіп отыр. Бұл – бірлескен еңбектің нәтижесі. Осы бағыттағы жұмыстарға жан-жақты қолдау көрсетіп отырған Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеевке аудан тұрғындары атынан ризашылығымызды білдіреміз. Алдағы уақытта да Шу

Әрбір жаңа жоба – тек қаржы тарту ғана емес, ең алдымен халыққа жаңа мүмкіндік, жастарға жұмыс орны, елдің ертеңіне жасалған маңызды қадам. Шу өңірі өзінің табиғи және экономикалық мүмкіндіктерін тиімді пайдаланып, заманауи өндіріс пен кәсіпкерлікке қолайлы аймақ ретінде қалыптасып келеді. Алдағы міндет – осы қарқынды сақтап, тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған игі бастамаларды жалғастыру.

құрастырылған. Зауыт жыл сайын 200 мың сызықтық метр сэндвич-панель және 6 мың тонна металл конструкцияларын өндіруге қауқарлы болады.

«Jibek Joly» арнайы экономикалық аймағында жүзеге асырылып жатқан маңызды жобалардың бірі – «ALTYNALYMAS REAGENTS» ЖШС қолға алған натрий цианидін өндіру зауыты. Инвестиция көлемі 40,0 млрд теңгені құрайды. Кәсіпорын іске қосылғанда 150 жаңа жұмыс орны ашылады, оның 30 пайызы жергілікті тұрғындар болады.

Өткен жылдың қорытындысына тоқталсақ, 2025 жылы жалпы құны 66,5 млрд теңгені құрайтын 11 жоба іске асырылды. Солардың ішіндегі ең ірілерінің бірі – «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС филиалына қарасты «Shatyrkol-Jaysan Tau-ken ondirisi» кен байыту фабрикасы. Кәсіпорын жылына 1 млн 200 мың тонна кен өңдей алады. Бұрын кен Балқашқа шикі күйінде тасымалданса, бүгінде ол осы жерде өңделіп, дайын концентрат арнайы қаптарға салынып жөнелтіледі. Бұл логистикалық

ауданын инвестиция үшін тартымды өңірге айналдыру бағытындағы жұмыстарды жалғастыра береміз.

■ «КӘСІП ПЕН ТУРИЗМГЕ ҚОЛАЙЛЫ ОРТА ҚАЛЫПТАСЫП КЕЛЕДІ»

– Шу ауданы – тоғыз жолдың торабында орналасқан, көлік қатынасы мен транзиттік әлеуеті жоғары өңір. Осы мүмкіндікті тиімді пайдалану бағытында туризм саласын дамыту, жол бойындағы сервистік қызметтерді жетілдіру жұмыстары қалай жүргізілуде? Бұл бағыттағы атқарылып жатқан жобалар туралы айтып өтсеңіз.

– Туризм – бүгінгі таңда экономиканың маңызды салаларының бірі. Бұл бағытты дамыту арқылы өңірдің танымалдығын арттырып қана қоймай, жаңа жұмыс орындарын ашуға, кәсіпкерлік бастамаларды қолдауға мүмкіндік аламыз. Сондықтан, туристер мен жолаушыларға қолайлы жағдай жасау, жол бойындағы қыз-

нақты индекс көлемі 102,0 пайызды құрады. Былтырғы көрсеткіш 7,9 млрд теңге болған еді.

Сонымен қатар, ауыл тұрғындарының кәсіп бастауына мүмкіндік беретін «Ауыл аманаты» бағдарламасы ауданымызда нәтижелі жүзеге асырылып келеді. Бұл жоба 2019 жылдан бастап 5 ауылдық округте енгізілген. Бағдарламаның кәсіпкерлікті қолдау бағыттары бойынша тұрғындардың 715 өтінімі қарастырылып, жалпы көлемі 4,2 млрд теңгеге несиелер берілді.

Биыл 13 жобаның құжаттары «Тараз» ӘКК-ге ұсынылып, оның ішінде жалпы құны 41,3 млн теңгені құрайтын 6 жобаға несие берілді. Сонымен қатар, құны 65,8 млн теңге болатын тағы 4 жоба қаралу үстінде.

Бағдарлама аясында берілетін 2,5 пайыздық жеңілдетілген несие көптеген жерлестерімізге өз кәсібін ашуға мүмкіндік беріп отыр. Бұл – ауыл тұрғындарының еңбекке деген ынтасын арттырып, шағын бизнестің дамуына жол ашатын үлкен қолдау.

Қазіргі таңда Шу ауданында шамамен 7 мыңға жуық шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі жұмыс істейді. Оның құрамына жеке кәсіпкерлер, шаруа қожалықтары және заңды тұлғалар кіреді. Бұл көрсеткіш аудан тұрғындарының кәсіпкерлікке деген белсенділігін көрсетеді. Сонымен қатар, Шу ауданы – Жамбыл облысында ауыл шаруашылығы саласы қарқынды дамып келе жатқан өңірлердің бірі. Мұны біз үлкен мақтанышпен айтамыз. Аудан бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жалпы егістік жер көлемі 139 451 гектарды құрайды. Оның ішінде 32 057 гектар суармалы, ал 107 394 гектар тәлімдік егістік жерлерге тиесілі.

Өңіріміз үшін қант қызылшасы өндірісінің маңызы ерекше. Бұл бағытта ауданымыздағы ірі әрі бірегей кәсіпорындардың бірі – «Qyzylsha Zher» ЖШС. Компания заманауи агротехнологияларды тиімді пайдалану арқылы егістік өнімділігін арттыруға, су ресурстарын үнемдеуге және ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін көтеруге басымдық беріп отыр.

2026 жылы компания 700 гектар жерге қант қызылшасын егуді жоспарлап, өнім көлемін арттыруды көздеуде. Өсірілген өнім көршілес Меркі ауданындағы қант зауытына жөнелтіледі деп күтілуде. Жалпы, ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік және туризм салаларын қатар дамыту – ауданымыздың экономикалық әлеуетін арттырудың басты бағыттарының бірі. Осы бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады.

– Бақытжан Оразалыұлы, әңгімеңізге рақмет.

СҰХБАТТЫҢ
ТОЛЫҚ
НУСҚАСЫН
ГАЗЕТТІҢ
САЙТЫНАН
ОҚЫҢЫЗ



14 шілде күні Абай университетінде «Мектеп және жоғары оқу орнындағы білім берудегі Алтын Орда тарихы» атты халықаралық ғылыми дөңгелек үстел өтті. Отандық және шетелдік жетекші ғалымдар, тарихшылар мен педагогтар Жошы ұлысының мұрасын заманауи білім жүйесіне интеграциялаудың жаңа тұжырымдамасын талқылап, мектеп оқулықтары мен ЖОО білім беру бағдарламаларын жаңғыртуға бағытталған маңызды қарар қабылдады.

АЛТЫН ОРДА ТАРИХЫН ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ ЕНГІЗІЛЕДІ



Халықаралық басқосу Алтын Орданың ортағасырлық Еуразия тарихындағы, соның ішінде қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуы мен дамуындағы іргелі рөлін заманауи ғылыми жетістіктер тұрғысынан зерделеуді мақсат етті. Жиында университеттің Зерттеу қызметі және инновация жөніндегі проректоры Ертай Сұлтан, Түркияның Анкара университетінің профессоры Абдуллах Гюндогду, белгілі тарихшы Қанат Өскенбай, Абай атындағы ҚазҰПУ доценті Факия Шамшиденова, сондай-ақ тарих пәнінің мұғалімдері мен докторанттар баяндама жасады. Спикерлер Жошы ұлысының тарихнамасы мен оны бүгінгі-біуынға оқытудың әдістемелік ерекшеліктерін жан-жақты талдады.

Ғылыми жиында қабылданған қарардың басты бағыттарының бірі – тарих пәнінің оқытудың жүйесін жаңғырту. Ғалымдар мен мұғалімдер «Қазақстан тарихы» және «Дүние-жүзі тарихы» оқулықтарындағы Алтын Орда тарихына қатысты тарауларды түбегейлі қайта қарауды ұсынды. Жаңа тұжырымдамаға сәйкес Ұлық ұлыс тек жаулаушы әскери мемлекет емес, дамыған қала мәдениеті, өркендеген сауда жүйесі, озық дипломатиясы мен бірегей құқықтық институты қалыптасқан ортағасырлық өркеніет ошағы ретінде сипатталуы тиіс. Оқу үдерісін заман талабына сай цифрландыру үшін интерактивті карталар, маңызды тарихи нысандардың 3D модельдері мен деректі-танымдық анимациялық материалдарды енгізу де қарастырылды.

Сонымен қатар, жоғары білім беру бағдарламаларының мазмұнын тереңдету мақсатында маңызды қадамдар жасалмақ. Жиында Еуразия кеңістігіндегі тарихи процестерді терең түсіндіру үшін жоғары оқу орындарында «Алтын Орда: мемлекет, қоғам, мәдениет» атты міндетті базалық пән енгізу туралы бастама көтерілді. Оған қоса, тарих бағытында бакалавриат және магистратура деңгейінде Жошы ұлысының тарихнамасы, деректануы мен археологиясына арналған элективті пәндік бағдарлама әзірленеді. Студенттер мен жас зерттеушілердің ортағасырлық жазба дереккөздерімен тікелей жұмыс істеу дағдыларын арттыру үшін ғылыми-практикалық семинарларды тұрақты ұйымдастыру да жоспарланған.

Аталған стратегиялық міндеттерді үйлестіру және халықаралық ғылыми-сараптама-лық хаб қалыптастыру мақсатында Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Тарих және құқық факультеті жанынан «Алтын Орда өркениеті және Шығыс қолжазба мұрасы» ғылыми-зерттеу орталығы құрылады. Бұл орталық талантты жас ғалымдарға қолдау көрсетіп, археологиялық экспедицияларға, шетелдік мұрағаттардағы зерттеу жұмыстарына тарту-мен және академиялық ұтқырлықты қамтамасыз етумен айналысады.

Абай университеті аталған барлық маңызды бастамалардың орындалуын бақылайтын және үйлестіретін негізгі орталық ретінде жұмыс істейді. Дөңгелек үстелде қабылданған қорытынды қарар Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігіне, Оқу-ағарту министрлігіне және Ұлттық білім академиясына қарауға және іс-тәжірибеге енгізуге жолданады.

«Abai University» медиа орталығы

АЛАКӨЛДЕ ҚАУІПСІЗДІК ҚАТАҢ БАҚЫЛАУҒА АЛЫНДЫ



Алакөл көлінің жағалауында туристер санының артуына байланысты полиция қызметкерлері төтенше жағдайлар қызметінің мамандарымен бірлесіп, демалушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қоғамдық тәртіпті сақтау бағытында тұрақты түрде профилактикалық іс-шаралар жүргізіп жатыр. Бұл туралы Polisia.kz хабарлады.

Полиция қызметкерлері күнделікті түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, судағы қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңызын еске салады. Әсіресе, белгіленген жерлерден асып жүзуге болмайтыны, сондай-ақ балаларды ересектердің қарауынсыз қалдыруға жол берілмейтініне ерекше назар аударылды.

Туристік маусым басталғалы бері сәқшылар демалыс кезінде жағалауда жоғалып кеткен 30 баланы іздеп тапты. Олардың барлығы жедел түрде іздестіріліп, бір сағат ішінде ата-аналарымен қауышты.

ІІМ мәліметінше, демалушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етумен қатар, полиция қызметкерлері заң мен қоғамдық тәртіпті сақтауға, құқық бұзушылықтардың алдын алуға, қоғамдық орындарда алкогольдік ішімдіктер ішу фактілерінің жолын кесуге және өзге де құқыққа қайшы әрекеттердің алдын алуға бағытталған шараларды қабылдап жатыр.

КОЛЛАЖ: АЙНУР ҚАЙРАТБЕКҚЫЗЫ



ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІТІМГЕРЛІГІ — ТАТУЛЫҚҚА БАСТАЙДЫ

Қызжібек
ӘБДІҒАНИҚЫЗЫ

■ БЕЙБІТШІЛІКKE НЫҚ ҚАДАММЕН

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халықаралық мәселелерді шешуде диалогтың маңызын үнемі атап көрсетіп келеді.

Президенттің пікірінше, қазіргі күрделі кезеңде мемлекеттер бір-бірімен сөйлесіп, ортақ шешім іздеуі керек. Себебі, тұрақты бейбітшілікке тек өзара түсіністік пен келісім арқылы ғана қол жеткізуге болады.

Қазақстанның ерекшелігі – әлемнің әртүрлі мемлекеттерімен теңгерімді қарым-қатынас орната білуінде. Бүгінде еліміз Орталық Азия елдерімен, Еуропалық одақпен, Қытаймен, АҚШ-пен және басқа да халықаралық серіктестермен байланысын дамытып келеді. Мұндай саясат Қазақстанға әлемдік мәселелерді талқылауға, түрлі мемлекеттер арасындағы өзара түсіністікке ықпал етуге мүмкіндік береді.

Бітімгерлік дегеніміз тек қақтығыс аймақтарына әскери қызметкерлер жіберу ғана емес, оның мағынасы әлдеқайда кең. Бітімгерлік – бейбітшілікті сақтау, елдер арасындағы сенімді нығайту, даулы мәселелерді келіссөз арқылы шешуге көмектесу.

Яғни, бітімгерлік – ең алдымен қару-дың емес, парасаттың жолы.

Қазақстан халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздік мәселелерінде Біріккен Ұлттар Ұйымымен тығыз байланыс орнатып келеді. БҰҰ аясындағы жұмыстар еліміздің әлемдік қауіпсіздікке қосып отырған үлесінің маңызды бағыты болып саналады.

Қазақстан БҰҰ мінберінен ядролық қарусыздану, халықаралық қауіпсіздік, бейбітшілік және мемлекеттер арасындағы сенімді нығайту мәселелерін бірнеше рет көтерді.

Еліміз сондай-ақ халықаралық деңгейдегі маңызды диалог алаңдарының біріне айналды. Қазақстан аумағында түрлі мемлекеттердің өкілдері бас қосып, күрделі мәселелерді талқылаған кездесулер өтті.

Мысалы, Астана қаласында Сирия мәселесіне қатысты халықаралық келіссөздердің өтуі Қазақстанның бейбіт диалог орнатуға қосқан үлесінің бір көрінісі болды. Түрлі көзқарастағы тараптардың бір үстел басына жиналуы – дипломатияның мүмкіндігін көрсеткен маңызды қадамдардың бірі.

Қазақстанның бітімгерлік бағытындағы тағы бір маңызды саласы – БҰҰ мандаты аясындағы халықаралық миссияларға қатысуы.

Қазақстандық әскери қызметшілер бейбітшілікті сақтау операцияларына қатысып, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, нысандарды қорғау және халықаралық топ құрамында жұмыс істеу міндеттерін атқарып келеді.

Бітімгерлердің қызметі үлкен жауапкершілікті талап етеді. Олар кез келген жағдайда бейтараптық сақтап, басты мақсат – бейбіт тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған міндеттерді орындайды.

Бұл жұмыс тек әскери дайындықпен шектелмейді. Бітімгер түрлі халықтардың мәдениетін түсініп, шет тілдерін меңгеріп,

Адамзат баласы үшін бейбітшілік пен тұрақтылықтан асқан құндылық жоқ. Бүгінде кез келген мемлекеттің беделі тек экономикасы мен әскери қуатымен ғана өлшенбейді, сонымен қатар әлемдегі бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауға қосқан үлесімен де бағаланады.

Қазақ даласында да ерте заманнан-ақ дау-дамайды бітіммен шешу, үлкеннің сөзін тыңдау, татулық пен бірлікті сақтау дәстүрі қалыптасқан. Мұны халқымыздың сан ғасырлық тарихы айқын дәлелдейді.

Тәуелсіздік алған алғашқы күндерден бастап Қазақстан бейбітшілік пен келісім жолын таңдады. Ядролық қарудан өз еркімен бас тартып, әлем тарихындағы маңызды қадамдардың бірін жасады.

Бүгінде Қазақстанның бітімгерлік бағыттағы саясаты да осы ізгі ұстанымның заңды жалғасы ретінде жүзеге асып келеді.

Халықаралық ортада дұрыс қарым-қатынас жасай білуі керек. Сондықтан, Қазақстанда бітімгерлерді даярлау ісіне ерекше көңіл бөлінеді. Әскери мамандар халықаралық талаптарға сай дайындықтан өтіп, заманауи тәжірибелерді меңгереді.

Қазақстанның бұл бағыттағы ұстанымы – әлемдегі барлық қақтығыс орындарына жаппай араласу емес. Еліміз нақты нәтиже беретін, халықаралық қауіпсіздікке шынайы пайдасы бар бағыттарға басымдық береді.

■ БІТІМГЕРЛІК – ЕЛ БЕДЕЛІ

Қазіргі заманда мемлекеттің беделі тек оның экономикалық мүмкіндігімен немесе саяси ықпалымен ғана анықталмайды. Елдің әлемдік қауымдастық алдындағы орны бейбітшілікке, тұрақтылыққа және ортақ қауіпсіздікті нығайтуға қосқан үлесімен де бағаланады.

Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстанның бітімгерлік бағыты – еліміздің сыртқы саясатындағы маңызды салалардың бірі. Қазақстан әлемде болып жатқан түрлі мәселелерге бейжай қарамай, оларды бейбіт жолмен шешуге, мемлекеттер арасындағы өзара сенім мен түсіністікті нығайтуға өз үлесін қосып келеді.

Бүгінде әлем күрделі кезеңді бастан өткеріп отыр. Әртүрлі аймақтардағы қарулы қақтығыстар, саяси қайшылықтар мен қауіпсіздікке төнген қатерлер барлық мемлекеттерді ортақ жауапкершілікке шақыруда. Осындай жағдайда Қазақстан диалогты қолдайтын, келіспеушіліктерді келіссөз арқылы шешуді жақтайтын мемлекет ретінде танылып келеді.

Еліміздің халықаралық беделінің артуына оның сындарлы әрі теңгерімді сыртқы саясаты да ықпал етуде. Қазақстан түрлі

мемлекеттермен өзара тиімді байланыс орнатып, күрделі халықаралық мәселелер бойынша ортақ пікірге келуге мүмкіндік беретін келіссөз алаңдарын ұсынуға ұмтылып келеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халықаралық қатынастарда әділеттілік пен теңгерімділіктің маңызын бірнеше рет атап өтті.

Президент әлемдік ұйымдар бүгінгі заман талабына сай жаңғыруы қажет екенін айтып, халықаралық шешімдер қабылдау үдерісінде барлық мемлекеттердің, соның ішінде Азия, Африка және Латын Америкасы елдерінің де дауысы ескерілуі тиіс екенін көтерді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің жұмысын жетілдіру мәселесіне де ерекше назар аударды.

Мемлекет басшысы: «Бүгінде БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі тиімділік мәселесі, әсіресе, өкілеттіктерінің шектеулілігі және Азия, Африка мен Латын Америкасы елдерінің халықаралық шешімдер қабылдау үдерісіндегі дауысының жеткіліксіздігі сияқты сын-қатерлермен бетпе-бет келіп отыр», – деген болатын.

Бұл пікір Қазақстанның әлемдік тәртіптің әділетті әрі тең құқықты болғанын қалайтынын көрсетеді. Өйткені, тұрақты бейбітшілікке тек ірі мемлекеттердің ғана емес, барлық елдердің ортақ күш-жігері арқылы қол жеткізуге болады.

Қазақстан бітімгерлік операцияларға қатысуда да байыпты бағыт ұстанып келеді. Еліміз үшін басты мақсат – көзге түсу емес, нақты нәтижеге қол жеткізу. Сондықтан, Қазақстан өз мүмкіндігіне қарай халықаралық бітімгерлік миссияларға қатысып, бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайтуға үлес қосуын жалғастырып келеді.

Бітімгерлік қызметтің тағы бір маңызды қыры – оның әскери қызметшілердің кәсіби тәжірибесін арттыруға ықпал етуі. Халықаралық миссияларға қатысқан мамандар түрлі елдердің өкілдерімен бірге қызмет атқарып, жаңа тәжірибе мен заманауи тәсілдерді меңгереді. Бұл өз кезегінде Қазақстан армиясының кәсіби деңгейін көтеруге де мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, бітімгерлік – тек әскери салаға ғана қатысты ұғым емес. Оның негізінде дипломатия, адам тағдыры, халықтар арасындағы өзара сенім және болашақ алдындағы ортақ жауапкершілік жатыр.

Қазақ халқының тарихында да бейбітшілік пен келісім әрдайым жоғары бағаланған. Дала даналығында ел ішіндегі дауды ақылмен шешу, екі тарапты таталастыру, бітімге шақыру дәстүрі берік орныққан. Сондықтан, Қазақстанның бүгінгі бейбіт дипломатиясы халқымыздың осы тарихи құндылықтарымен өзара сабақтасып жатыр.

Әлемде мемлекеттер арасындағы сенім әлсіреген сайын, диалог пен өзара түсіністіктің маңызы арта түседі. Осындай кезеңде бейбітшілік жолын таңдау – үлкен жауапкершілік пен көрегендікті талап ететін ұстаным.

Қазақстан алдағы уақытта да осы бағытынан айнамай, халықаралық бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайтуға өз үлесін қоса береді.

■ ТҮЙІН СӨЗ

Қазақстанның бітімгерлік жолы – бейбітшілік пен тұрақтылықты басты орынға қоятын ұзақ мерзімді бағыт. Еліміз бұл салада құр сөзден гөрі нақты іске, кәсібилікке және халықаралық ынтымақтастыққа сүйеніп келеді.

БҰҰ аясындағы жұмысы, дипломатиялық бастамалары және халықаралық бітімгерлік миссияларға қатысуы – Қазақстанның әлемдік қауіпсіздікке қосып отырған нақты үлесі.

Бейбітшілік – бір ғана мемлекеттің емес, бүкіл адамзаттың ортақ арманы. Ал, оған бастайтын жол – сенімнен, сабырдан және өзара түсіністіктен басталады.

Қазақстан осы құндылықтарды берік ұстана отырып, әлемдік бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайту ісіне өз үлесін қоса береді.



Индира БІРЖАНСАЛ | Ұсыныс-пікірлеріңіз болса, хабарласыңыздар: + 7 701 505 48 48 (редакция), +7 701 659 13 21 (тілші)



АШЫҚ Әңгіме

көбі бұл орта туралы білмейді. Сондықтан, мен түрлі мектептерде кездесулер өткізіп, жасанды интеллект, технологиялық кәсіпкерлік және стартап құрудың алғашқы қадамдары туралы тәжірибеммен бөлісемін.

сы ең алдымен оған берілетін мәліметтердің көлемі мен дәлдігіне байланысты. Ал, сөйлеу қабілетінің бұзылуы бір ғана себептен туындамайды. Мамандардың айтуынша, оған әсер ететін 300-ден астам ауру мен түрлі

Қоғамның өзекті мәселесіне бейжай қарамай, білімін ел игілігіне жұмсауға ұмтылатын жастар – тәуелсіз Қазақстанның ең қымбат капиталы. Солардың қатарында алматылық 16 жастағы Үкілі Омарова да бар. Жасы мектеп қабырғасынан аса қоймағанымен, ойы озық, мақсаты айқын жас өнертапқыш соңғы бір жылдың ішінде төрт бірдей стартапты жүзеге асырып үлгерген. Соның ең маңыздысы – сөйлеу қабілеті бұзылған жандардың сөзін жасанды интеллект көмегімен түсінікті тілге аударатын Soile AI жобасы. Бүгінде бұл жүйе еліміздің бірнеше медициналық орталығында сынақтан өтіп, мамандардың оң бағасына ие болып келеді. Ерекше атап өтерлігі, Үкілі бұл жобаны ешқандай бастапқы қаржысыз қолға алып, жолындағы ең үлкен кедергі қаржының жоқтығы емес, жасына байланысты туған күмән мен сенімсіздікті еңсеру бағынын айтады. Жас өнертапқышпен бала күнгі арманы, ғылымға бет бұруына түрткі болған оқиға, қоғамға қызмет ететін технологияларды жасау жолы және алдағы мақсат-мұраты туралы әңгімелескен едік.

«ЖАС ШЕКТЕУ ЕМЕС»:

SOILE AI-ДЫ ЖАСАҒАН МЕКТЕП ОҚУШЫСЫНЫҢ АРМАНЫ

■ «ЖОБАМДЫ ҚАЛТАМДА БІР ТЕҢГЕ БОЛМАЙ БАСТАҒАНМЫН»

– Сіз небәрі 16 жаста болсаңыз да, стартапыңызды халықаралық деңгейде таныстырып үлгердіңіз. Жасыңызға байланысты сенімсіздік немесе кедергілер кездесті ме?

– Иә, ондай жағдайлар болды, әрі шынын айтсам, әлі де кездесіп тұрады. Кейбір адамдар алдымен менің жасыма қарап, жобамның әлеуетіне күмәнмен қарайды. Бірақ, уақыт өте келе мұндай көзқарасты қабылдап, оған дурыс жауап беруді үйрендім. Мен эмоцияға емес, нақты нәтижеге сүйенемін. Soile AI қандай мәселені шешетінін, қандай жетістіктерге жеткенін және халықаралық деңгейде қандай қолдауға ие болғанын көрсетемін. Сол кезде әңгіме жас туралы емес, жұмыстың сапасы мен оның қоғамға тигізер пайдасы туралы өрбиді. Жақында өмірімдегі ең маңызды кезеңдердің бірі болды. Біріккен Ұлттар Ұйымы кеңесшісінің ұсынысымен Стамбұлда 40 жылдан бері өткізіліп келе жатқан халықаралық жаһандық саммитке спикер ретінде шақырылдым. Бұл мен үшін үлкен мәртебе ғана емес, зор жауапкершілік те еді.

Саммитке әлемнің 60-тан астам елінен министрлер, мемлекет қайраткерлері, халықаралық ұйымдардың басшылары, инвесторлар және Microsoft, IBM, Nestlé, Boeing, Medtronic, Siemens, Unilever, ABB, LC Waikiki секілді әлемдік компаниялардың жетекшілері қатысты. Мен үшін ерекше сәт Орталық Азиядан шақырылған жалғыз спикер әрі саммиттің ең жас қатысушысы болдым.

Сонымен қатар, 40 жылдық тарихы бар бұл беделді халықаралық алаңда сөз сөйлеген алғашқы қазақстандықтардың бірі болу мен үшін үлкен сенім мен зор мәртебе. Осындай аудитория алдында Қазақстанның атынан шығып, өз жобамды таныстыру мен үшін ұмытылмас тәжірибе әрі еліміздің жас таланттарына деген сенімнің айқын көрінісі болды.

– Soile AI-дың алдағы басты мақсаты мен болашақ жоспары қандай?

– Иә, жобаны қалтамда бір теңге болмай бастағанмын. Кейін түрлі халықаралық және республикалық байқауларда жеңіп алған барлық жүлде қаржысын стартаптың дамуына қайта инвестицияладым. Soile AI жобасы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің, Рорепуыс Kazakhstan, С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің, V.Poryadke коммуникациялар академиясының, Activat VC инвесторлық қорының және Қазақстанның Іскер әйелдер қауымдастығының гранты арқаптамалық қолдауына ие болды.

Бұл қолдау біз үшін тек қаржылай көмек емес, ең алдымен жобаның өзектілігі мен әлеуетіне берілген сенімнің көрінісі болды. Соның арқасында жасанды интеллект алгоритмдерін жетілдіруге, ғылыми зерттеулер жүргізуге, сөйлеу ерекшеліктеріне қатысты деректер қорын кеңейтуге және өнімнің сапасын арттыруға мүмкіндік алдық.

Әсіресе, медицина саласының мамандарымен және ғылыми қауымдастықпен бірлесіп жұмыс істеу технологияны нақты қажеттіліктерге бейімдеуге жол ашты. Біздің басты мақсатымыз – тілі мүкіс адамдар мен медицина мамандарының арасындағы байланысты жеңілдететін, қоғамға шынайы пайда әкелетін технологияны дамыту. Мен үшін Soile AI – ең алдымен әлеуметтік маңызы бар жоба. Сондықтан, болашақта бұл технологияны сөйлеу ерекшелігі бар адамдар үшін барынша қолжетімді, мүмкіндігінше тегін сақтауды қалаймын. Алайда, кез келген әлеуметтік бастама тұрақты дамуы үшін қаржылық негіз де қажет. Сол себепті біз жобаны басқа бағыттар арқылы монетизациялап келеміз. Мәселен, бизнеске арналған Speech-to-Text технологиясын ұсынамыз. Ол компанияларға қоңырауларды автоматты түрде мәтінге айналдыруға, сату бөлімінің жұмысын талдауға, клиенттермен қарым-қатынастың сапасын арттыруға және қызмет көрсету үдерістерін жетілдіруге мүмкіндік береді. Осы бағыттан түсетін табыс әлеуметтік миссиямызды жалғастыруға жол ашады.

Сонымен қатар, бірнеше кәсіпкерлік бағытта жұмыс істеймін. Командамызбен AI-консалтинг қызметін көрсетіп, компанияларға жасанды интеллектке негізделген шешімдер әзірлейміз, тапсырыс бойынша сайттар мен мобильді қосымшалар жасаймыз. Бұдан бөлек, TikTok платформасында продюсерлікпен айналыстым, сондай-ақ Қытайдан AI мүмкіндіктері бар смарт-көзділдіктерді әкеліп, нарыққа ұсындым. Мұның бәрі маған кәсіпкерлік тәжірибе жинақтап қана қоймай, Soile AI-дың тұрақты дамуына қажетті ресурстарды қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Сонымен бірге, мен үшін алған тәжірибемді өзгелермен бөлісу де маңызды. Сондықтан, өз жобасын дамытқысы келетін талапты жастарға тегін тәлімгерлік етемін. Мен үшін олардың жасы емес, идеясының жаңашылдығы, еңбекқорлығы және қоғамға нақты пайда әкелуге деген ұмтылысы маңызды. Себебі, үлкен өзгерістер көбіне үлкен мүмкіндіктен емес, бір адамның сенімінен басталады. Егер менің тәжірибем бір жасқа өз идеясын жүзеге асыруға жігер берсе, онда өзімнің ең үлкен жетістіктерімнің бірі деп есептеймін.

– Болашақтағы ең үлкен арманыңыз қандай?

– Менің ең үлкен арманым – өз елімнің дамуына нақты үлес қосу. Әлемдік деңгейдегі технологиялық жобалар жасап, қазақстандық жастардың да үлкен жетістікке жете алатынын дәлелдегім келеді. Сонымен қатар, еліміздегі ғылым қауымдастығының дамуына атсалысып, инновация мәдениетінің қалыптасуына өз үлесімді қосуды мақсат етемін. Қазір әлеуметтік желілерде жеке блогымды жүргізіп жүрмін. Оның басты мақсаты – өз қатарластарыма жаңа мүмкіндіктер туралы айтып, жастарды ақпараттық технологиялар саласына қызықтыру, осы бағытқа талантты әрі талапты жастарды көбірек тарту.

Ең бастысы, ол адамдардың өмірін жеңілдетіп, қоғамдағы өзекті мәселелерді шешуге қызмет етуі керек. Егер менің жобаларым мен блогымның арқасында бір жас өзіне сеніп, IT саласына қадам басса немесе өз идеясын жүзеге асыруға бағылдық, алса, бұл мен үшін үлкен жетістік. Өйткені, Қазақстанның болашағы білімді, жаңашыл және өз еліне қызмет етуді мақсат еткен жастардың қолында.

– Үкілі, ашық әңгімеңізге рақмет.

СҰХБАТТЫҢ
ТОЛЫҚ
НҰСҚАСЫН
ГАЗЕТТІҢ
САЙТЫНАН
ОҚЫҢЫЗ



■ АРМАНҒА БАСҚАН НЫҚ ҚАДАМ

– Үкілі, бүгінде Сізді көпшілік стартап негізін қалаушы жас өнертапқыш ретінде танып келеді. Алдымен Өзіндік оқырманға жақынырақ таныстырып өтсеңіз...

– Мен жасанды интеллект саласында жұмыс істейтін кәсіпкермін әрі Soile AI жобасының негізін қалаушысымын. Алматы қаласында дүниеге келіп, қарапайым қазақ отбасында өстім. Балалық шағымның көп бөлігі әжемің тәрбиесінде өтті. Сол кісінің мейірімі мен ата-анамның тәлімі менің өмірлік ұстанымымды қалыптастырды. Олар маған ең алдымен адал еңбек етуді, қарапайым болуды және қандай іс атқарсам да, оның адамдарға пайдасы тиюі керектігін үйретті. Отбасымыздың IT саласына еш қатысы жоқ. Әкем қауіпсіздік инженері, анам эпидемиолог. Соған қарамастан, олар менің кез келген бастамама сеніп, әрдайым қолдау көрсетті.

Ғылымға деген қызығушылығым ерте оянды. Он бір жасымнан ғылыми жобалар әзірлеп, зерттеу жұмыстарымен айналыса бастадым. Уақыт өте келе бұл қызығушылық жасанды интеллект пен технологиялық кәсіпкерлікке ұласты. Қазір соның нәтижесінде адамдардың өмірін жеңілдететін жобаларды жүзеге асырып келемін. Биыл әлемдегі ең үздік ТОП-100 әйел tech-жұмысшыларының қатарына енуім тынымсыз еңбектің жемісі деп білемін.

Бала күнімде тек ғылымға емес, өнерге де жақын болдым. Домбыра тартып, ән айтып, би мен актерлік шеберлікке қатыстым. Сондай-ақ, арманыма адал болып, өзгелерге жақсылық жасауға ұмтылатын кейіпкерлер туралы фильмдерді сүйіп көретінмін. Олар да менің дүниетанымымның қалыптасуына әсер етті. Бүгінде қай іспен айналыссам да, басты мақсатым – технологияның мүмкіндігін адам игілігіне жаратып, қоғамға нақты пайда әкелу.

– Кейде адамның өмір жолын бір ғана шешім өзгертіп жатады. Сіздің де Назарбаев Зияткерлік мектебінен қарапайым мектепке ауысуыңыз көпшілікті қызықтырғаны рас. Бұл шешім қалай қабылданды?

– Бұл шешім оңай қабылданған жоқ. Назарбаев Зияткерлік мектебіне өз еңбегіммен грантқа түсіп, білім алу мен үшін үлкен жетістік еді. Қарапайым отбасынан шыққан бала ретінде оның қандай мүмкіндік беретінін жақсы түсіндім. Сондықтан, мектептен кету аяқ астынан жасалған қадам емес, ұзақ ойланған шешім болды. Уақыт өте келе мені бір ой мазалай бастады: алған білім тек теория күйінде қалмай, нақты іске, қоғамға пайда әкелетін нәтижеге айналуы керек. Мен кәсіпкерлікке ден қойып, жобаларымды дамытуға, идеяларымды тәжірибе арқылы шыңдауға көбірек уақыт бөлім келді. Сол себепті өзіме жауапкершілік алып, тәуекелге бардым. Қазір Алматы облысы Қарабұлақ ауылындағы №22 орта мектепте білім алып жүрмін.

Алматы – еліміздегі технология мен инновацияның ірі орталығы. Мұнда жастарға арналған көптеген IT жобалар, стартап қауымдастықтары мен білім беру алаңдары бар. Алайда, мұндай мүмкіндіктер барлық оқушыға бірдей қолжетімді емес. Әсіресе, қарапайым мектептерде немесе ауылдық жерлерде оқитын балалардың

Менің ойымша, баланың болашағын оның қай мектепте оқитыны емес, оған берілген мүмкіндік пен өзіне деген сенімі айқындайды. Бүгінде сол таңдауыма еш өкінбеймін.

Қазір сөйлеу қабілеті бұзылған адамдарға арналған Soile AI жобасын дамытып, бірнеше кәсіпкерлік бағытпен айналысып жүрмін. Мен үшін ең үлкен жетістік өз арманыңа жету ғана емес, сол арман арқылы өзгелердің өміріне пайда әкелу. Егер менің тәжірибем бір ғана жасөспірімге өз күшіне сенуге себеп болса, онда таңдаған жолымның мәні одан сайын арта түседі.

■ «SOILE AI ЖОБАСЫН БАСТАҒАНДА НЕБӘРІ 15 ЖАСТА ЕДІМ»

– Кейде үлкен жаңалық бір ғана өмірлік оқиғадан бастау алады. Сіздің де қоғам игілігіне арналған Soile AI жобасын жасауға не түрткі болды? Бұл идея қалай дүниеге келді?

– Soile AI жобасын бастағанда небәрі 15 жаста едім. Иә, бұл жобаның түп-тамыры менің отбасымдағы ауыр жағдайдан бастау алады. Алдымен атам, кейін әжем инсульт алып, екеуінің де сөйлеу қабілеті бұзылды. Олар ойын жеткізгісі келгенімен, кейде ең жақын адамдарының өзі сөзін бірден түсіне алмайтын. Балалық шағымда осы көрініске талай рет күй болдым. Жақынының жанайқайын сезініп тұрып, айтқанын ұғына алмау өте ауыр екен. Сол кезде санамда бір сұрақ қайта-қайта жаңғыраты: әлемнің кез келген тілін аударатын технологиялар бар, ал неге сөйлеу қабілеті бұзылған адамның сөзін түсінетін «аудармашы» жоқ? Уақыт өте келе бұл жай ғана сұрақ емес, өмірлік мақсатқа айналды. Он бес жасымда осы мәселені жан-жақты зерттей бастадым. Сонда әлемде 800 миллионнан астам адамның түрлі деңгейдегі сөйлеу бұзылыстарымен өмір сүретінін білдім. Мұндай қиындыққа тек инсульт емес, церебралды сал ауруы (ДЦП), Паркинсон дерті және үш жүзден астам ауру мен неврологиялық жағдай себеп болуы мүмкін екен. Сол сәтте бұл мәселенің тек менің отбасымның емес, миллиондаған адамның тағдырына қатысты екенін түсіндім. Осылайша, Soile AI жобасы дүниеге келді. Оның мақсаты – сөйлеу қабілеті бұзылған адамның дауысын жасанды интеллект арқылы талдап, ойын өзгелерге түсінікті түрде жеткізуге көмектесу.

Бүгінде технологиямызға халықаралық патент берілді. Қазір Қазақстан, Өзбекстан және Ресейдегі клиникалармен бірлесіп жұмыс істеп, жүйені тәжірибеден өткізіп жатырмыз. Сонымен қатар, оны Орталық Азия халықтарының тілдік ерекшеліктеріне бейімдеп, өңірдегі сөйлеу бұзылыстары бар адамдардың дауысын дәлірек танытпайды етіп жетілдіру үстіндеміз. Егер осы жоба бір адамның өз ойын еркін жеткізуіне, бір отбасының бір-бірін жақсырақ түсінуіне мүмкіндік берсе, онда ең бегіміздің ақталғаны.

– Сөйлеу қабілеті бұзылған адамның сөзін жасанды интеллект арқылы дәл тану – үлкен ізденіспен табандылықты талап ететін күрделі жұмыс. Осы жобаны әзірлеу барысында күрделі кезең қайсы болды және оны қалай еңсері алдыңыз?

– Бұл жобадағы ең үлкен сынақтың бірі – деректер қорын жинақтау болды. Жасанды интеллектің сапа-

нврологиялық жағдай бар. Сондықтан, әр адамның сөйлеу мәнері, дыбысты айту ерекшелігі мен сөз құрауы бір-біріне мүлде ұқсамайды. Дәл осы ерекшелік біздің жұмысымызды күрделендірді. Себебі, жасанды интеллект әртүрлі диагнозы бар адамдардың сөйлеуін түсінуі үшін мыңдаған емес, жүздеген мың, тіпті миллиондаған мысалды үйренуі қажет. Мұндай деректерді жинау үлкен уақытты, табандылықты және дәрігерлер мен пациенттердің қолдауын талап етеді.

Бүгінде біздің базада 35 мыңнан астам бірегей аудиожазба жинақталды. Әрқайсысы адамның өмірінен алынған нақты мысалдар. Біз медициналық мекемелермен бірлесіп, деректер қорын үздіксіз толықтырып келеміз. Әрбір жасқа аудиожазба жүйенің сөйлеуді дәлірек тануына және қателік ықтималдығын азайтуға мүмкіндік береді. Менің ойымша, технологияны жасаудағы ең қиын нәрсе – бағдарламаны жазу емес, адамның ерекшелігін түсінетін жүйені қалыптастыру. Сондықтан, біз үшін әрбір жаңа дерек сөйлеу қабілеті бұзылған адамның қоғаммен еркін қарым-қатынас жасауына жақындататын тағы бір маңызды қадам.

– Soile AI қазір дәрігерлердің тәжірибелік сынағынан өтіп жатыр. Алғашқы нәтижелер не көрсетті? Дәрігерлер мен пациенттердің Сіз үшін ең құнды пікірі қандай болды?

– Қазіргі таңда Soile AI бірнеше медициналық орталықта сынақтан өтіп жатыр. Алғашқы нәтижелер біз күткеннен де үмітті болып шықты. Ең бастысы, дәрігерлер технологияны нақты қажеттіліктен туғанын айтып, оның күнделікті жұмысқа пайдалы болатынын атап өтті. Бұл біз үшін кез келген марапаттан да маңызды баға.

Бүгінде кез келген адам Soile AI жүйесін пайдаланып, модельді өзінің нақты диагнозына бейімдеп үйрете алады. Ол үшін қолданушы арнайы мәтіндерді дауыстап оқып, аудиожазбаларын жүйеге жүктейді. Осылайша, жасанды интеллект әр адамның сөйлеу ерекшелігін біртіндеп меңгеріп, уақыт өте келе сөзді әлдеқайда дәл тани бастайды. Бұл тәсіл сөйлеу бұзылыстарының сан алуан түріне бейімделуге және технологияның сапасын үздіксіз арттыруға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта бізге ТМД елдерінің түкпір-түкпірінен 58 логопед қолдау көрсетіп келеді.

Сынақ барысында логопедтер мен дефектологтардың айтқан бір пікірі біз үшін ерекше құнды болды. Олар: «Мұндай технология мамандық алмастырмайды, керісінше оның жұмысын жеңілдетіп, пациентпен қарым-қатынасты әлдеқайда тиімді етеді!», – деді. Біз де дәл осы ұстанымды басшылыққа аламыз. Сондықтан, өнімді дәрігерлердің, логопедтердің және пациенттердің ұсыныстары негізінде тұрақты түрде жетілдіріп келеміз. Біздің мақсат – медициналық маманның орнын басу емес, оның сенімді көмекшісіне айналу.

Қазір жүйе 35 мыңнан астам бірегей аудиожазба негізінде оқытылып жатыр. Әрбір жаңа пайдаланушының қатысуы модельдің дәлдігін арттырып, сөйлеу ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бұл – бір ғана өнімді дамыту емес, сөйлеу қабілеті бұзылған адамдарға арналған үлкен деректер қорын қалыптастыру жолындағы маңызды қадам.

Соңғы айларда жобаға қызығушылық айтарлықтай өсті. Бүгінде Орталық Азия елдерімен қатар Қытай,

2026 жылғы 1 шілдеден бастап елімізде 15 наурыздағы республикалық референдумда қабылданған жаңа Конституция ресми түрде өз күшіне енді. Екі палаталы Парламенттен бір палаталы жүйеге көшу мәселесі жолға қойылды. Жоғарғы палатаның қызметін атқарған Сенат өз жұмысын аяқтады. Сенат пен Мәжілістің орнына бір палаталы Парламент, яғни Құрылтай өз жұмысын бастайтын болды. Жаңа Конституция – елдің саяси-әлеуметтік және құқықтық дамуына бағыт беретін маңызды құжат болып табылады. Бұл жасалып жатқан демократиялы қадамдар азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейтіп, мемлекеттік басқарудың жаңартылған моделін қалыптастыратынына сенімдімін.

КОНСТИТУЦИЯ – ҚОҒАМНЫҢ АЙНАСЫ



Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Құрылтайда сөйлеген сөзінде былай деген: «Құрылтайдың алдында барлық бюрократиялық ресми түріндегі кедергілерді жою, заң шығару ісінің жеделдігі мен сапасын арттыру, білікті сарапшылардың және консультанттардың қызметін тиімді ұйымдастыру қажет».

Сонымен қатар, жаңа бір палаталы Құрлтай тек пропорционалды жүйе бойынша партиялық тізімдер арқылы сайланатын 145 депутаттан тұрады. Олардың өкілеттілік мерзімі – бес жыл. Жаңадан сайланған депутаттарды Құрылтайдың келісімінсіз ұстауға, қамауға алуға немесе қылмыстық жауапкершілікке тартуға болмайды. Вице-президент Құрылтайдың келісімімен тағайындалады. Егер Президент қызметінен бұрын кетсе, оның өкілеттіктері алдымен вице-президентке ауысады. Сайланған Халық Кеңесі халықтың мүддесін қорғайтын орган болып өз қызметін жалғастырады. Заман талабына сай, жаңа технологиялардың дамуына орай, цифрлық ортада адамның дербес деректерін қорғау мәселесі де басты назарда болу керек екенін атап көрсетті. Жоғарғы Сот судьяларын тағайындау және қызметінен босату, олардың анттарын қабылдау, қажет болған жағдайда судьялар мен депутаттарды қолсұғылмаушылық құқығынан айыру мәселесі де қаралатын болады. Президент Бас прокурорды, Конституциялық және Жоғарғы соттардың төрағаларын, Ұлттық банк басшыларын тағайындау құқығына ие болады.


Мультимедиялық дәстүрлі музыка орталығында жаңадан қабылданған тарихи құжат – Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясына арналған кездесу сағаты ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты – қабылданған Ата Заңымыздағы өзгерістер мен толықтырулар еліміздің экономикалық-саяси бетбұрыстарындағы түбегейлі өзгерістер мен реформаларға жасалған саяси қадам екенін түсіндіру.

Осы іс-шарға Қазақстан ИИМ Мақан Есболатов атындағы Алматы академиясында Қылмыстық құқық және криминология кафедрасы бастығының орынбасары, полиция полковнигі Айболат Тілеубайұлы және академияның тыңдаушылары мен 7552 әскери бөлімінің курсанттары қатысты. Құқық саласының қызметкері жаңа Заңдағы өзгерістерге тоқталып, әрқайсысын талдап берді.

Іс-шараға қатысушылар да Заңдағы өзгерістер туралы өз ойларын ортаға салды. Азаматтардың цифрлық ортада дербес деректерді қорғау, зияткерлік меншік құқығы, экологияны қорғау, заң мен тәртіпті қатаң бақылауда ұстау мәселесі төңірегінде көптеген пікірлерін білдірді. Олар Миранда заңының рөлі, құқық қызметкерлері ұстап алған жағдайда адвокаттың көмегіне қалай жүгінуге болатыны туралы айтты.

Руза ЖҮНИСҚЫЗЫ,
Мультимедиялық дәстүрлі музыка орталығының жетекшісі,
ҚР Мәдениет саласының үздігі, тарихшы

АСТАНАДА ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН ЕРЕСЕКТЕРГЕ АРНАЛҒАН ТЕГІН КУРС ӨТЕДІ



Мекеменің хабарлауынша, ересектерге арналған курс тегін ұйымдастырылады. Өтініштер 1-31 шілде аралығында қабылданады. Курс 3 тамыз күні басталады. Оқыту офлайн және онлайн форматта өтеді.

– Ұзақтығы – 4 ай. Сабақ аптасына 3 рет ұйымдастырылады, – делінген хабарламада.

Курс соңында қатысушыларға сертификат табысталады.

Курсқа тіркелу үшін Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 9, 209-кабинетке жүгіну қажет.

Байланыс телефондары:

- Жұмыс: +7 (717 22) 4 90 52;
- Ұялы: +7 (707) 497-71-43.

ФОТО: AKORDA.KZ



Елімізде 2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдумда қабылданған жаңа Конституция 1 шілдеден бастап ресми түрде күшіне енді. Жаңартылған Негізгі Заңның басты қағидаттарының бірі – адам, оның өмірі, құқығы мен бостандығы мемлекеттің сөзсіз басымдығы екендігі.

Жансая ШЫҒЫСХАН

Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Артур Ластаев жаңа Конституция мемлекеттік құрылымға ғана емес, мемлекет пен азамат арасындағы қатынастар философиясына да әсер ететін ауқымды өзгерістерді бекітетінін айтады.

– Егер бұрын адам құқықтары маңызды құндылықтардың бірі ретінде қабылданып келсе, енді олар Конституцияның бүкіл мәтінінде көрініс тауып, оның негізіне айналды. Адамға бағдарланған және оның құқықтарының басымдығы идеялары Конституцияның өн бойында бар. Олар барлық негізгі қоғамдық институттарға еніп, мемлекет пен азаматтардың бағдарын айқындайды. Негізгі Заң ауқымды конституциялық жаңартудың негіздерін көрсетеді және мемлекеттің одан әрі дамуының іргелі негізі болып табылады, – деп атап өтті Артур Ермекұлы.

Тәуелсіз Қазақстан тарихында тұңғыш рет Конституцияның кіріспесі адам мен оның құқықтары және бостандығының мүлтіксіз сақталуын тікелей жариялайтыны аса символдық өзгерістердің бірі болды. Конституцияның екінші бөлімінің атауы да өзгерді. Қазір ол «Негізгі құқықтар, бостандықтар мен міндеттер» деп аталады. Атаудың өзі бүкіл конституциялық жүйенің бастапқы нүктесіне айналатын адам құқықтары екенін көрсетеді. Негізгі Заңның жаңа редакциясында өмір сүру құқығы ерекше орын алады. Конституция оны туғаннан бастап әр адамның ажырамас құқығы ретінде бекітеді.

Негізгі Заңның маңызды кепілдіктерінің ішінде кінәсіздік презумпциясының да орны бөлек. Конституция адам сот дәлелдегенге дейін кінәсіз деп саналатынын растайды. Бұл тәсіл азаматтарды қоғамдық айыптаудан қорғайды, сонымен қатар олардың іскерлік және жеке беделін сақтауға ықпал етеді. Сонымен бірге Конституция әділеттілік пен жазаның пропорционалдылығының халықаралық қағидаттарын бекітеді. Ең маңызды кепілдіктердің бірі – сол бір әрекет үшін қайта жауапқа тартуға тыйым салу.

Тағы бір маңызды конституциялық кепілдік – адамның өзіне және жақын туыстарына қарсы куәлік бермеу құқығы. Сонымен қатар, осыған ұқсас қорғаныс діни қызметкерлерге конфессия кезінде алынған мәліметтерге қатысты да қолданылады. Бұл норма азаматтарды өзін-өзі айыптаудан және тергеу барысында болуы мүмкін заңсыз қысымнан қорғауға бағытталған.

Жаңа Конституция сонымен қатар жеке басына қол сұғылмаушылықты қорғауды күшейтеді, әділ сотқа қол жеткізу құқығының қосымша кепілдіктерін бекітеді және сөз бостандығы мәселелерін түбегейлі реттейді. Жеке нормаға сәйкес, сот шешімінсіз адамды тұрғын үйден айыру ғана емес, оны одан шығару да мүмкін емес. Шын мәнінде, Конституция сот кепілдіктерін кеңейтеді және азаматтардың өмірінің ең осал салаларындағы қорғанысын күшейтеді.

Артур Ластаевтың айтуынша, жаңа конституциялық кепілдіктер азаматтарға іргелі құқықтар мен бостандықтардың кең спектрін ұсынады, бірақ оларды заңды және басқа адамдардың құқықтарын құрметтемей жүзеге асыру мүмкін емес.

– Осы новеллалардың барлығы Қазақстан азаматтарына жаңа Конституцияда бекітілген іргелі құқықтар мен бостандықтарға кепілдік берілгенін айғақтайды. Бірақ, оларды пайдалану – үлкен жауапкершілік. Бұл азаматтық жауапкершіліктің жоғары дәрежесін, заңға, қоғамның мүдделеріне және басқа адамдардың құқықтарына құрметпен қарауды білдіреді. Бостандық пен жауапкершілік арасындағы осы тепе-теңдік сақталған жағдайда ғана әділ, құқықтық және гүлденген мемлекет құруға болады. Сондықтан, әрбір азамат өз құқығын біліп, қорғап қана қоймай, елдің заңдылығы мен дамуын нығайтудағы өз рөлін түсінуі маңызды, – деп атап өтті 43 жастағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл.

Жаңа Конституция Қазақстан үшін жаңа құқықтық қана емес, саяси жаңғырудың неғұрлым күрделі кезеңін де ашты. Енді Негізгі Заңның нормалары мемлекеттік басқаруда, сот жүйесінде, экономикада және әлеуметтік салада қаншалықты дәйекті түрде қолданылатыны шешуші рөл атқарады. Конституциялық Соттың жаңа Конституция күшіне енгеннен кейін оны қолдану туралы ресми түсіндірмесі осы үдерістің маңызды бөлігіне айналды. Ол құқықтық айқындықты қамтамасыз етуге, нормаларды біркелкі түсіндіруге және өтпелі кезеңдегі мемлекеттік институттардың тұрақтылығын сақтауға бағытталған.

Заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Раиса Орсаеваның айтуынша, жаңа Конституция Қазақстан дамуының жаңа кезеңі басталғанын білдіреді.

НЕГІЗГІ ЗАҢ:

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚАЛАЙ КҮШЕЙТЕДІ?

– Жаңа кезең дегеніміз – жаңа конституциялық тәртіп, мемлекеттік құрылымның жаңа моделі және нақты ережелер жүйесі. Сондықтан, Конституциялық Соттың шешімі нақты сұраққа жауап ретінде ғана емес, сонымен бірге жаңа кезеңнің құқықтық архитектурасының элементі ретінде де маңызды. Осы тұрғыда бұл шешім реформалардың сабақтастығын қолдайды деп айтуға болады. Бұл белгісіздікті болдырмауға көмектеседі, Конституция нормаларының біркелкі қолданылуын қамтамасыз етеді және басталған қайта құрулардың тұрақты құқықтық шеңберде жалғасуына жағдай жасайды, – дейді Раиса Әнуарқызы.

Реформаларды жалғастырудың басты мәні – сенімді нығайту. Азаматтар мәлімделген өзгерістердің іс жүзінде жүзеге асырылып жатқанын көргенде, мемлекетке, заңдарға және институттарға деген сенімі артады. Бұл – ұзақ мерзімді дамудың негізгі шарттарының бірі.

Алда тағы бірнеше маңызды кезең бар. Экономикалық жүйені жаңарту, заңдылықты қамтамасыз ету, әлеуметтік әділеттілікті дамыту және мемлекеттік шешімдердің сапасын арттыру жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет. Реформалар құжаттарда ғана емес, азаматтардың күнделікті өмірінде де көрініс табуы керек.

Бүгінде қоғам реформалардың басталуын ғана емес, олардың нақты нәтижесін күтуде. Адамдар өмір сүру сапасының жақсарғанын, әділеттілікті, құқықтық қорғауды, тұрақты экономиканы және дамудың нақты мүмкіндіктерін көргісі келеді. Сондықтан, жаңғыртудың қорытынды бағасы оның қарапайым адамның өміріне қаншалықты әсер ететініне байланысты болады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұзақ мерзімді стратегиясы дәл осы мақсаттарға бағытталған. Яғни, азаматтардың әл-ауқатын жақсарту, әділ қоғам құру және экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру – оның негізгі басымдықтары. Сондықтан, басталған саяси және экономикалық реформалардың толық аяқталуы Қазақстанның ұзақ мерзімді дамуының маңызды шарты болып қала береді.

Astana International University Жоғары құқық мектебінің профессоры, заң ғылымдарының докторы, ҚР Конституциялық Соты жанындағы Ғылыми-консультативтік кеңестің мүшесі Арыстан Ақпановтың айтуынша, Конституциялық Сот жұмысының үш жарым жылында 88 нормативтік қаулы қабылданған. Оның үштен бір бөлігі қылмыстық сот ісін жүргізу мәселелеріне қатысты болды. Оларды іске асыру қылмыстық іс жүргізу заңнамасының бірқатар нормаларын Конституцияға сәйкестендіруге және азаматтардың құқықтарын қорғау кепілдіктерін күшейтуге мүмкіндік берді. Ол Конституцияда бекітілген кепілдіктердің жалпыға бірдей танылған халықаралық стандарттарға сәйкес келетінін және тәуелсіз, бейтарап әрі әділ сот жүйесінің негізі ретінде қызмет ететінін атап өтті.

– Жаңа Конституцияны әзірлеу кезінде қолдауға лайық көптеген ұсыныс ескерілді. Олардың ішінде 18-баптың 2-тармағының редакциясына қатысты айтарым бар. Алғашқы редакцияда жеке тұлғаның «супер кепілдіктері» болады, оны алғаш ұстауға тек тергеу судьясының санкциясымен ғана рұқсат етіледі делінген еді. Енді бостандықты шектеуге сараланған тәсіл қолданылатын болады. Соған сәйкес адамды 72 сағаттан артық ұстауға болмайды, – деді ол.

Арыстан Нүкешұлының пікірінше, заңнаманы одан әрі жетілдіру азаматтардың құқықтарын қорғау үшін де, сот төрелігі органдарының тиімді жұмысын қамтамасыз ету үшін де іс жүргізу кепілдіктерін дамытуға бағытталуы тиіс. Сонымен қатар, сарапшы Конституцияның жаңа кіріспесінің ерекше маңыздылығын атап өтті.

Адвокат Григорий Громоветың айтуынша, әлемдік тәжірибені қолдана отырып, уақыт өте келе адвокатураның деңгейі жоғарылайды. Әрине, мұның бәрі азаматтардың құқықтарын

қорғауға ықпал етеді, өйткені азаматтар адвокатура институты арқылы тікелей адвокаттарға жүгіне алады. Жалпы, адвокатура институтының дамуына байланысты адамның өзін қорғалған сезінуіне негіз бар. Адвокатура мен прокуратураның теңдігі мәселесі шамамен 20 жыл бойы кәсіби ортада талқыланып келеді. Бүгінде адвокатура тек қызмет көрсету саласы ретінде қабылданады. Алайда, жаңа Конституцияның қабылдануы бұл институтты конституциялық деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, «Адвокатура туралы» заңға конституциялық заң мәртебесін беру мүмкіндігі қарастырылуда.

Күшіне енген жаңа Конституция саяси жүйені түбегейлі жаңғыртуды және азаматтардың құқықтық кепілдіктерін нығайтуды көздейді. Жалпыұлттық референдумда Негізгі Заңның қабылдануы билік архитектурасына әсер еткен ауқымды институционалдық өзгерістермен байланысты болды. Атап айтқанда, бір палаталы Құрылтай құру, Вице-президент институтын енгізу және Президенттік басқару нысанын сақтай отырып, адам құқықтарын қорғау тетіктерін күшейту көзделді.

Өзгерістердің көбі билік жүйесіне әсер еткенін түсіну керек. Яғни, бізде екі палаталы Парламенттің орнына бір палаталы Құрылтай құрылып, Вице-президент лауазымы енгізіліп, жоғары мемлекеттік органдарды қалыптастыру тәртібі өзгеруде. Мұндай өзгерістерді бұрынғы Конституцияға жекелеген түзетулер енгізу арқылы жүзеге асырғаннан гөрі, жаңа Конституция қабылдау әлдеқайда дәйекті әрі заңды шешім болды, – дейді Халықаралық қатынастар жөніндегі сарапшы Лияс Бақтығалиев.

Оның айтуынша, жаңартылған Негізгі Заңның басты мақсаты – мемлекеттік аппаратты басқарудың базалық негіздерін бұзбай, оны ауқымды түрде жаңғырту.

– Мұндағы басты идея – бұрынғы президенттік модельден бас тартпай, мемлекеттік жүйенің өзін түбегейлі жаңарту. Президент шешуші рөлін сақтайды, Құрылтай бақылау өкілеттіктерін кеңейтеді, ал азаматтардың құқықтары бұрынғыдан да толық жазылады. Менің ойымша, бұл – мемлекетті басқару тиімділігін биліктің өзіне қойылатын қатаң талаптармен үйлестіруге бағытталған қадам, – деп атап өтті спикер.

ҚР Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның Төрағасы Жақып Асанов жаңа Ата Заң күшіне енгеннен бері Адам құқықтары жөніндегі комиссияның жауапкершілігі едәуір артқанын айтты. Оның пікірінше, комиссия бар проблемаларды талдаудың және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың конституциялық кепілдіктерін жетілдірудің негізгі тетіктерінің біріне айналуда.

– Жаңа Конституция адам құқықтарын қорғау кепілдіктерін едәуір нығайтты. Негізгі Заңда Миранда ережесін бекіту, іс жүргізу кепілдіктерін күшейту, сот арқылы қорғалудың конституциялық тетіктерін жетілдіру сияқты құқықтар мен бостандықтарды қамтамасыз етудің заманауи құқықтық тетіктері дамытылды. Сонымен қатар, Конституция жеке өмірге қол сұғылмаушылық құқығын қазіргі цифрлық шындыққа бейімдеді. Бұл біздің Негізгі Заңымызды басқа елдердің көптеген конституцияларынан ерекшелендіреді. Мұның бәрі Қазақстанның жаңа саяси-құқықтық мәдениетке көшуін көрсетеді. Оның өзегінде адам, оның қадір-қасиеті мен ажырамас құқықтары тұр, – деп атап өтті Жақып Қажманұлы.

Комиссияның жаңартылған құрамының үштен біріне жуығы жаңа мүшелерден құралған. Оның құрамына мемлекеттік органдардың, сот жүйесінің, адвокатураның, құқық қорғау ұйымдарының, ғылыми қоғамдастықтың және азаматтық сектордың өкілдері кірді. Кәсіби тәжірибе мен тәуелсіз сараптаманың мұндай үйлесімі адам құқықтарын қорғаудың өзекті мәселелерін жан-жақты әрі әртүрлі көзқарасты ескере отырып қарастыруға мүмкіндік береді.

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Күшіне енген Конституция мемлекеттік басқару архитектурасын өзгертіп қана қоймай, мемлекет пен азамат арасындағы қарым-қатынастың түбегейлі жаңа философиясын қалыптастырды. Адамның құқықтары мен бостандықтары ең жоғары конституциялық құндылық ретінде бекітілді, ал «Заң мен тәртіп» және «Әділ Қазақстан» қағидаттары мемлекеттік саясаттың іргелі бағдарына айналды.



Индира
БІРЖАНСАЛ

■ ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІП: АЛДЫН АЛУ
МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК

Бүгінде елімізде полицияның сервистік моделін қалыптастыру, құқық қорғау жүйесін кешенді цифрландыру, жасанды интеллект технологияларын енгізу және қылмыстың алдын алудың тиімді тетіктерін жетілдіру бағытында ауқымды жұмыстар жүзеге асырылып жатыр. Бұл өзгерістердің басты мақсаты – құқық бұзушылыққа тек жауап беру емес, оның алдын алып, азаматтардың қауіпсіз ортада өмір сүруіне жағдай жасау.

Полицияның сервистік модельге көшуі, құқық қорғау жүйесін ауқымды цифрландыру, сондай-ақ 2024-2026 жылдарға арналған есірткі бизнесіне, лудоманияға және киберқылмысқа қарсы кешенді жоспарлардың іске асырылуы елімізде жаңа құқықтық экожүйенің қалыптасуына серпін берді. Бұл бастамалар қылмыспен күрестің дәстүрлі тәсілдерін жаңа технологиялық шешімдермен ұштастырып, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің тиімділігін арттыруға бағытталған.

Соңғы жылдары Қазақстанның құқық қорғау жүйесі түбегейлі жаңғыру кезеңіне қадам басты. Реформалардың негізіне Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың полиция қызметін қатаң әкімшілік басқару үлгісінен халыққа қызмет көрсетуге негізделген сервистік модельге көшіру жөніндегі тапсырмасы алынды. Бұл өзгерістің басты ерекшелігі полиция қызметінің тиімділігі енді тек ашылған қылмыстардың санымен емес, ең алдымен азаматтардың құқық қорғау органдарына деген сенімімен, қоғамдағы қауіпсіздік деңгейімен және халықтың өзін қаншалықты қорғалған сезінуімен бағаланатын болды. Осы мақсатта қабылданған 2024-2028 жылдарға арналған «Қоғаммен серіктестікте қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұжырымдамасы» құқық қорғау органдары мен азаматтық қоғам арасындағы өзара сенімді нығайтуға, профилактикалық жұмысты күшейтуге және сервистік полиция қағидаттарын орнықтыруға жол ашты.

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2026 жылдың басында полицияға деген халық сенімі 65,3 пайызға жетті. Бұл көрсеткіш құқық қорғау органдары қызметінің ашықтығын арттыру, халықпен кері байланысты күшейту және құқықтық реформалардың нақты нәтижесін көрсететін маңызды индикаторлардың бірі болып отыр.

■ ҚЫЛМЫС АЗАЙЫП, ҚАУІПСІЗДІК АРТЫП КЕЛЕДІ

Қоғамдағы құқықтық тәртіптің нақты өлшемі – қылмыс деңгейі. Соңғы бес жылдағы көрсеткіштер Қазақстанда қылмыспен күрестің жаңа тәсілдері өз нәтижесін бере бастағанын аңғартады. Заманауи технологиялардың енгізілуі, полиция қызметінің сервистік модельге көшуі және профилактикалық жұмыстардың күшеюі құқық бұзушылықтардың едәуір азаюына ықпал етті.

Ресми деректерге сүйенсек, 2020 жылы елімізде 236,6 мыңға жуық құқық бұзушылық тіркелсе, 2024 жылдың қорытындысында бұл көрсеткіш 126 мыңға дейін төмендеген. Яғни, бес жыл ішінде жалпы қылмыс деңгейі 46,7 пайызға қысқарды. Бұл құқық қорғау жүйесінде жүргізіліп жатқан реформалардың нақты нәтижесін көрсететін маңызды көрсеткіш.

Ең ауыр қылмыс саналатын адам өлтіру деректері де тұрақты түрде азайып келеді. Егер бес жыл бұрын мұндай 839 қылмыс тіркелсе, бүгінде олардың саны 1565-ке дейін қысқарған. Бұл көрсеткіштің 32,6 пайызға төмендеуіне учаскелік полиция инспекторларының алдын алу жұмыстарының күшеюі, қоғамдық орындарға интеллектуалды бейнебақылау жүйелерінің орнатылуы және қауіпсіздік инфрақұрылымының жетілдірілуі оң әсерін тигізді.

Қоғамда жиі кездесетін құқық бұзушылықтың бірі – ұрлық. Соңғы жылдары бұл бағыттағы ахуал да айтарлықтай жақсарды. 2020 жылғы 66,9 мыңдай ұрлық фактісі бүгінгі күні 31 мыңға жуық жағдайға дейін азайып, көрсеткіш 54,8 пайызға төмендеді. Сарапшылар мұндай өзгерісті «Сергек» бейнебақылау жүйесінің кеңінен қолданылуымен, тұрғын үй кешендеріндегі бұлтты бақылау технологияларының енгізілуімен және цифрлық қауіпсіздік құралдарының тиімділігімен байланыстырады.

Тонау қылмыстары бойынша оң нәтиже байқалады. Соңғы бес жылда олардың саны 75,4 пайызға қысқарып, 6,2 мыңнан 1,5 мыңға дейін төмендеді. Бұған полицияның жауап патрульдеу қызметінің кеңеюі, тәуекелі жоғары аумақтардың тұрақты бақылауға алынуы және елді мекендердегі көше жарықтандыру жүйесінің жақсаруы ықпал етті. Сол сияқты қарақшылық шабуылдардың саны да айтарлықтай азайып, 451 жағдайдан 158-ге дейін төмендеді. Яғни, бұл санаттағы қылмыс 64,9 пайызға қысқарған. Қылмыстың азаюымен қатар, оның ашылу көрсеткіші де бұрынғы болмаған деңгейге жетіп отыр. 2025 жылдың қорытындысы бойынша аса ауыр қылмыстардың 98 пайызы ашылған. Мұндай нәтижеге криминалистикалық зерттеудің заманауи әдістерін енгізу, бейнебақылау жүйелерін біртұтас цифрлық платформаға біріктіру және тергеу жұмыстарына жасанды интеллект элементтерін кезең-кезеңімен енгізу мүмкіндік берді.

Цифрлық дәуірдің жаңа сын-қатерлері құқық қорғау органдарының алдына да жаңа міндеттер жүктеп отыр. Соның бірі – киберқылмыс пен интернет-алаяқтыққа



■ Ішкі істер министрлігі, Ұлттық банк және байланыс операторларының күшін біріктірген Anti-Fraud орталығының құрылуы күмәнді қаржылық операцияларды жедел анықтап, интернет-алаяқтардың әрекетіне дер кезінде тосқауыл қоюға мүмкіндік беріп отыр.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП:
ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢА БЕТБҰРЫС

01-беттен

қарсы күрес. Соңғы жылдары бұл бағыттағы жұмыс айтарлықтай күшейіп, 2025 жылы киберқылмыстардың ашылу деңгейі 28,4 пайыздан 38,9 пайызға дейін өсті.

Сонымен қатар, бір жылдың ішінде шетелден жасалған заңсыз қол жеткізу әрекеттері мен алаяқтық сипаттағы 66 миллионнан астам күмәнді қоңыраудың жолы кесілді. Осы бағыттағы маңызды бастамалардың бірі – Anti-Fraud орталығының құрылуы. Ішкі істер министрлігі, Ұлттық банк және байланыс операторларының күшін біріктірген бұл құрылым күмәнді қаржылық операцияларды жедел анықтап, интернет-алаяқтардың әрекетіне дер кезінде тосқауыл қоюға мүмкіндік беріп отыр. Бұл цифрлық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі ведомствоаралық ынтымақтастықтың тиімді үлгісіне айналып келеді. Статистика көрсеткен оң өзгерістердің түпкі мәні сандардың азаюына ғана емес. Ең бастысы, азаматтардың қауіпсіздікке деген сенімінің артуында, құқық бұзушылықтың алдын алуға басымдық берілген жаңа жүйенің қалыптасуында. Бұл – құқық қорғау саласындағы реформалардың қоғам сұранысына жауап бере бастағанының айқын көрінісі.

■ ЦИФРЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК – ЖАҢА
ДӘУІРДІҢ БАСТЫ ТАЛАБЫ

Қылмыстың сипаты өзгерген сайын онымен күресудің тәсілдері де жаңарып келеді. Егер бұрын құқық қорғау органдары негізінен көшедегі қылмыстардың алдын алуға басымдық берсе, бүгінгі күні қауіптің елеулі бөлігі интернет кеңістігіне ойысты. Сондықтан, цифрлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мемлекеттік саясаттың жаңа бағытына айналып отыр. Осы мақсатта жүзеге асырылып жатқан 2024-2026 жылдарға арналған кешенді жоспарлар аясында халықтың цифрлық сауаттылығын арттыруға және цифрлық гигиена мәдениетін қалыптастыруға ерекше назар аударылуда. Азаматтарды интернет-алаяқтықтан, жалған ақпараттан және түрлі киберқауіптерден сақтандыру мақсатында республиканың барлық өңірінде ақ көлемді ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Бұл құқық бұзушылықтың салдарымен күресуден гөрі, оның алдын алуға негізделген жаңа саясаттың көрінісі.

Еліміздің есірткіге қарсы саясаты да жаңа кезеңге аяқ басты. Үкіметтің 2025 жылғы 19 желтоқсандағы №1117 қаулысымен бекітілген 2026-2028 жылдарға арналған нашарқорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрестің кешенді жоспары осы бағыттағы жұмысты жаңа деңгейге көтеруді көздейді. Құжатты іске асыруға 18,2 миллиард теңге қарастырылған.

Жаңа жоспардың ерекшелігі – назардың есірткіні тұтынушылардан гөрі, оны өндіретін және тарататын ұйымдасқан қылмыстық құрылымдарға аударылуы. Ендігі міндет – жасырын есірткі зертханаларын анықтап, олардың қызметін тоқтату, сондай-ақ синтетикалық есірткі өндірісінде қолданылатын прекурсорлардың заңсыз айналымына тосқауыл қою. Бұл ретте заманауи технологиялардың мүмкіндігі кеңінен пайдаланылады. Әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде есірткіні жарнамалайтын немесе таратуға бағытталған контентті анықтау үшін жасанды интеллект жүйелері енгізіледі.

Құқық қорғау органдарының техникалық әлеуеті де күшейе түседі. Қолжетімі қиын өндірістік және шалғай аумақтарда жасырын есірткі зертханаларын анықтау үшін газталдағыштармен жабдықталған ұшқышсыз ұшу

аппараттары пайдаланылмақ. Бұл қылмыскерлердің жаңа әдістеріне технологиялық артықшылықпен жауап беруге мүмкіндік береді.

Мемлекет назар аударып отырған тағы бір өзекті мәселе – құмар ойындарға тәуелділік. 2024 жылдан бастап іске асырылып жатқан Лудоманияға қарсы іс-қимылдың кешенді жоспары – азаматтардың қаржылық және әлеуметтік ал-ауқатын қорғауға бағытталған маңызды қадамдардың бірі болды. Бағдарлама аясында заңсыз ойын бизнесіне қарсы бақылау күшейтіліп, интернет арқылы ұйымдастырылатын астыртын құмар ойындарының жолын кесуге басымдық берілуде. Сонымен бірге қоғамда жауапты ойын мәдениетін қалыптастыру және тәуелділіктің алдын алу бойынша жүйелі профилактикалық жұмыстар жүргізілуде. 2026 жылға қарай мемлекет букмекерлік кеңселердің белсенді клиенттері санын 42 пайызға қысқартуды стратегиялық мақсат ретінде белгілеп отыр. Бұған қоса, заңсыз онлайн-казинолар мен астыртын ойын бизнесін ұйымдастырушыларға қатысты жауапкершілік күшейтіледі. Ал, құмар ойындарға қатысуына заңмен шектеу қойылған азаматтардың бірыңғай мемлекеттік тізілімі олардың ойын бизнесіне қатысуын тиімді бақылауға мүмкіндік береді.

Құқық қорғау жүйесін жаңғыртудың маңызды бағыттарының бірі – цифрландырудың платформалық моделіне көшу. 2026 жылы Қазақстан отандық QazTech жүйесі негізінде барлық негізгі ақпараттық ресурстарды бірыңғай цифрлық кеңістікке біріктіру кезеңін аяқтауды жоспарлап отыр. Соның нәтижесінде құқық қорғау органдарының деректер базасы өзара ықпалдасып, ақпарат алмасу жеделдейді, ал жасанды интеллект пен үлкен деректерді талдау құралдары қылмыстың алдын алу мен оны ашудың тиімділігін жаңа деңгейге көтереді. Цифрлық технологиялар бүгінгі күні құқық қорғау саласының қосымша құралы ғана емес, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің стратегиялық тетігіне айналып келеді. Сондықтан, құқықтық реформалардың табысы ендігі жерде заңнаманы жетілдірумен ғана емес, инновациялық технологияларды тиімді енгізу және қоғамның цифрлық мәдениетін қалыптастырумен де өлшенетін болады.

■ ПРОАКТИВТІ ПОЛИЦИЯ – ҚАУІПСІЗ
ҚОҒАМНЫҢ ЖАҢА ҮЛГІСІ

Қазіргі таңда құқық қорғау жүйесіндегі басты өзгерістің бірі – қылмысқа қарсы күрес философиясының жаңаруы. Егер бұрын құқық қорғау органдары көбіне құқық бұзушылық орын алғаннан кейін әрекет ететін болса, ендігі міндет – қылмыстың туындауына ықпал ететін себептерді дер кезінде анықтап, оның алдын алу. Яғни, Қазақстан біртіндеп «реактивті» басқару үлгісінен «проактивті» қауіпсіздік моделіне көшіп келеді. Бұл тәсілдің басты ерекшелігі – қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісіне тек полиция емес, мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы билік және қоғам өкілдері бірлесе атсалысады. Осы мақсатта әкімдіктер жанынан қоғамдық қауіпсіздік мәселелерімен айналысатын ведомствоаралық жұмыс топтары құрылып, өңірлердегі криминогендік ахуалды тұрақты саралап, алдын алу шараларын үйлестіреді.

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету де мемлекеттік саясаттың басым бағыты болып қала береді. Жоспарға сәйкес, 2026 жылға дейін еліміздегі барлық

мектептер мен балабақшаларды бейнебақылау жүйелерімен толық қамтамасыз етуді қамту деңгейі 100 пайызға жеткізіледі. Сонымен қатар, жекеменшік күзет ұйымдарының бақылау жүйелері Ішкі істер министрлігінің Жедел басқару орталықтарымен ықпалдастырылып, төтенше жағдайларға жедел әрекет ету мүмкіндігі едәуір артады. Құқық қорғау саласын цифрландыру да жаңа сапалық кезеңге өтуде. Қылмыстық істің тіркелуінен бастап сотқа жолдануына дейінгі барлық процесс толықтай электрондық форматқа көшіріледі. Бұл тергеу рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз етіп қана қоймай, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, құжаттарды қолдан жасау мен дәлелдерді бұрмалау әрекеттерінің алдын алуға мүмкіндік береді.

2026 жыл құқық қорғау жүйесінде қолға алынған ұзақ мерзімді реформалардың нәтижесі нақты бағаланатын маңызды кезең ретінде ерекшеленеді. 2026-2028 жылдарға арналған есірткі бизнесіне қарсы күрестің кешенді жоспары толыққанды іске асырылып бастады. Ал, наурыз айында құқық қорғау органдары қызметкерлері мен мемлекеттік қызметке үміткерлер үшін электрондық скрининг жүйесі енгізіліп, оның аясында есірткіге тәуелділік пен лудомания белгілерін анықтау тетіктері іске қосылды. Бұл мемлекеттік аппараттың кәсіби әрі моральдық жауапкершілігін күшейтуге бағытталған маңызды қадамдардың бірі.

Өткен маусым айында терроризм тұрғысынан осал нысандардың қауіпсіздік жүйелеріне жүргізілген кешенді тексерулер аяқталды. Нәтижесінде стратегиялық маңызы бар нысандардың қорғалу деңгейі қайта бағаланып, қауіпсіздік талаптары күшейтілді. Мұндай жұмыстар қазіргі геосаяси жағдайда елдің орнықты қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды құрамдас бөлігі саналады.

Экономикалық қауіпсіздік те құқықтық реформалардың ажырамас бөлігіне айналып отыр. Мемлекет 2026 жылдың соңына дейін жалпы ішкі өнімдегі көлеңкелі экономиканың үлесін 14,5 пайызға дейін төмендетуді жоспарлап отыр. Бұл заңсыз қаржы айналымын қысқартып, ұйымдасқан қылмыстық топтардың экономикалық негізін әлсіретуге әрі көлеңкелі экономиканың ауқымын азайтуға мүмкіндік береді.

Қазақстан трансұлттық қылмысқа қарсы халықаралық ынтымақтастықты да жүйелі түрде нығайтып келеді. Осы мақсатта Шанхай ынтымақтастық ұйымы мен Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы аясында терроризмге қарсы бірлескен оқу-жаттығулар өткізу жоспарланған. Мұндай халықаралық өзара іс-қимыл мемлекеттердің қауіпсіздік саласындағы тәжірибе алмасуын күшейтіп, ортақ қауіп-қатерлерге қарсы әрекет ету тетіктерінің тиімділігін арттыруға жол ашады. Қоғам қауіпсіздігі тек көшедегі құқықтық тәртіппен өлшенбейді. Ол әр отбасының тыныштығынан, әр баланың қорғалуынан басталады. Осы ұстанымға сәйкес Қазақстан тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы мемлекеттік саясатты дәйекті түрде күшейтіп келеді. Мемлекет басшысының тапсырмасымен 2024 жылдан бастап отбасылық-тұрмыстық қатынастар аясындағы адамға қарсы құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік едәуір қатаңдатылды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында: «Қауіпсіздік ең алдымен әр шаңырақтан басталады. Отбасы институтын нығайту, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау әлеуметтік мәселе ғана емес, ұлттық қауіпсіздіктің де маңызды құрамдас бөлігі», – деп атап өтті. Бұл ұстаным қазіргі құқықтық реформалардың негізгі мазмұнын айқындайды. Өйткені, заңның үстемдігі қоғамдық кеңістікте ғана емес, әр отбасының берекесі мен әр азаматтың қауіпсіз өмір сүру құқығын қорғаудан басталады.

■ ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Қазақстанның құқық қорғау жүйесінде жүзеге асырылып жатқан реформалар уақыт талабынан туындаған өзгерістер ғана емес, қауіпсіз әрі әділетті қоғам құруға бағытталған ұзақ мерзімді стратегиялық саясаттың көрінісі. Сервистік полиция моделінің қалыптасуы, жасанды интеллект пен цифрлық технологиялардың енгізілуі, қылмыстың алдын алуға негізделген проактивті басқару тәсілдерінің дамуы құқық қорғау қызметінің жаңа сапалық деңгейге көтеріліп келе жатқанын аңғартады.

Бүгінде қауіпсіздік ұғымы тек көшедегі қоғамдық тәртіппен шектелмейді. Ол киберкеңістіктегі қорғаныстан, экономикалық тұрақтылықтан, отбасы тыныштығынан, балалардың қауіпсіздігінен және азаматтардың мемлекетке деген сенімінен бастау алады. Сондықтан, құқық қорғау органдарының қызметі де заман талабына сай өзгеріп, құқық бұзушылықтың салдарымен күресуден оны алдын ала болжауға және болдырмауға бағытталған жаңа модельге көшуде.

Әрине, құқықтық мемлекет бір ғана заңның күшімен қалыптаспайды. Оның негізі – заңды құрметтейтін қоғам, жауапты азамат және халыққа адал қызмет ететін құқық қорғау жүйесі. Бұл тұрғыда Мемлекет басшысы ұсынған «Заң мен тәртіп» қағидаты мемлекеттік саясаттың ғана емес, қоғамдық сананың да басты құндылығына айналуы тиіс. Жасанды интеллект, үлкен деректер және цифрлық технологиялар құқық қорғау саласының мүмкіндігін бұрын-соңды болмаған деңгейге көтергенмен, олардың басты мақсаты өзгермейді. Ол әрбір азаматтың өмірі мен құқығын қорғау, қоғамдағы тұрақтылықты сақтау және Қазақстанның қауіпсіз әрі құқықтық мемлекет ретіндегі дамуын қамтамасыз ету. Демек, бүгін қолға алынған реформалардың нәтижесі ертеңгі күннің қауіпсіздігіне салынған сенімді инвестиция екені сөзсіз.

ҚАЗАҚСТАН ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНДЕ 7 МЫҢҒА ЖУЫҚ ӘЙЕЛ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАДЫ

Бүгінде әйелдер Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің ажырамас бөлігіне айналып, елдің қорғаныс қабілетін нығайтуға елеулі үлес қосып келеді. Олар ер азаматтармен қатар әскери қызметтің түрлі бағыттарында кәсіби міндеттерін абыроймен атқарып жүр. Бұл туралы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.



Қали ҚАМБАРОВ

Әйел әскери қызметшілер Қарулы күштердің барлық түрлері мен әскерде қызмет етеді. Олар әскери медицина, психология, қаржы, заң, байланыс, кадр жұмысы, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, іс жүргізу және ақпараттық технологиялар салаларында жауапты міндеттерді атқарып келеді. Бұл олардың тек кемекші қызметтерде ғана емес, әскери басқару жүйесінің маңызды буындарында да табысты еңбек етіп жүргенін көрсетеді.

Соңғы жылдары әйелдердің әскери қызметтегі мүмкіндіктері едәуір кеңейді. Бүгінде олар жауынгерлік қамтамасыз ету бөлімшелерінде де қызмет атқарып, штаб офицері, нұсқаушы, ұшқыш, мерген және арнайы мақсаттағы бөлімшелердің әскери қызметшісі сияқты күрделі әскери мамандықтарды меңгеруде. Сонымен қатар, әйелдер ерлермен бірге парашютпен секіріп, ұшқышсыз ұшу аппараттарын құрастырып, басқарады және Қарулы күштердің жауынгерлік әзірлігін қамтамасыз ету жөніндегі маңызды міндеттерді орындайды.

Әскери мансапты таңдаған қыз-келіншектер үшін кәсіби білім алуға да барлық жағдай жасалған. 2002

ФОТО: ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІ

Қызжібек
ӘБДІҒАНИҚЫЗЫ

■ ТАТУЛЫҚТЫҢ ТАМЫРЫ ТЕРЕҢДЕ

Қазақ ежелден ел ішіндегі бірлік пен татулықты жоғары бағалаған. Өйткені, кең далада өмір сүрген халқымыз әртүрлі жұртпен араласып, бейбіт қарым-қатынас орнатудың маңызын жақсы түсінген. Демек, Қазақстандағы ұлтаралық келісімнің негізі бүгін ғана пайда болған жоқ. Оның тарихы әріден, халқымыздың кеңпейілдігі мен қонақжай дәстүрінен бастау алғанын көреміз.

Айталық...

Әсіресе, XX ғасырдың ауыр кезеңдерінде қазақ жеріне түрлі халық өкілдері келіп қоныстанды. 1930 жылдардағы күштеп ұжымдастыру салдарынан болған ашаршылық, одан кейінгі саяси қуғын-сүргін, Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары және соғыстан кейінгі кезеңдерде Қазақстанға көптеген этностар көшірілді. Мысалы, 1937-1944 жылдарда Қазақстанға каріс, неміс, шешен, ингуш, поляк, қарашай және басқа да халық өкілдері күштеп қоныс аударылды. Сол қиын заманда қазақ халқы өзі де ауыр жағдайды бастан өткеріп отырса да, келген жұртты жатсынбай, қолындағы барымен бөлісті.

Бұл кезең халық жадында ерекше орын алды. Себебі, Қазақстан жерін мекен еткен түрлі этностардың бүгінгі татулығына сол жылдардағы өзара көмек пен адамдық қарым-қатынастың әсері зор болды.

Алайда, кеңестік кезеңдегі ұлтаралық саясат пен бүгінгі Тәуелсіз Қазақстандағы қоғамдық келісімнің айырмашылығы бар. Кеңес Одағы кезінде барлық халықтар бір мемлекет құрамында өмір сүргенмен, ұлттық мәселелер негізінен орталықтан басқарылды. Ұлттық тіл мен мәдениетті дамыту салалары ортақ кеңестік саясатқа бағындырылды. Мәселен, қазақ тілінің қоғамдық қолданысы әлсіреді, көптеген тарихи-мәдени мәселелер ашық талқылана бермеді. Ұлттардың өзара араласуы болғанымен, бұл көбіне мемлекеттік жүйенің жоғарыдан жүргізген саясаты арқылы жүзеге асты.

Ал, Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ұлтаралық келісім жаңа мазмұнға ие болды. Ендігі жерде бұл бағыт әр халықтың өзіндік мәдениетін сақтай отырып, ортақ Қазақстан азаматы ретінде бірігуіне бағытталды.

Дәл осы мезетте ел алдында үлкен міндет тұрды. Жаңа мемлекет экономикалық қиындықтарды еңсерумен қатар, қоғамдағы тұрақтылықты да сақтауы керек еді. Тәуелсіз Қазақстан үшін бейбітшілік пен қоғамдық келісім мемлекеттіліктің маңызды тіректерінің біріне айналды.

1995 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы осы бағыттағы маңызды қадамдардың бірі және оның басты мақсаты – еліміздегі түрлі этнос өкілдерінің арасындағы өзара түсіністік пен келісімді нығайту, мәдени байланыстарды дамыту болды.

Бүгінде Қазақстанда 130-дан астам этнос өкілі бір шаңырақ астында өмір сүріп отыр. Ал, Қазақстан халқы Ассамблеясы этномәдени бірлестіктердің жұмысын үйлестіретін, қоғамдық келісім мәселелерін талқылайтын маңызды алаңдардың біріне айналды.

■ БІРЛІК ЖОЛЫ

Қазақстандағы ұлтаралық келісім тек түрлі этнос өкілдерінің бірге өмір сүруі ғана емес, қоғамдық тұрақтылықты сақтап, сондай-ақ ел дамуының да маңызды шарты болып табылады. Тыныштық пен өзара сенім бар жерде экономика, білім, ғылым, мәдениет және кәсіпкерлік те дамиды.

Жалпы, әлемде көпұлтты қоғамдағы келісімді сақтаудың түрлі үлгілері бар. Мысалы, Канада мемлекетінде әртүрлі мәдениеттерді құрметтеуге негізделген көпмәдениеттілік саясаты қалыптасса, Швейцарияда бірнеше тілде сөйлейтін халықтар ортақ мемлекет құрамында өзара келісіммен өмір сүріп келеді. Бұл елдердің тәжірибесі көрсеткендей, әртүрлілікті құрметтеу қоғамды әлсіретпейді, керісінше оны күшейтеді. Қазақстан да осы бағытта өзіндік жол қалыптастырды. Яғни, біздің басты ерекшелігіміз – әртүрлі этнос өкілдерінің ортақ тарихи тағдыр арқылы бір елдің азаматтарына айналуы. Қазақстанды мекендейтін халықтардың барлығы үшін бұл жер – ортақ Отан.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ел ішіндегі бірлік пен тұрақтылықтың маңызын үнемі атап көрсетіп келеді. Мемлекет басшысы: «Біздің ең басты байлығымыз – ел ішіндегі бірлік пен тұрақтылық», – деп айтқан болатын.

Бұл сөздің мәні терең. Себебі, мемлекеттің күші тек экономикасымен немесе табиғи байлықпен өлшенбейді. Елдің басты қуаты – халықтың өзара сенімінде, бір-бірін құрметтеуінде.

Еліміздегі ұлтаралық келісім халықаралық деңгейде де ел беделін арттырды. Түрлі мәдениет пен дәстүр өкілдерінің бейбіт өмір сүру тәжірибесі Қазақстанның тұрақты әрі сенімді мемлекет ретінде әлемге танылуына зор ықпал етті.

Дегенмен, татулық өздігінен сақталмайды. Оны әр ұрпақ жалғастырып, күнделікті өмірде дамытып отыруы керек. Әсіресе, жастарға ел тарихын таныту, туған жерге сүйіспеншілікпен қарауға, өзге ұлт өкілдерін құрметтеуге тәрбиелеу маңызды. Өз ұлтын құрметтеген адам өзге халықты да сыйлай біледі.

Әлемде бір шаңырақ астында сан түрлі ұлт пен түрлі дін өкілдері өзара түсіністікпен, татулықпен өмір сүріп отырған мемлекеттер көп емес. Осындай елдердің қатарында Қазақстанның орны айрықша.

Бұл – ғасырлар бойы талай тарихи сынақтан өткен, тағдырдың талай белесінен сүрінбей өткен елдің өмірлік тәжірибесі мен парасатты жолының жемісі.

Елдегі осындай жарасымды тіршіліктің негізі – өзара құрмет, ұлтаралық келісім және діни татулық екені анық.

ДІН МЕН ТАТУЛЫҚ

ҰЛТАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ МЕН ДІНАРАЛЫҚ СЫЙЛАСТЫҚ



КОЛПАЖ: АЙНҰР ҚАЙРАТБЕКҚЫЗЫ

Қазақстанның басты байлығы – жерінің кеңдігі ғана емес, сол жерде бейбіт өмір сүріп жатқан халқының бірлігі.

■ ДІН – ӨМІР МЕКТЕБІ

Қазақ халқы қай заманда да рухани құндылықты ерекше қастерлеген. Ата-бабамыз үшін дін – тек ғибадат ету емес, адамды адалдыққа, ар-намысқа, мейірім мен сабырға тәрбиелейтін өмір мектебі болған. Сондықтан, халқымыз дін мен дәстүрді бір-бірінен бөліп қарамады. Ұрпағын үлкенді сыйлауға, ата-ананы құрметтеуге, көршімен тату тұруға, жетім мен жесірге қамқор болуға баулыған. Осындай рухани құндылықтар халқымыздың бірлігін сақтап, ұлттық болмысымыздың қалыптасуына негіз болды.

Кез келген халықтың тұтастығын сақтайтын қасиетті құндылықтары болады. Қазақ үшін сондай асыл ұғымдардың бірі – жер, тіл және дін. Осы үш тірегің қадірлеген ел өзінің ұлттық келбетін сақтап, болашағын баянды ете алады. Тарих та рухани негізі мықты халықтың іргесі берік болатынын талай дәлелдеді.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін рухани құндылықтарды жаңғыртуға айрықша көңіл бөлді. Еліміз өзін зайырлы мемлекет ретінде қалыптастырды. Зайырлылық – дінді жоққа шығару емес. Бұл мемлекет барлық дінге бірдей құрметпен қарап, әр азаматтың ар-ождан және сенім бостандығына кепілдік береді деген сөз. Айтылған қағида Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген.

Бүгінде елімізде 18-ден астам діни конфессия мен 3 мыңнан аса діни бірлестік заң аясында қызмет етеді. Ислам, православие, католицизм, протестанттық бағыттар, иудаизм, буддизм және басқа да діни қауымдастықтар өзара сыйластық жағдайында өмір сүріп келеді.

Жалпы, қазақ халқы ғасырлар бойы сунниттік бағыттағы ханафи мәзһабын ұстанып келеді. Бұл бағыт халқымыздың салт-дәстүрімен біте қайнасып, ұлттық тәрбиенің ажырамас бөлігіне айналды.

Бір ауыз сөзбен жеткізсек, ислам адамды адал еңбек етуге, аманатқа қиянат жасамауға, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге үндейді. Басқа дәстүрлі діндердің де ұстанымы осыған үндес. Олар да мейірімге, кешірімге, бейбітшілікке және өзара сыйластыққа шақырады. Сондықтан, діннің басты мақсаты – адамдарды бөлу емес, қайта жақындастыру.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Қазақстан үшін діни саланы реттеу маңызды міндеттердің бірі болды. Кеңес кезеңінде діни өмірге көптеген шектеулер қойылып, мешіттер мен діни оқу орындарының жұмысы тоқырауға ұшырады. Халықтың діни білім алу мүмкіндігі де азайды.

Егемендік алғаннан кейін еліміз рухани саланы қайта жаңғыртуға кірісті. 1990 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан мұсылмандарының құрылтайы өтіп, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы құрылды. Бұл – еліміздің діни тұрғыдан дербестігін нығайту жолындағы маңызды тарихи қадам болды.

Кейін діни басқарманың жұмысы жүйеленіп, оның құрамында «Шариғат және пәтуа», «Діни істер», «Халықаралық байланыс», «Қажылық», «Діни уағыз және оқу-ағарту», «Мешіт істері» сияқты бағыттар бойынша жұмыстар жүргізіле бастады.

Бұл құрылымдардың мақсаты – халыққа дұрыс діни түсінік беру, діни мәселелерді бірізді шешу және дәстүрлі рухани құндылықтарды сақтау.

■ ДІНИ САУАТ – ДҰРЫС БАҒЫТ

Тәуелсіздік жылдарында елімізде діни білім беру ісіне де жаңа серпін берілді. Егемендікке дейін діни мамандарды даярлау ісі өте шектеулі болса, бүгінде елімізде дінтану, исламтану бағытында білім беретін оқу орындары жұмыс істейді.

Солардың бірі – «Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университеті. Бұл оқу орнында исламтану, дінтану, араб тілі сияқты бағыттар бойынша мамандар даярлаумен қатар заманауи ғылымдар да оқытылады.

Елімізде бұдан бөлек Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы жанынан жұмыс істейтін 9 медресе-колледж, Ислам институты және «Хусамуддин әс-Сығанақи» ислам институты діни кадрлар даярлайды. Жалпы, Қазақстанда 14 рухани білім беру ұйымы жұмыс істейді. Оның 12-сі ислам бағытындағы, ал екеуі христиандық діни білім беретін оқу орындары болып саналады.

Бұл оқу орындарының басты мақсаты – дінді дұрыс түсінетін, білімді, отаншыл әрі жауапкершілігі жоғары мамандарды тәрбиелеу. Сондай-ақ, дәстүрлі ислам құндылықтарын насихаттап, халқымыздың салт-дәстүрін құрметтеуге баулиды.

Дінді терең әрі дұрыс меңгерген адам теріс ағымдардың жетегіне ермейді. Сондықтан мемлекет те, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы да халық-

ТОБЫҚТАЙ ТҮЙІН

Татулық – өздігінен қалыптаспайтын, әр адамның ниеті мен ісінен құралатын құндылық. Қазақ жерінде ғасырлар бойы қалыптасқан осы бір қасиет бүгінгі қоғамның берік негізіне айналды. Әртүрлі ұлт пен дін өкілдерінің бір-бірін түсініп, сыйлауы – елдің ішкі күшін арттырып отыр. Демек, бірлікті бағалаған елдің ғана еңсесі биік, ертеңі нық болары анық.

тың, әсіресе жастардың діни сауатын арттыруға ерекше көңіл бөліп келеді.

Бүгінде Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының қарамағында еліміздің барлық өңірінде қызмет көрсететін екі мың сегіз жүзден астам мешіт бар. Бұл мешіттер тек құлшылық жасайтын орын ғана емес. Мұнда діни сауат ашу курстары өткізіледі, жастармен кездесулер ұйымдастырылады, қайырымдылық шаралары өткізіліп, мұқтаж жандарға көмек көрсетіледі. Сонымен қатар, отбасы құндылықтарын нығайтуға, ұлттық тәрбиені дәріптеуге бағытталған көптеген игі іс-шаралар жүзеге асырылады.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы құрылғаннан бері діни жұмысты бір жүйеге түсіруге ерекше көңіл бөліп келеді. Басқарма құрамында шариғат және пәтуа, діни білім мен уағыз, қажылық, халықаралық байланыс, мешіт істері сияқты маңызды бағыттар жұмыс істейді. Мұның бәрі халыққа дұрыс діни бағыт-бағдар беруге, қоғамдағы бірлік пен тұрақтылықты нығайтуға қызмет етеді.

Соңғы жылдары елімізде діни ағарту жұмыстары да кеңейді. Теологтар мен ақпараттық-түсіндіру топтары елді мекендерді аралап, жастармен, ата-аналармен және еңбек ұжымдарымен кездесулер өткізеді. Олар дінді дұрыс түсіндірумен қатар, жат ағымдардың зиянын түсіндіріп, дәстүрлі рухани құндылықтардың мәнін насихаттайды.

Рухани тәрбие – бір күнде қалыптаспайтын құндылық. Ол отбасынан басталып, мектепте жалғасып, қоғамда орнығады. Ал, дінді дұрыс түсініп, оны адамгершілік пен ізгіліктің жолы ретінде қабылдау – елдің тыныштығын, халықтың бірлігін сақтаудың маңызды негіздерінің бірі.

■ ДІНДЕР ДОСТЫҒЫ

Қазақстанның дін саласындағы басты ерекшеліктерінің бірі – әртүрлі сенім өкілдерінің өзара сыйластық жағдайында өмір сүруі. Еліміз тәуелсіздік алған алғашқы күндерден бастап дінаралық татулық пен қоғамдық келісімді сақтауды маңызды міндеттердің бірі ретінде қарастырды. Себебі, ел ішіндегі тыныштық пен тұрақтылық – мемлекеттің дамуына жол ашатын басты құндылықтардың бірі.

Қазақстан бұл бағыттағы тәжірибесін әлемдік деңгейде де танытып келеді. Соның айқын дәлелі – 2003 жылдан бері Астана қаласында өткізіліп келе жатқан Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі. Бұл халықаралық басқосуға ислам, христиан, иудаизм, буддизм және басқа да діндердің өкілдері қатысып, бейбітшілік, өзара түсіністік пен адамзаттың ортақ мәселелерін талқылады.

Бұл сөздің маңызы – әртүрлі дін өкілдерінің бір үстел басына жиналып, өзара құрмет пен келісімнің жолдарын іздеуінде. Қазақстан осы арқылы әлемге діндердің арасындағы татулықтың мүмкін екенін көрсетіп келеді. Елдің мұндай бастамасы халықаралық қауымдастық тарапынан да жоғары бағаланып отыр.

Дінаралық келісім тек үлкен жиындармен ғана өлшенбейді. Оның негізі күнделікті өмірден көрінеді. Бір аулада әртүрлі ұлт пен дін өкілдерінің тату тұруы, балалардың бір мектепте бірге білім алуы, адамдардың ортақ мақсат жолында еңбек етуі – қоғамдағы өзара құрметтің нақты көрінісі.

Қазіргі заманда діни сауаттылықтың маңызы бұрынғыдан да арта түсті. Себебі, дінді дұрыс түсінбеу кей жағдайда адамдарды теріс бағыттарға жетелеуі мүмкін. Сондықтан, мемлекет діни экстремизм мен радикализмнің алдын алу, жастардың діни сауатын арттыру, халыққа дұрыс түсінік беру бағытында жұмыстар жүргізіп келеді.

Бұл іске теолог мамандар, дінтанушылар және ақпараттық-түсіндіру топтары үлес қосуда. Олардың міндеті – діннің шынайы мәнін түсіндіру, қоғамдағы татулық пен тұрақтылықты сақтау.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев зайырлылық қағидаатын ерекше мән беріп келеді. Президент: «Зайырлылық – дінсіздік емес. Зайырлы мемлекет дегеніміз – діни сенім бостандығына құрметпен қарайтын мемлекет», – деп атап өткен болатын. Яғни, мемлекет бір дінді екіншісінен жоғары қоймайды, бірақ азаматтардың сенім еркіндігін қорғайды және қоғамдағы татулықты сақтауға жағдай жасайды.

Қазақ халқы үшін дін – тек сенім мәселесі емес, ол – тәрбие мен адамдық қасиеттердің қайнар көзі.

Бүгінгі Қазақстанның басты байлығының бірі – ел ішіндегі татулық. Ұлттар арасындағы келісім мен дінаралық сыйластық – тәуелсіздіктің маңызды жетістіктерінің бірі. Бұл құндылықтарды сақтау тек мемлекеттің ғана емес, әрбір азаматтың ортақ міндеті. Рухани құндылықтарын сақтай білген, бірлігін бекем ұстаған ел ғана болашаққа нық қадам басады.



Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы еліміздің рәміздерін ерекше құрметтейді және олардың қоғамдағы маңызын жоғары бағалайды.

– Бүгінде Қазақстан бойынша мешіттерде өткізілетін уағыз-насихат жұмыстарында Отанды сүю, мемлекетке адал қызмет ету, ел бірлігін сақтау, заң талап

Руслан ХАМЗА,
Мемлекеттік рәміздерді насихаттау жөніндегі ұлттық орталығының бас директоры

АТЫРАУ ҚАЛАСЫ

3 КҮНДЕ 33 РЕТ ЖОЛ ЕРЕЖЕСІН БҰЗҒАН АҚТӨБЕ ТҮРҒЫНЫ ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТЫЛДЫ

Ақтөбеде патрульдік полиция қызметкерлері бірнеше мәрте жол қозғалысы ережелерін өрескел бұзған жүргізушіні анықтады. Бұл туралы Polisia.kz хабарлады.

Полицияның мәліметінше, 22 жастағы тұрғын әкесі үйде жоқтығын пайдаланып, оның Toyota көлігін рұқсатсыз айдап кеткен. Кейін көлікке шетелдік мемлекеттік тіркеу нөмірін тағып, қала көшелерінде емін-еркін жүрген. Небәрі үш күн ішінде жүргізуші жол қозғалысы ережелерін 33 рет бұзып, жалпы сомасы 1,3 млн теңгеден асатын айыппұл арқаалаған.

«Құқықбұзушылықтардың басым бөлігі белгіленген жылдамдық режимін асыруға байланысты тіркелген. Жауапсыз әрекеттің соңы заң алдында жауап берумен аяқталды. Жүргізушіге әкімшілік материалдар рәсімделіп, көлік мамандандырылған айып тұрағына қойылды», – деді Ақтөбе облысы ПД өкілі.

Айта кетейік, елімізде мамырдан бастап жаңа Жол қозғалысы ережелері қолданыла бастады. Түзетулердің бір бөлігі 12 шілдеде күшіне енді. Ең басты өзгерістердің бірі – екі бақылау нүктесінің аралығындағы орташа жылдамдықты қадағалау жүйесі Жол қозғалысы ережелерінде ресми түрде бекітілді.

Әдетте, жүргізушілер камера бар тұсқа келгенде ғана жылдамдығын рұқсат етілген шамаға дейін түсіреді де, ол жерден өтіп кеткен соң, қайтадан шектен тыс көтереді. Енді ондай қулық жасауға мүмкіндік болмайды. Өйткені, сапарға шығып, қалааралық тас жолмен жүре бастағанда, бақылау камерасы көлікті тіркейді. Сапарды аяқтағаннан кейін, тас жолдың соңындағы камера машинаны тағы да есепке алады. Сонда тиісті арақашықтықты қанша уақытта жүріп өткені және орташа жылдамдығы автоматты түрде белгілі болады. Сол арқылы жүргізуші камера бар тұста ғана жылдамдығын азайтып, басқа жерде рұқсат етілген нормадан асырып, жауапкершіліктен қаша алмайды.



Автордың былтыр Астанадағы «Есіл» баспасы-нан шыққан «Торғай толғауы» атты кесек туын-дысы негізінен үш бөлімнен тұрады. «Талбесік тәмсілі» бөліміне повесть пен әңгімелер енген. «Мезгіл мінберінде» бөлімінде эссе, публицистика, аналитика және сұхбаттар топтастырылған. Ал, «Дала демі» деп аталатын бөлігі таза очерк, суреттеме жанрына жатады. Соған қарап Серік Шайманды бұл жинағында новел-лист, эссеші, публицист әрі очеркист ретінде қырынан танылған қаламгер деуге болады. Ортақ жетістігі – тіл байлығы, образды ойлау машығы, философиялық толғаныс ірімдері арқылы бүгінгі заманның дертіне ыстық шоқ сала білуі. Әдеби жанрлардың мүмкіндігін пайдаланып, өткір әлеуметтік мәселелерді орайын тауып оқырманға ұсына білуі.

Оқып көрелік. «Көк бөрі мен ортеке» – бұл жинақтағы көлемі жағынан ең шағын новеллалардың бірі. Әйтсе де, көтеріп тұрған жүгі зіл-батпан. Оқиға даланы суреттеуден басталады. «*Шаңқай тұс. Тас төбеге көтерілген шілденің күні жер апшысын қуырып тұр. Ыстық бұған дала тылсым тыныштық құшағында. Алакәлдің киіктің жатағы атала-тын қырат бетінде ошақ орнындай етіп қазып алған жерге бауырын төсеп, марғау қалғып жатқан киік үйіріне көз сүрінеді. Құдды бір туарылып жатқан нән асқабақ сияқты, көкпекті қыраттың үсті сап-сары.*».

Одан әрі осы жерді бетке алып, кезекті бір шайқаста жеңіліс тауып, пәрше-пәршесі шыққан кәрі теке мен екін-ші бір тұста киіктің жатағына қапыда бас салып, олжа-ға батпақ болған көк бөрі суреттеледі. Қасқыр өзіне тән сақтықпен жылқының қураған бас сүйегін тістеген күйі оны қалқан тұтып, төрттағандап жылжыса, кәрі текенің бар ойы – киіктің жатағына жетіп жығылу. Санасы сансы-рап жатқан бұл байғұсқа не болды деп ойлайсыз? Кәрілік пе, әлде ауру ма? Жок, екеуі де емес. Жақында ол үйірін сақтап қалу үшін жас текемен жепке-жекке шыққан. Сон-да алдыңғы аяғының буынына тиген соққы сүйегін жа-рып жіберіп, оған сарысу ұялап, күп болып ісіп кеткен. Автор оның осы сәттегі мүшкіл халін былай суреттейді:

«*Жас кезінде бұл да кәрі текені үйірге жолатпай айдап шығып еді. Бірақ, тап мынадай қаныпезерлікке бармаған. Мынау бір сұмпаиы, сұмырай екен. Соққысы да зілдей, ішкі сарайын қапсырып тастады. Бауыр мен өкпеде не қалды дейсің, көкірегі сыр-сыр етеді. Қас қылғандай, ұмасы ісіп, кешеден бергі кіші дәреті де зор-ға жүретін жағдайға тап болған. Қалта қабы қабынып, бұтына сыймай талтанда келеді.*».

Қаламгер осы арада өзіне тоқтау сала алмай, басына пәле тілеп алған кәрі текенің сілкіпесін шығара суреттей-ді де, екінші бір тәсілге көшіп, оқырманға оның ішкі ой-толғамын ұсынады. «Кәрі теке құмдауыт жерге тізерлеп жата кетті де, көзін жұмып, қилы-қилы ойға берілді». Сонда ол не ойлады, қандай жай есіне түсті дейсіз ғой. Әрине, күні кеше осы жерде дүниеге келгені, қайғысыз-мұңсыз жастық шағы, тіршілік рақатынан ләззат алған бақытты күндері. Бірақ, бертін келе заманның өзгер-гені, тұқымдастарының соңғы уақытта түрлі-түрлі ауруға ұшырап, жүздеп, мыңдап қырылып қалатыны, аспаннан темір-терсектің қалдықтары түсіп, ауаның ластанған, адамдардың дүниеқоңызданып, қаныпезер, қатыгез бо-лып кеткені оған түсініксіз.

Байқайсыз ба? Қаламгер киіктің ішкі монологын беру арқылы замана зарын, өмірде орын алып жатқан жағымсыз көріністердің себебін іздейді. Адамдарды сана биігінде қалуға шақырады. Журналист бұл көріністерді ойдан шығарған жоқ. Оның нақты дәлелдері өмірде орын алды. Киік мүйізін сатып пайдакүнөмдік жаса-ғандар ұсталды, сотталды. Тіпті, Үкімет тарапынан киік аулауға тыйым салынды. Қазір оларды арнайы жасактар қорғайды.

Серік Шайманның «Кек алу» деп аталатын екінші бір әңгімесі де адамдар бойындағы дарақылық, мақ-таншақтық, тойымсыздық, қанағатсыздық, жағымпаз-дық сияқты жағымсыз қасиеттерді ашкерелеуге арнал-ған. Әңгіме тоқсаныншы жылдардағы тоқырау кезеңінен басталады.

Бұрын пәлен жыл совхоз директоры болған бас кейіпкер Дәрімжан қалаға жақын жерге қоныстанып, егіншілікпен айналысады. Қолы жүріп, байиды. Кеуде-сіне өркекіректік ұялап, өзін зиялы, елге сыйлы адам-дардың қатарында көрсеткісі келеді. Әкім-қараларды, атақты адамдарды төңіректеп, солардың жанында сү-ретке түсіп қалуға, теледидардан жиі көрінуге тырысады. Тіпті, журналистерге ақша беріп: «*Қарағым, мені анықтап түсір, объективте көбірек ұсташы,*» – дейтіні де бар. Бер-тін келе оққағар ұстап, қыз-келіншектің қырындап, серілік те құрады. Жас тоқал алып, ұлан-асыр той жа-сап, Мәскеуден әнші шақырып, шала бүлінеді. Мұнысы, әрине, қырық жыл отасқан бәйбішесі мен есейіп кеткен ұлдарына ұнамайды. Бәйбішесі Зәмзәгул күйеуі тоқал алғаннан кейін арақатынасын біржола үзіп: «Әп, бәлем, Дәрімжан, көрсетемін саған. Ішкенінді ірің, жегенінді желім қыламын», – деп өз-өзіне серт бергендей бола-ды. Арадағы қатқан мұздай осы жағдай келе-келе кек алу, есе қайтару сияқты асқынған ойға ұласады.

Автордың суреттеуінше, көп ұзамай мұның да орайы келіп қалады. Жас тоқал алпамсадай оққағармен ойнас



СУРЕТТЕ САНСЫЗБАЙ ЖИЕНТАЕВ ПЕН СЕРІК ШАЙМАН

Кешегі кеңестік кезеңде күн құрғатпай шығатын, көлемі кең дастарқандай мол пішілген облыстық газеттің жан алып, жан беретін қара қазанында қайнап, кейін теледидардай же-дел хабар тарататын ақпарат құралдарының апыл-ғұпыл сынынан өткенімен, оның тілі ба-рынша шұрайлы. Сөйлемдері майдан қыл суырғандай жүрекке жылы нәр беріп, санаңды сәулендіреді.

Ақиқат айғағы

ЖУРНАЛИСТ СЕРІК ШАЙМАННЫҢ ПРОЗАСЫ ТУРАЛЫ

үстінде ұсталады. Шал ашудың буымен әйелді екі мәр-те қамшымен осып өткенімен, одан әріге бара алмайды. «*Ел құлағы – елу. Ертең бұл әңгіме сыртқа шығып кетсе, кеше ғана жер-жаһанға дабыралап той жасаған тоқалы есігіндегі оққағарымен ашына екен деген сөз жалпақ ел-ге жайылмай ма?* Сонда ағайын-туыстың, бала-шағаның бетіне қалай қараймын? Одан да жабулы қазанды жабу-лы күйінде қалдырған дұрыс шығар», – деп шешеді.

Тағдырдан озып кете алмайтын шарасыздық деген осы. Мұны ең алдымен бәйбішесі бірден сезеді. Ол тоқал мен оққағардың байланысын өз пайдасына шешуге тырысады. Сөйтіп, үлтік одақ құрылады. Оққағар мен тоқал дүниені жылнаша жалмаған коронавирусты сыл-тау қылып, Дәрімжанның ертерек көзін жоюды көксей-ді. Мақсаттары – байлығын басып қалу. Ал, бәйбішенің мақсаты – тоқал алғанын кешіре алмаған пендешіліктен тұған әйел кегі.

Ақыры жаңына ауру батып, әлім-бәлім жатқан Дә-рімжанды тоқал мен оққағар ебін тауып тұншықтырып өлтіреді. Елдің бөрі Дәрімжанды жаман аурудан қайтыс болды деп ойлайды. Бірақ, жаназа шығару үстінде тағы бір оқыс жағдай болады. Қаламгер оқиғаны шыыршық атып, шегіне жеткізе өрбітіп, бұрын-соңды болмаған, ұғымға жат, құлақ естіп, көз көрмеген сорақы көріністі көлденең тартады. Түпнұсқаға зер салыңыз:

«*Әдетте, молда мүрдені шығарып жатып: «Марқұм жақсы адам ба, қарызы бар ма?» – деп сұрайды ғой. Сон-да жиналған көпшілік арасынан біреу:*

– *Қарызы бар. Ол жақсы адам емес,* – деп саңқ ете қалады. *Шалдың балалары да, жиналған жұрт та үрпін-сіп қалады.*

– *Ой, бұл кім?! Қандай найсап! Не дейді, не тантап тұр? – деп дауыс шыққан жаққа жалт-жалт қарайды.*

Орта бойлы, қатқан қара қайыстай болып күнге күйген, көзі бадырайған бір адам намаз рәсімін жасап жатқан молдаға жақындай береді. Амалы қалмаған молда оң қолын көтеріп:

– *Уа, халайық! Мынау бұрын-соңды болмаған, адам естімеген жайт болып тұр. Айтылған сөз – атылған оқ. Қаншалықты ауыр болса да, мына пенденің датын тың-дамасқа шара жоқ. Біз Алланың алдында бір адамды жалған дүниеден фәни дүниеге аттандыру рәсімінің үстінде тұрмыз. Бұл жерде белделге салу да, жалған сөйлеуге де мүмкін емес. Сондықтан сабыр сақтаңыздар,* – деп жиналған жұртқа басу айтады. Содан кейін жаңағы адамға жақындап:

– *Сен кімсің? Қайдан келген адамсың? Не айтпағың бар?* – дейді.

– *Айтсам былай,* – дейді әлгі адам. – *Дәрімжан ди-ректор болып тұрған кезде бірнеше жыл жұмыс істедім. Үйінің де шаруасын істеп, отпен кіріп, күлмен шықтым. Ақыры бірнеше жылғы еңбеқақымды бермей алдап кет-ті. Ол ешқашан халықтың қамын ойлаған жақсы басшы болған емес. Парторг екеуі күні бойы шахмат ойнау-дан қолы босайтын. «Қойшыға жарықтың керегі не?» деп бөлімшелерге электр жарығын да тартқызбады. Он жыл бойы бастық болып жүріп, үш қатарлы мектептің құрылысын аяқтамады. Сол мектеп ауылымызда әлі тұр. Совхозды сорып байыды...*

Жаны күйген болуы керек, Дәрімжанның үлкен ұлы жаңағы адамды көкжелкесінен бүріп алып, шетке қарай сүйрей жөнелді.

– *Әкет әрі! Қазір табаныңды жалтырат! – деп ай-қайлап, оны одан әрі сөйлетпеді.*

Ал, Зәмзәгул кемпір болса: «*Ә, Дәрімжан, түбіңе жет-тім, кегімді алдым. Жай кетпедің бұл дүниеден. Халық алдында қарабет болдың. Дүние-боқты өлгенше қудың, тоймадың, тойымсыз болдың. Енді сол боқпен көміл-дің,*» – деп ойлады.

Әңгіме осылай аяқталады. Адамдардың бетіндегі бетперде сыпырылады. Тыр жалаңаш шындық қана қалады. Қатал үкім, ауыр шешім. Арқаң мұздап, денең түршігеді. Бірақ, ақиқаттан асып қайда барасың? «Беу, дүние-ай, ақиқат ақтарылмай, шындық шырылдамай қалар ма? Мынау дүние-дүние болғалы оның ащы запы-ранын жұтпаған кім бар екен?» деп айқайлағың келеді.

Қаламгердің осы жинаққа енген жиырма екі әңгіме-сінің біраз бөлігі әйел мен еркек арасындағы мәңгілік тақырып – махаббат пен ғасауат, зорлық пен зомбы-лық, күйіну мен сүйіну сияқты сезім сергелдеңіне арнал-ған. «Ескекіз қайықтағы» жастай жесір қалған Бәтима-ның адамдық намысын таптамақ болған Жұмабектің жеңілтек әрекеті, «Айқаракездегі» тұрмыс тауқыметінен жезөкшелік жолға түсіп, кейін есін жиған Айқаракез-дің көпірден құлап өліп, жетімдер үйіне үш мың дол-лар ақша қалдыруы, «Шырғалаңдағы» әуелі шешесіне, кейін сол әйелдің өзіне ғашық болған қызына көңілі ауған Аман-Ғалидың жан тебіренісі, «Қара баладағы» студенттік шақта шоқ басып, негрден бала көтерген Сағиланың трагедиясы, «Сол келіншектегі» өзінің белсіз екенін білгеннен кейін бес жыл отасқан әйелінен безіп кеткен жігіт пен әйелінің жан азабы, «Сылаң қыздағы» басшылардың қолжаулығына айналса да, Жоғарғы Ке-ңестің депутаты болуды армандаған Бегайым сұлудың бақай есебі – бүгінгі өмірдің ащы шындығын баян еткен шынайы да шымыр шығармалар. Олардың әрқайсысы «Біз осы қайда бара жатырмыз? Қандай қоғамда өмір сүріп отырмыз? Мақсатымыз қандай?» деген сауалдар-ды көлденең тартады.

Публицистика, аналитика мен очерк – журналистің оң жамбасына келетін төл жанрлары. Бұл бағытта Серік Шайман кесіліп те, жосылып та жазады. Бір ерекшелі-гі – кәдімгі мақаланың өзін әдеби тілмен өрнектейді. Жаз-ғанда қазақы шұрайлы ой орамдарын, сөз тіркестерін ұтымды пайдалана біледі. «Аяңға қоян алдырмас» атты аналитикалық мақаласына көз салып көрелік. Тақыры-бы – өзіміз отыз жыл бойы айтып келе жатқан тіл мен діл мәселесі. Автор оны ертеректе жазғанымен, өзектілігі әлі де сол күйінде сақталып отыр. «Біріншіден, кіңә жергілік-ті билік орындарында. Тілге қатысты мәселеге келгенде кезегесі кері тартып тұрады. Қырық түрлі сылтау айтады. Екінші кіңә – қазақтың өзінде. Олар жымысқы саясатты парасаттылық, шовинистік басынуды бауырластық, ұлт-тық өктемдікті интернационализм деп ұғатын бүгежек пиғыл мен жалтақ ұғымның құлдары. Олар ана тілінің уыз мәйегімен сусындамай, басқа ұлттың тәрбиесін көрген, қазақ тілін қажетсіңбейтін маргиналдар», – деп журна-лист қынжылады. Расында да, арада қанша уақыт өтсе де, тіл мәселесі баяғы орнынан жылжи қойған жоқ.

Журналистің очерктері нақты кейіпкерлерге, шаруа-шылық пен экономика мәселелеріне арналғанымен, әдеби тілмен жазылғандықтан көркем шығармадай әсер қалдырады. Мысалы: «Қарауындағы алты жүзден астам саулықтың дені қыста қоздаған-ды. Жайлауды, даланы

сағынған сақа қойлар Ақкөл аңғарына қарай лап қой-ғанда, қуана ойнақ салған марка төл соңғы көштің сәнін келтіріп, бұлтың-бұлтың, тыпың-тыпың басып бара жат-ты».

Немесе: «*Амандық-саулықтан соң үшеуі де бидай көгіне зер салды. Сағым құған сары белде ол толқын атып, толысып, самал желмен баяу тербеліп тұр. Дала-ның деміндей дір-дір етеді.*». «...Түн белдеуден ауа жер-ге жапалақтап қар түсіп, әп-сәтте ұшы-қиырсыз даланы ақ торғын мамық қар орап алды. Ал, құс ұйқылы қойлы ауылдың қырағы сақшысы – шопан болса, соның бәрін өз көзімен көріп, көңілі алабуртып, ұйықтамай әлі жүр». Осындай кітаптан немесе аңыз-ертегіден емес, өмірдің өзінен алынған образды сөйлемдер шығарманың шы-райын келтіріп, очерктерді оқуға оқырманды ынталан-дыра түседі.

Қаламгер жинағының «Мезгіл мінберінде» де аталатын бөліміндегі академик, қоғам және мемлеке-қайраткері Кенжеғали Сағадиевпен, Польша Респуб-ликасының Қазақстандағы Төтенше және өкілетті ел-шісі Селим Хазбиұлымен, Қазақстанның Еңбек Ері, кәсіпкер Сайран Бұқановпен сұхбаттарында да тарих пен тағылым, ұлттық саясаттың мәйегі, адамдық пен адалдық, еңбексүйгіштік, намысқойлық пен қайсарлық жайы кеңінен сөз болады.

1992 жылы Байқоңыр ғарыш айлағына қазақ-стандық журналистер тұңғыш рет жіберілді. Соның құрамында болған Серік Шайманның «Байқоңыр, ол қандай?» дейтін үлкен эмоциялық толғаныспен жазыл-ған эссесі ерекше назар аудартады. Журналист онда бол-ған жайларды қызықты етіп баяндай отырып: «Қайтып келеміз. Тағы да әртүрлі ой арбайды. Есімнен Шыңғыс Айтматовтың «Боранды бекет» романындағы Едіге Жан-гелдиннің әрекеті шықпайды. Жан досы Қазанғапты осы Төретамдағы Найман-Ана бейітіне қоя алмай, ба-сын тауға да, тасқа да ұрды ғой, байғұс. Енді, міне, қазақ үшін қасиетті Байқоңырға жол ашылды. Ол апақ-сапақта балалары келіп қалғандай абдырап, Едігенің әйелі Үкібала сияқты: «Құдай-ау, мұнына мың да бір шүкір! Келгендерің қандай жақсы болды! Құлындарым-ау, бұл өз үйлерің ғой», – деп жатқан сияқты», – деген философиялық тұжырым жасайды. Осы арқылы әлем-дік космонавтиканың ең үздік жетістіктерінің бірі сана-латын Байқоңырдың қазақтың төл жері екенін меңзейді.

1919 жылдың 27 тамызында Бүкілресейлік Орталық Атқару комитеті сол уақытқа дейін әкімшілік жағынан Торғай облысының құрамында болған байырғы қазақ жері – Қостанай уезін қазақ үкіметімен келіспестен Ресейдің Челябині губерниясының қарауына беру тура-лы қаулы қабылдайды (Декреты Советской власти. М., 1973. V том. 73-74-бб.). Бұған Сібір ревкомының аш-көз ұсынысы негіз болады. Дәйегі – бұл өңірде қазаққа қарағанда орыс ұлтының көптігі. Мұның астарын дер кезінде дұрыс түсінген қазақ зиялылары Әлімхан Ерме-ков, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы және басқалар Мәскеумен келіссөз жүргізіп, қабылданған шешімнің дұрыс еместігін дәлелдей бас-тайды.

Сол бір қиын-қыстау шақта Ахаң – Ахмет Бай-тұрсынұлы Қазақ әскери-революциялық комитетінің мүшесі ретінде арнайы баяндама жасап, бұл шешімге қарсылық білдіреді. Баяндама да, ревкомның қаулысы да Мәскеуге жіберіледі. Алайда ондағылар: «Бұл – тізгінге жармасу, жоғары үкіметті сыйламау. Біз – бір-тұтас мемлекеттің, бір қаланың бері не әрі кеткенінен не өзгерді?» – деп қасарысады. Ақыры қазақ үкіметінің уәжі жеңіп, Қостанай қайтадан Торғай облысының құра-мына енгізіледі. Журналист осы тарихи деректерді тілге тиек ете отырып, Аханың баяндамасынан үзінділер келтіреді, көлемді талдау мақаласын жазады және оны бүгінгі ахуалмен байланыстырып, «Бөрі жоқ деме, берік астында» деген байлам жасайды.

Қаламгердің «Торғай толғауы» атты осы таңдамалы жинағындағы көлемі жағынан да, жазылу мәнері мен тіл көркемдігі жағынан да шоқтығы биік тұрған шығарма-сы – «Талбесік тәмсілі» атты повесть-эссе. Ол адамның ең бір таза, мөлдір шағы – балалық пен бозбалалық кезең-дегі өмір көріністеріне, ауыл адамдарының қилы-қилы тағдырына арналған. Повестің композициясы ширақ, жеңіл оқылады әрі адамды ойландырады. Бір сөзбен айтқанда, кезіндегі Қалихан Ысқақовтың «Қоңыр күз еді» повесі сияқты бір деммен оқылатын, бас-аяғы жүп-жұмыр, олпы-солпысы жоқ шығарма. Әрине, Серіктің бұл повесі Қалихан шеберлігінің шыңына жетпегенімен, өз биігінң деңгейінде қорғасын құйған сакадай алшы-сынан тұр. Сондықтан да, ол арнайы талдап, талқылауды қажет етеді. Оған бір сәті болғанда оралармыз.

Әзірге айтармыз – журналист Серік Шайманның бұл жинағы әдебиет әлеміне қосылған бағалы олжа. Оны жүрдім-бардым оқымай, ойлана отырып, әр сөйлемі-нің астарындағы айтар ойы мен тұжырымдарын сана елегінен өткізе, шығарманың шйрайы ашыла түседі.

Елена БЕКИШ,

филолог,

әдебиет пәнінің оқытушысы



ФОТО: МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ

9 шілде күні Алматы қаласында белгілі актер Джеки Чанның қатысуымен түсірілетін Armour of God: Ultimatum («Құдайдың сауыты: Уль-тиматум») халықаралық көркем фильмінің өндірісін ресми түрде бастады. Бұл туралы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Салтанатты іс-шараға ҚР Премьер-министрінің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды, Алматы облысының әкімі Марат Сұлтан-ғазиев, сондай-ақ қазақстандық және халықаралық киноиндустрия өкілдері қатысты.

Үкімет басшысының орынбасары Джеки Чанның Қазақстан мен Қытай арасындағы мәдени-гуманитар-лық байланыстарды дамытуға қосып отырған үлесін жоғары бағалады.

«Қазақстан мәдениетін әлемдік аренада танытуға және екі ел арасындағы мәдени-гуманитарлық бай-ланысты нығайтуға қосып отырған үлесіңіз үшін Сізге алғыс білдіремін. Алдағы түсірілім жұмыстарына сәт-



тілік, жаңа шығармашылық табыстар тілеймін», – деді Аида Ғалымқызы.

Кездесу барысында Джеки Чан Алматының талантты жас суретшілерімен және Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының түлектері – жас кинема-тографистермен әңгімелесті. Ол жастарға шығармашы-лық жолда табыс тілеп, үздіксіз ізденіс пен өз ісіне деген сүйіспеншіліктің маңызын атап өтті. Кездесу соңында балалар әйгілі актерге өздері салған портреттерді тарту етті.

Іс-шара соңында қатысушылар дәстүрлі түсірілім тақтайшасымен естелік суретке түсті. Осылайша, фильм



өндірісінің ресми басталғаны айшықталды.

Жоба ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің және Қытайдың мемлекеттік кинокомпаниясы China Film Group Corporation-ның қолдауымен жүзеге асырылуда. Фильм өндірісімен қазақстандық Salem Entertainment компаниясы және гонконгтық Billion Target компаниясы айналысады.

Фильм түсірілімі 2026 жылғы шілде мен қазан ай-лары аралығында Қазақстан аумағында өтеді. Карти-наның қоюшы режиссері – қазақстандық Роберт Кун. Туынды кең халықаралық прокатқа бағытталған. Негізгі түсірілім алаңдары Алматы қаласында, Алматы және

Маңғыстау облыстарында орналасады.

Бұл жоба Қазақстан үшін стратегиялық әрі имидж-дік тұрғыдан маңызды. Оның жүзеге асырылуы еліміз-дің мәдени, туристік және инвестициялық әлеуетін ілгерілетуге, туристизмді дамытуға, халықаралық ын-тымақтастықты нығайтуға және Қазақстанды әлемдік деңгейдегі ірі киножобаларды түсіруге қолайлы зама-нау алаң ретінде кеңінен танытуға ықпал етеді.

Kaspi.kz – картина түсірілімінің бас серіктесі. Жоба-ның бастамашылары – Salem Entertainment және Adal Investments. Фильмнің түсаукесері 2027 жылдың ақпан айына жоспарланған.

Әйгілі Дүниежүзілік экономикалық форум жаһандық қауіп-қатерлердің ішінде жалған ақпаратты ең басты сын-қатерлердің қатарына жатқызды. Бүгінде фейктен зардап шеккендердің саны миллиардтармен өлшенеді. Материалдық шығынға ұшырап, психикалық күйзеліске түскен азаматтардың да қарасы күрт артып келеді. Әккі қаскөйлердің ықпалымен әдейі бұрмаланған мәліметтер қоғамда дүрбелең тудырып, халықты үрейге бой алдыртуда. Киберқылмыскерлердің ар-бауына түсіп, қомақты қаржысынан айырылғандар туралы да соңғы кездері жиі еститін болдық.

Егер бұрын ақпарат тапшылығы сезілсе, қазір деректердің шамадан тыс көптігі мен оның шынайылығын анықтау басты өзекті түйтілге айналды. Жалған ақпарат – қоғамның санасын улайтын, экономикаға соққы беретін және ең бастысы, мемлекеттің тұрақтылығына қауіп төндіретін қуатты қару. Бұған қарсы тұрудың ең тиімді жолы біреу ғана. Ол – мәліметтерді ресми дереккөздерден тексеру және медиасауаттылықты арттыру.

Жалған ақпараттың қоғамға әсері қандай? Медиасауаттылықты арттырудың қандай жолдары бар? Қазақстанда және әлемде фейкпен күрес қалай жүргізілуде? Осы және өзге де сауалдарға журналистік зерттеуімізде кеңінен тоқталмақпыз.

■ ҚАЗАҚСТАНДА ЖАҢА ЦИФРЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ҚАЛЫПТАСУДА

Қазақстанда жалған ақпаратпен күрес бағытында мемлекеттік, құқықтық және қоғамдық деңгейде кешенді іс-шаралар жүзеге асырылуда. Бұл тараптағы негізгі жұмыстар заңнаманы қатаңдатуға, арнайы мониторинг орталықтарын құруға және халықтың медиасауаттылығын арттыруға бағытталған.

Атап айтқанда, «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» заң аясында жалған ақпарат орналастырған және таратқан жеке тұлғаларға, блогерлерге және БАҚ өкілдеріне ірі көлемде айыппұл салынады. Фейк ақпарат таратқандар тек әкімшілік жаза арқалап, айыппұлмен ғана шектелмейді. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 274-бабы бойынша қоғамдық тәртіпті бұзу қауіпін төндіретін көрінеу жалған ақпарат таратқандарға бас бостандығын шектеу немесе айыру жазасы қолданылады. Сондай-ақ, дипфейктер мен жасанды интеллект көмегімен жасалған жалған сурет, аудио, видеолармен күресу үшін арнайы таңбалау талаптары енгізілді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жалған ақпаратпен күрес ешқашан тоқтамау қажеттігін алға тартып, бұл тұрғыда бұқаралық ақпарат құралдары маңызды рөл атқаратынын атап өткен болатын.

«Заманауи технологиялар цифрлық алаңда алауыздықты әдейі ұшықтыратын «ботофермалардың» пайда болуына түрткі болды. Көле-көрінеу жалған ақпарат тарату, адамды қаралау, өтірікті шындай соғатын қауіпті құбылыс қалыптасты. Оны қазір дипфейк деп атайды. Яғни, объективті фактілер эмоцияның көлеңкесінде қалып, қасақана арандатушылық туғызды. Қоғамның ынтымақ-бірлігіне сына қағып, мемлекеттік институттардың атына кір келтіру үшін жасанды интеллект құралдары қолданылады. Танымал тұлғалардың жасанды цифрлық бейнелерін түпнұсқадан ажырату мүмкін емес. Мұндай технологияларды түрлі алаяқтар мен деструктивті күштер белсенді пайдаланады. Сондықтан, медиа саласының қызметкерлері жауапкершілік танытып, мемлекеттің аталған гибридіті, аса қауіпті қатерлерге төтеп беруіне атсалысуға тиіс», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің пайымдауынша, сөз бостандығы дегеніміз жүгенсіздікке және тәртіпсіздікке жол беру деген сөз емес. Сондықтан, қоғамдық пікірді өздерінің теріс пиғылына пайдаланып, медиа саласында айласын асырғысы келетіндер мына бір қарапайым қағиданы жадында ұстауы қажет: бірде-бір адам шексіз құқық иесі емес. Басқаша айтсақ, өз құқыңды білу және сақтау өзгенің құқын бұзу немесе ар-ожданңын таптау деген сөз емес.

«Алдымызда адамдар жалған ақпараттың жетегінде кетпей, күрішті күрмектен ажыратуы үшін медиасауаттылықты барынша арттыру міндеті тұр. Қоғам қауіпсіздігі мен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету үшін жасанды интеллект технологиясының мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану қажет, соның ішінде кез келген заңсыз ақпаратты жедел анықтау және бұғаттау жұмысын қолға алу өте маңызды. Біз Заң мен тәртіпке бағынатын ел ретінде құқықтық нигилизмге, әсірешілдікке, яғни, радикализмге және халқымыздың болмысына жат құндылықтарды насихаттау ісіне түбегейлі тосқауыл қоюымыз керек», – деді Мемлекет басшысы.

Елімізде ақпараттық кеңістіктің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік деңгейде жедел әрекет ету тетіктері іске қосылды. Мәселен, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінің құрылымында 2025 жылы Жалған ақпаратқа қарсы іс-қимыл орталығы құрылды. Қазіргі таңда жалған ақпарат қысым жасау, қоғамдық пікірді бұрмалау және арандату құралы ретінде белсенді қолданылуда. Осындай кезеңде мемлекет жалған хабарларға тосқауыл қоятын жүйелі тетіктерді іске қосуға тиіс. Орталықтың жұмысы коммуникация және ақпаратты талдау саласындағы мамандардың қызметіне негізделген. Бұдан бөлек, орталық және жергілікті мемлекеттік органдармен тығыз іс-қимыл жасау арқылы жүзеге асырылады. Жұмыстың мұндай форматы ресми түсініктемелерді жедел алуға, ашықтықты қамтамасыз етуге және жалған мәліметтерді тез арада теріске шығаруға мүмкіндік береді.

Орталық өкілдерінің айтуынша, арнайы алгоритм бойынша интернетте күмәнді немесе жалған ақпарат пайда болған кезде құзыретті мемлекеттік органмен бірлесіп талдау жүргізіледі. Оның қорытындысы негізінде ақпаратты ресми түрде теріске шығару немесе растау туралы шешім қабылданады. Орталықтың міндеті – аудиторияға фактілерге негізделген шынайы, сенімді мәліметтерді жеткізу, әлеуметтік желілерде алыпқашпа сөздер мен бұрмалаулардың арбауына түспеу. Орталықтың барлық рес-

FAKE NEWS:

ЖАЛҒАН АҚПАРАТПЕН КҮРЕС



КОЛЛАЖ: АЙНУР ҚАЙРАТБЕКҚЫЗЫ

ми теріске шығарулары, талдау шолулары мен жарияланымдары <https://t.me/Anti-FakeCenter Telegram>-арнасында орналастырылады.

Жалған ақпаратқа қарсы қарсы күрес орталығы цифрлық медиа кеңістігін қорғап қана қоймай, қоғамды жаңғырту мен ұлттық бірлікті нығайтудың негізіне айналатын жаңа цифрлық мәдениетті қалыптастыруға өзіндік үлесін қоспақ.

«Орталықтың міндеттері Президент белгілеп берген басымдықтармен тікелей ұштасады. Жолдауда ауқымды цифрландыруға және жасанды интеллект технологияларын енгізуге сүйене отырып, Қазақстанды үш жыл ішінде толыққанды цифрлық елге айналдыру туралы стратегиялық міндет жүктелді. Біздің міндетіміз – отандастарымыздың бойында күмән тудырған кез келген ақпаратты қайта тексеру әдетін қалыптастыру. Әлеуметтік желі қолданушылары бірден болмаса да, уақыт өте келе нақты фактілерді қауесет пен бос сөзден ажыратуды үйренеді. Бұл – түрлі айла-шарғылар мен арандатуларға бой алдырмауға септігін тигізеді деп ойлаймыз», – дейді ОКҚ мамандары.

■ ЦИФРЛЫ ДӘУІРДЕ МЕДИАСАУАТТЫЛЫҚ АСА МАҢЫЗДЫ ҚАСИЕТ

Тек тыйым салу мен жазалау арқылы фейктерді жеңу мүмкін емес. Сондықтан, басты назар азаматтардың ақпараттық имунитетін қалыптастыруға яки медиасауатын арттыруға жете назар аударылып отыр.

түрде республикалық және халықаралық деңгейдегі жиындар мен біліктілікті арттыру тренингтері ұйымдастырылады. Мақсат – ұстаздарды медиасауаттылық бойынша инструктор ретінде дайындау. Бұдан өзге, Қазақстанда Factcheck.kz секілді тәуелсіз медиа-ресурстар мен ақпараттық порталдар белсенді жұмыс істейді. Олар қоғамда тарайтын жалған ақпаратты анықтап, азаматтарға деректерді тексеру құралдарын түсіндіреді.

Еліміздің ақпараттық кеңістігін қорғау бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп, нақты іс-шаралар қолға алынуда. Дегенмен, фейкпен күрестің ең тиімді құралы – әрбір азаматтың желідегі ақпаратқа жауапкершілікпен қарауы және күмәнді мәліметті бөліспес бұрын, оны мұқият сүзгіден өткізуді әдетке айналдыруы.

■ ӘЛЕМ ЕЛДЕРІ ЖАЛҒАН АҚПАРАТПЕН ҚАЛАЙ КҮРЕСЕДІ?

Әлемде жалған ақпаратқа қарсы күрес қатаң заңнамалық реттеу, IT-платформаларды технологиялық бақылау және халықтың медиасауаттылығын арттыру арқылы жүзеге асырылады. Мәселен, АҚШ-та бұл бағыттағы жұмыстармен Орталық барлау басқармасына қарасты Шетелдік зиянды ықпалға қарсы іс-қимыл орталығы айналысады. АҚШ заңнамасына сәйкес, сайлау процесі кезінде жалған мәлімет тарату, өтірік ақпарат арқылы сайлаушылардың шешімдеріне әсер ету және фейктердің көмегімен сайлау нәтижесіне ықпал етудің кез келген әрекеті заңсыз болып табылады.

Аргентинада жалған ақпаратпен күресуге бағытталған арнайы заң қарастырылмаған. Дегенмен, бұл – әлемде сенімсіз ақпаратты қадағалайтын арнайы бақылаушылары бар бірегей мемлекет. Мұнда 2020 жылы Аудиовизуалдық коммуникацияларды қорғау жөніндегі федералдық басқарма жанынан жаңа департамент құрылды.

Жаңалығы желмен жарысқан цифрлы дәуірде медиасауатты болу – бұл интернетте ақпаратты қауіпсіз іздеуге, талдауға, тексеруге мүмкіндік беретін ХХІ ғасырдың аса маңызды дағдысы десек артық айтқанымыз емес. Бұл дағды жалған ақпарат пен цифрлық қауіптерден қорғанудың басты құралы.

Елімізде көпшілік қауымның медиасауатын арттыру бағытында бірқатар жұмыстар жүзеге асырылып келеді. Атап айтқанда, мектептер мен жоғары оқу орындарының бағдарламаларына медиасауаттылық пен цифрлық гигиена негіздері пәндері енгізілуде. Бұл өскелең ұрпақ пен жастардың ақпаратты сыни тұрғыдан талдап, фактіні алыпқашпа сөзден ажырата білуіне көмектеседі. Сонымен қатар, педагогтердің цифрлық құзыреттілігін арттыру үшін тұрақты

Бұдан бөлек, АҚШ-та Еуропалық Одақтағы сияқты онлайн-платформа иелеріне кез келген тұлға тарататын контенттің шынайылығын қадағалау міндетін жүктейтін барлық штаттарға ортақ федералдық заңнамалық талап бар. Бұл ереже 1996 жылы қабылданып, әлі күнге дейін қолданылып келеді. Дегенмен, АҚШ заңнамасы әлеуметтік желі иелеріне пайдаланушылар жариялаған сенімсіз контентті өздігінен өшіруге рұқсат бермейді. Олар контентті тек ашық саясат шеңберінде ғана модерациялай алады. Мысалы, жазбалардың астына себебін түсіндіре отырып, «Бұл жарияланым сенімсіз болуы мүмкін» деген ескертуді көрсету арқылы ғана шектеледі.

Аргентинада жалған ақпаратпен күресуге бағытталған арнайы заң қарастырылма-

ған. Әйтсе де, бұл – әлемде сенімсіз ақпаратты қадағалайтын арнайы бақылаушылары бар бірегей мемлекет. Мұнда 2020 жылы Аудиовизуалдық коммуникацияларды қорғау жөніндегі федералдық басқарма жанынан жаңа департамент құрылды. «Цифрлық медиа мен платформалардағы дезинформацияны және символикалық билікті бақылау жөніндегі обсерватория» деп аталған бұл құрылымның басты мақсаты – азаматтарды жалған әрі алдамшы жаңалықтардан қорғау.

Обсерваторияны құру туралы шешімді Аргентина қоғамының белсенділері бұқаралық ақпарат құралдарына цензура енгізілуі мүмкін деген қауіппен сынады. Билік өкілдері тарапынан құрылым ешқандай жазалау шараларымен айналыспайтынын, тек ақпараттық-талдамалық қызмет атқаратынын ғана көпшілікке түсіндірді. Осылайша, Аргентинада деректерді тексерумен және халықтың медиасауаттылығын арттырумен айналысатын, бірақ ешкімді жазаламайтын әлемдегі тұңғыш дербес мемлекеттік ұйым пайда болды. Бұған дейін мұндай орталықтар тек азаматтық қоғамның бастамасымен құрылатын немесе мемлекеттің қаржылай қолдауына ғана сүйенетін.

Соңғы жылдары жалған ақпаратпен Орталық Азия елдері де белсенді түрде күрес жүргізіп келеді.

Қырғызстанда 2021 жылы қабылданған жалған ақпаратпен күрес туралы заң аясында онлайн-контентті қадағалайтын жаңа орган пайда болды. Жаңа ереже бойынша, сайттар мен әлеуметтік желілер ресми орган жалған деп тапқан ақпаратты 24 сағат ішінде өшіруі керек, әйтпесе бұғаттауға ұшырайды. Сонымен қатар, аталған заң азаматтардың жеке деректерін жинауды міндеттеді. Енді интернет-провайдерлер барлық клиенттерін ортақ тізілімге тіркеуге, ал платформа иелері пайдаланушылардың телефондары мен пошталарын үкіметке өткізуге міндетті. Бұл қадам жергілікті белсенділердің үлкен наразылығын тудырды. Олар мұны аңду мен цензура құралы деп атады. Заңның іс жүзіндегі салдары ретінде, таяуда жемқорлықты әшкерелеумен айналысатын «Kloor» тәуелсіз басылымының бұғатталғанын атап өтуге болады.

Өзбекстан билігі 2022 жылы Қырғызстан заңнамасына ұқсас заң жобасын енгізуге әрекеттенді. Оны ақпарат саласын реттейтін қолданыстағы сегіз заңды біріктіріп, жаңа ережелермен толықтыратын «Ақпарат кодексі» ретінде қабылдау жоспарланған болатын. Бұл құжат тек жалған ақпаратқа ғана емес, сонымен бірге мемлекет пен қоғамға құрметтеушілік танытатын контентке және ЛГБТ үгіт-насихатына тыйым салуды көздеді. Қазіргі уақытта бұл кодекстің қабылданғаны туралы ресми ақпарат жоқ. 2022 жылдың желтоқсанында ол тек қоғамдық талқылауға арналған жоба ретінде жарияланған болатын.

Түрікменстанда жалған ақпаратқа қарсы бағытталған арнайы заң жоқ. Дегенмен, БАҚ туралы заңда арнайы бап қарастырылған. Оған сәйкес, өзге тұлғаларға немесе ұйымдарға зиян келтіретін жалған мәлімет таратқан журналистер ресми аккредиттеуінен айырылуы мүмкін. Бұл елде

бұқаралық ақпарат құралдары толығымен үкіметтің бақылауында болғандықтан, тиісті рұқсатсыз кәсіби қызметпен айналысу мүлдем мүмкін емес.

Қытайда жалған ақпаратпен күрес қарқынды әрі қатаң жүргізіледі. «Аспан асты елінде» ақпараттық кеңістікті бақылаудың қатаң жүйесі құрылған. Атап айтқанда, қоғамдық тәртіпті бұзатын қауесеттерді шығарғаны немесе әдейі таратқаны үшін 7 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. Сондай-ақ, Қытайда «Қауесеттерді теріске шығару» платформасы іске қосылған. Жалған ақпарат шыққан жағдайда мемлекеттік онлайн-портал ведомстволардың ресми ұстанымын жедел таратып, жергілікті әлеуметтік желілердегі жаңалықтардың балама нұсқалары автоматты түрде бұғаттайды.

Германияны Еуропалық Одақ елдерінде заңсыз контентпен күресудің көшбасшысы деп айтуға толық негіз бар. Заң бойынша әлеуметтік желілер шағым түскен сәттен бастап 24 сағат ішінде жалған деп танылған контентті, жалған айыптаулар мен өшпенділікті қоздыратын ақпаратты өшіруге міндетті. Ал, Швеция мен Финляндияда медиасауаттылыққа үлкен мән береді. Аталған мемлекеттерде сыни тұрғыдан ойлау, үгіт-насихатты тану және фактілерді тексеру бастауыш сыныптардан бастап міндетті мектеп бағдарламасына енгізілген. Швецияда халықты манипуляцияларды анықтауға үйрететін Психологиялық қорғаныс агенттігі де жұмыс істейді.

■ ТҮЙІН СӨЗ

Цифрлық дәуірдегі жалған ақпаратпен күрес – тек мемлекеттің немесе жекелеген фактчекерлердің ғана міндеті емес, бұл – әрбір азаматтың жауапкершілігі. Технология дамыған сайын фейктердің де түрі өзгеріп, адам санасын манипуляциялау әдістері күрделеніп барады. Бүгінгі таңда медиасауаттылық – жай ғана қосымша дағды емес, виртуалды әлемде аман қалудың, қаржылық және психологиялық қауіпсіздікті сақтаудың басты құралы.

Әрбір «лайк», әрбір «репост» және тексерілмеген ақпаратты чаттарға жолдау – үлкен дүрбелеңнің кішкентай ұшқыны болуы мүмкін екенін түсінетін уақыт жетті. Біз ақпаратты тек тұтынушы емес, оны таратушы екенімізді де ұмытпауымыз қажет.

Ақпараттық гигиенаны өмірлік әдетке айналдыру, кез келген сенсациялық мәліметке күмәнмен қарап, оны ресми дереккөздермен салыстыру – санамызды уланудан қорғайтын жалғыз қалқан. Бұл зерттеуіміз көрсеткендей, фейкпен күрестің ең тиімді бағдарламасы – әркімнің өз ішіндегі сыни ойлау сүзгісі. Ақпарат тасқынында адаспай, шынайылық пен жалғандықты ажырата білу – тұрақты қоғам мен қауіпсіз болашақтың кепілі.

Жандар АСАН,
Қазақстан Республикасы
Президентінің жанындағы Орталық
коммуникациялар қызметінің
бас сарапшысы, саяси шолушы

ҚҰЛАҚТАНДЫРУ

«Qazaq» газетіне PR мақала, құттықтау, жарнама, естелік, көңіл айту, хабарландыру бергіңіз келсе, хабарласыңыз:
+7 (701) 505 48 48, +7 (777) 797 77 88

«QAZAQ» ГАЗЕТІ ҚАЙДА САТЫЛАДЫ ЖӘНЕ ТЕГІН ТАРАТЫЛАДЫ?

«Qazaq» газеті Алматыда:

- «Алматы-1», «Алматы-2» теміржол бекеттерінде;
- «Сайран» халықаралық автобекетінде;
- Алматы метрополитенінің «Жібек жолы», «Алмалы», «Абай», «Байқоңыр», «Әуезов атындағы драма театры», «Алатау», «Сайран», «Маскеу» бекеттерінде тегін таратылады.

«Qazaq» газеті Астана мен Алматыда:

- «Kok tengri», «Караван» дүңгіршектерінде сатылады.

ИНДЕКСІ – 64048

1913 QAZAQ

2011 ЖЫЛЫ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ ҚАЗАҚСТАН ЖУРНАЛИСТЕР АКАДЕМИЯСЫНЫҢ «АЛТЫН ЖҮЛДІЗ» СЫЙЛЫҒЫН АЛДЫ

• МЕНШІК ИЕСІ
«МИРАС ИНФО» ЖШС

• ҚҰРЛЫТАЙШЫ
МАХМУТ НӘЛІБАЕВ

• БАС ДИРЕКТОР
ҚАЛИ ҚАМБАРОВ

• БАС РЕДАКТОР
ЖАСҰЛАН СҰЛТАН

• БАЙЛАНЫС ДЕРЕКТЕМЕСІ
+7 (701) 505 48 48
+7 (777) 797 77 88

qazaq1913gazeti@gmail.com

• РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ, А25D6G7,
ДОСТЫҚ ДАҢҒЫЛЫ,
№128, «ТЕРЕҢҚҰР» ТК, 5-ҚАБАТ,
128-КЕҢСЕ

• АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ
НАҒЫТАЙ ӘБІТАЙҚЫЗЫ
КЕҢЕС ҰШЛАЕВ
ГУЛБАРШЫН СӨРСЕКЕЕВА
СӘБИТ БАЙЗАКОВ
САҒЫМБАЙ ҚОЗЫБАЕВ
СЕРІК ШАЙМАН
КӨБЕЙСІН АЛТЫНБЕКОВ

• КЕЗЕКШІ РЕДАКТОР
ҚЫЗЖІБЕК ӘБДІҒАНИҚЫЗЫ

• Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеліп, есепке қою туралы №17704-Г куәлігі 2019 жылдың 15 мамырында берілді (Алғашқы есепке қою №6897-Г куәлігі 2006 жылы 7 ақпанда алынды).

• Газет 1913-1918 жылдары Алаш арыстары Әліхан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлының ұйытқы болуымен жарық көрді, 2006 жылы Қоғабай Сәрсекеевтің бастамасымен №267 санынан қайта шықты.

• Мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасын білдірмейді, авторлардың мақалалары қысқартылып, редакцияланады.

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына/ тіліне жауап бермейді.

• Газет әр аптаның сәрсенбі күндері жарық көріп, Қазақстан Республикасының барлық аймақтарында жазылым арқылы және Алматыда «Сайран» автобекетінде, «Алматы-1», «Алматы-2» теміржол бекеттерінде, Алматы метрополитенінің 9 бекетінде тегін таратылады және «Караван», «Kok tengri» дүңгіршектерінде сатылады. Бағасы «Караван» дүңгіршектерінде 80 теңге.

• ГАЗЕТ
«АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ» АҚ
(Алматы қ., Мұқанов к-сі, 223«В»),
«ӨМІР-НҰР» ЖШС
(Талғар қ., Қонаев к-сі, 18)
БАСПАХАНАЛАРЫНДА БАСЫЛДЫ

• Тапсырыс №1600 /52
• Таралымы 10 000 ДАНА

А

жариялану ақысы төленген мақалалар.